

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 3 (95)

3 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholy – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor
Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary
Murzakhodzhaev Kuanysh Madievich

Scientific Editor
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary
Zikrabayeva Venera Serikovna

Редакциянын мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_5

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ
ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ***

Оразгүл Мұхатова^{1*}

¹Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*Автор корреспондент
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Түйіндеме. Мақалада Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы ағарту ісінің дамуы, яғни кеңестік білім беру тарихының тарихнамасы талданады. Қазақ Еліндегі кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуының зерттелу деңгейін анықтауда мәселені кешенді қарастыру мақсатында төңкеріске дейінгі зерделенуі қысқаша көрсетіледі. Тарихнама ғылымының салыстармалы-тарихи әдісін қолдану арқылы екі кезеңдегі білім беру тарихы бойынша зерттеулер талданады. Тарихнамалық деректердің мазмұны ашылып, фактілеріне баға беріледі. Зерттеулердің ерекшеліктері, қайталанбас тарихнамалық фактілері, кемшіліктері анықталады. Еңбектердің деректік базасына назар аударылып, авторлардың ғылыми айналымға түсірген тарихи деректері, солардың негізінде жасаған тұжырымдарына баға беріледі. Ресейлік зерттеушілердің еңбектері және олардың қарастырған мәселелері көрсетіледі. Ресейлік зерттеушілердің Орынбор өлкесіндегі білім беру ісінің қалыптасуы мен дамуына ерекше мән бергендері анықталады. Отандық және ресейлік тарихшылардың еңбектерін тарихнамалық тұрғыда талдау арқылы мәселенің зерттелмеген тұстарына назар аударылады.

Кілт сөздер: Қазақстан, білім беру, тарихнама, кезең, тарихнамалық дерек, тарихнамалық факті, талдау, мектеп жүйесі, жоғары білім, сырттай оқу.

МРНТИ 03.20.00

**ИСТОРИОГРАФИЯ ИСТОРИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ
В 1920-1930-Е ГОДЫ**

Мухатова Оразгуль^{1*}

¹Институт истории и этнологии им Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы

*Автор корреспондент
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Аннотация. В статье анализируется историография истории развития советского образования в Казахстане в 1920-1930 гг. При определении степени изученности проблемы исследований по формированию советской системы образования в Казахстане проделан обзор дореволюционным исследованием в целях комплексного исследования вопроса. Используя сравнительно-исторического метода историографии анализируются исследование по истории образования на двух периодах. Раскрывается содержание историографических источников и исторических данных и оцениваются их факты. Выявляются особенности исследования, уникальные историографические факты, недостатки. Обращается внимание на источниковую базу исследования, исторические источники, которые авторы вели в научный оборот, оцениваются сделанные на их основе выводы. Показываются труды российских исследователей и проблемы, которые они затрагивали. Определется факт о том, что российские исследователи обращали огромное внимание на формирование и развитие образования в Оренбургском крае. На основе историографического анализ трудов отечественных и российских историков обращается внимание на неизученные аспекты проблемы.

Ключевые слова: Казахстан, образование, историография, период, историографический источник, историографический факт, анализ, школьная система, высшее образование, заочное обучение.

HISTORIOGRAPHY OF THE HISTORY OF THE EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE 1920-1930S

Orazgul Mukhatova^{1*}

¹ Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology, Kazakhstan, Almaty

*Author Correspondent

E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Abstract. The article analyzes the historiography of the history of the development of Soviet education in Kazakhstan in 1920-1930s. When determining the degree of study of the problem of research on the formation of the Soviet education system in Kazakhstan, an overview of pre-revolutionary research was carried out in order to comprehensively study the issue. Using the comparative historical method of historiography, a study on the history of education for two periods is analyzed. The content of historiographic sources and historical data is revealed and their facts are evaluated. The features of the study, unique historiographic facts, and shortcomings are revealed. Attention is drawn to the source base of the study, the historical sources that the authors brought into scientific circulation, and the conclusions drawn on their basis are assessed. The works of Russian researchers and the problems they touched upon are shown. The fact is determined that Russian researchers paid great attention to the formation and development of education in the Orenburg region. Based on the historiographic analysis of the works of Russian and Russian historians, attention is drawn to the unexplored aspects of the problem.

Key words: Kazakhstan, education, historiography, period, historiographic source, historiographic fact, analysis, school system, higher education, distance learning.

Кіріспе. Тарихи таным өзінің дамуының әрбір жаңа сатысында әлеуметтік қызмет атқарады әрі сол әлеуметтік функциялардың әртүрлі дәуірлерде жүзеге асырылуын анықтайды. Зерттеудің осы аспекті тарих ғылымы мен қазіргі кезеңнің өзара қарым-қатынастарын қарастыра отырып, тарихнама тарихи танымның әлеуметтілігінің аса маңызды дерегін зерттейді, тарихи танымның тарихшының әлеуметтік позициясына тәуелділігінің қорытындысын шығарады. Теориялық-методологиялық принциптерді зерттеу әрбір тарихи ой-тұжырымның бағыттарына тән. Бұл үшін бір жағынан тарих ғылымы және екінші жағынан философия, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, теориялық жаратылыстану ғылымдары арасындағы байланыстарды ашу қажеттілігі туындайды. Алайда теориялық-методологиялық принциптерді зерттеу тарихшылардың белгілі бір мектептерінің жалпы теориялық пікірлерін жинақтап талдаумен шектелмеуі тиіс. Ол тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық ережелері мен тәжірибесін қолдануды талдауы қажет. Тарихи еңбектердің деректанулық базасын, деректерді пайдаланудың сипатын, зерттеудің нақты әдістерін талдау да ғылым дамуы үшін маңызды. Осы орайда қазақ даласындағы білім беру ісі тарихының тарихнамасын, зерттеулердің проблемасын, оның дамуы мен кеңеюін, тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық ережелері мен тәжірибесін қолдануды сараптау, тарихи еңбектердің деректанулық базасын, деректерді пайдаланудың сипатын, зерттеудің нақты әдістерін талдау өзекті болып саналады. Сонымен қатар тарихнамалық зерттеу өткен кезеңдердегі білім беру саласындағы үрдістерді талдау арқылы заманауи көкейкесті мәселелерді белгілеп, оларды жаңа тарихи таным мен көзқарастар негізінде ғылым таразысынан өткізуге, тың еңбектер дайындауда жинақталған тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің тарихнамасын талдауда бірқатар тарихнамалық деректер, соның ішінде А. Алекторовтың (Алекторов, 1900) А.В. Васильевтің (Васильев, 1896), К. Белавиннің (Белавин, 1903), Б. Малдыбаевтың (Малдыбаев, 1926), А.Ж. Сейітовтің (Сейтов), Т. Тәжібаевтың (Тәжібаев, 1961), С. Мусиннің (Мусин, 1960), И.Б. Мадиннің (Мадин, 1958), Ә. Сембаевтың (Сембаев, 1967), Р.Б. Сүлейменовтің (Сүлейменов, 1987) және т.б. монографиялар, ғылыми мақалалар, мерзімді және мерзімді емес басылымдар оның деректік базасын құрады.

Мәселені кешенді зерделеу үшін тарихнама ғылымының тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалары қолданылды. Жалпы методологиялық қағидалар және кешенді, әмбебап зерттеу бағыттары тарихнамалық деректер мен фактілерді объективті түрде талдап, терең зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Зерттеуде арнайы тарихнамалық әдістер талдау, нақты және логикалық талдау, жүйелеу, ретроспективті, салыстырмалы-тарихи кеңінен пайдаланылды. Жалпы методологиялық принциптер мен әдістер ретінде өзге де ғылыми-зерттеу бағыттары, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі арнайы тарихнаманың теориялық-методологиялық негіздері қолданылады. Зерттеу тарихнама ғылымдарының заңдылықтарына сүйенді, өйткені олар тарихнамалық деректер мен фактілерді талдап, баға беруге мүмкіндік тудырады.

Талдау. Қазақстандағы 1920-жылдардағы оқу-ағарту тарихы - отандық тарих ғылымында арнайы зерттеу нысанына айналмаған тақырыптардың бірі, өйткені мәселе бойынша іргелі зерттеулер орын алмаған. Мәселені тарихнамалық тұрғыда зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Тек жекелеген кандидаттық диссертациялардың кіріспе бөлімдерінде кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуының зерттелуіне

шолу жасалған. Тақырып бірлі-жарым ғылыми еңбектерде мәселе үстірт қарастырылған. Мұның өзі 1920-1930-жылдардағы өлкедегі білім беру мен ағарту жүйесі тарихы кешенді зерттеу нысаны ретінде зерделенбегендігінен хабар береді. Дегенмен XIX ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі уақыттарда және кеңестік, посткеңестік кезеңдерде Ресей Федерациясында, Қазақстанда бірқатар еңбектер жарияланды. Осыған орай мәселенің тарихнамасын шартты түрде үш кезеңге және отандық, шетелдік деп екі топқа бөліп талдауға болады. Тарихнамалық деректерді монографиялар, ғылыми мақалалар, кандидаттық диссертациялар, мерзімді басылымдар деген түрлерге бөлу арқылы талдау еңбек авторларының өзіндік ұстанымдарын және ғылым дамуына қосқан үлестерін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелері. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ халқы арасында білім беру ісі XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген А. Алекторовтың (Алекторов, 1900) еңбектерінен көрініс тапты (Алекторов, 1900:83).

А.В. Васильевтің «Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние» (Васильев, 1896) еңбегінде Торғай облысындағы 1824 жылдан 1895 жылдың аралығындағы орыс білім беру ісінің тарихы үш кезеңге бөлініп баяндалады. А.В. Васильевтің «Оренбургский Неплюевский кадетский корпус как первое учебное заведение в истории русского образования киргизов» (Васильев, 1896) деген еңбегінде Неплюев әскери училищесінің ашылуы және мамандардың даярлануы, оқушыларының құрамы, оқытылған пәндер біршама кеңітіле баяндалған. Еңбектің мазмұны автордың бірінші еңбегімен үндес. А.В. Васильевтің Орынбор фелдъшерлік мектебі туралы баянында оқу орнының қызметі сипатталады. Императорлық орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің хабаршысының беттерінде де XIX ғасырдың соңындағы өлкедегі білім беру жағдайы көрініс тауып тұрды. Хабаршының 1894 жылғы үшінші шығарылымында А. Алекторовтың «Очерки Внутренней киргизской орды» (Алекторов, 1894) еңбегінің жалғасы жарияланды. Еңбегінің «Распространение в орда просвещения» деген бөлімінде Жәңгір ханның өзінің шенеуніктері болғандығын қалағаны жайлы ой айта келе 1841 жылы 6 желтоқсанда ордада училище ашқандығын баяндаған.

XIX ғасырдың екінші жартысында шығып тұрған Халық ағарту министрлігі журналдарында білім беру, оқу орындары, қазақ халқының арасындағы ағарту ісі туралы мақалалар жарияланып тұрды. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде «Доклады Оренбургской губернской земской управы 4-ой очередной сессии Оренбургскому губернскому земскому собранию (Подотдел образования инородцев. Отдел народного образования)» атты мерзімді басылым шығып тұрған. Орынбор губерниялық земстволық басқармасы баяндамалардың алғашқысы 1915 жылы жарияланған (Доклады, 1915). Баяндамада земстволық басқарманың бұратаналарды назарларынан тыс қалдырмайтындығын қадап айтқан, себебі олар губерния тұрғындарының жартысын құраған. Земство өзінің бұратаналарға білім берудегі шаралары мен іске асырылуға тиіс істерін тізбектеп көрсете келе бастауыш және екісыныптық мектептерге арналған бағдарламаларды құрастыру, қажетті оқу құралдарын шығаруға қаржы қарастыру, мұғалімдерді қайта даярлықтан өткізу, кітапханаларды ана тіліндегі кітаптармен толықтыруды ұсыну мәселелері бойынша қаулы қабылдаған. Земство мектептен тыс білім беру бұратаналардың жергілікті зәруліктеріне сәйкес қойылуы тиіс екендігіне назар аударған. Бұратаналарға білім беру бөлімі жұмысын 1915 жылдан бастаған.

Өлкеде білім беру саласы бойынша «Вестник Оренбургского учебного корпуса», Учительский вестник» мерзімді басылымы шығып тұрды. Мұғалімдер хабаршысының 1915 жылғы 7-8 сандарында Орынбор мұғалімдер институтының ашылғандығы хабарланған. Хабарламада «1915 жылы 14 қыркүйекте «қарапайым, бірақ өлке үшін аса маңызды мұғалімдер институты салтанатты түрде ашылды» (Вестник Оренбургского учебного корпуса. 1915:474) деген институт жетекшісі Н.И. Тихомировтың сөйлеген сөзінен үзінді берілген. Сонымен қатар ағарту шаралары «Вестник Европы», «Тургайская газета», «Оренбургский листок», «Труды Оренбургской Ученой архивной комиссии» беттерінен де көрініс тапқан. Мәселен, алғашқы басылымда қазақ гимназиясы Торғай газетінде Ор қазақ мұғалімдер мектебі (Тургайская газета, 1896), соңғысында Бөкей ордасындағы мектеп ісінің даму тарихы (Оренбургский листок, 1890) басылған. Айта кетерлік жайт «Оренбургский листок» газетінің беттерінде ағарту мәселелері жиі басылды. 1889 жылғы сандарында оқу орындары, олардың мерейтойлары, негізін қалаушылар және т.б. көрініс тапты..

1903 жылы К. Белавиннің «К истории просвещения в Оренбургском крае» (Белавин, 1903) атты еңбегі жарияланды. Зерттеу түріндегі еңбекте Орынбор өлкесіндегі қыздар гимназиялары мен прогимназияларының тарихы баяндалады. Олардың ашылуы, үкімет тарапынан қаржыландырылуы, ғимараттары, оқу ақысы, оқушыларының жас мөлшері, пансиондар, құрамы егжей-тегжейлі сипатталады. Автордың жазуынша, 1891 жылы Қостанайда Александрьевский орыс-қазақ гимназиясының бірінші, 1892 жылы екінші, 1893 жылы үшінші, 1898 жылы төртінші сыныбы ашылды (Белавин, 1903:49).

Осылайша XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың бас кезінде жарияланған еңбектер мен мерзімді басылым материалдарының қазақ халқының ағарту ісі тарихын зерделеуде бір жағынан тарихи деректер болып саналатындығы, екінші жағынан мардымсыз болса да тақырыпты зерттеуге септесетіндігі анықталды.

XX ғасырдың 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім беру мен ағарту жүйесі тарихы тарихнамасының екінші кезеңі кеңес өкіметінің билік құрған кезіне сәйкес келеді. Осы кезеңде бірқатар зерттеулер, оқу құралдары, мақалалар жарық көріп, диссертациялар қорғалды. Тақырыпқа қатысты ең алғашқы зерттеулер 1920-жылдары жарық көрді. Солардың бірі

Б. Малдыбаевтың «Қазақстандағы жоғары, орта дәрежелі мектептер» (Малдыбаев, 1926) деген шағын еңбегі Еңбекте өлкедегі барлық жоғары, орта дәрежелі мектептерге сипаттама берілген. Солардың ішінде Қазақ халық ағарту институты да аталады.

Тарихтан белгілі кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде «қараңғы, артта қалған, жабайы халықты» социалистік құрылысқа тарту үшін үгіт-насихат жұмыстарын күшейтіп, сауатсыздыққа қарсы майдан ашты. Мұндай жұмыс ондаған жылдар бойы жүргізілді. Дегенмен кеңес өкіметі сауатсыздықпен күресеті өзі қиындатып жіберді. Қазақ халқының жазу-сызуын екі рет өзгертіп, сауаттыларды емес, сауатсыздарды көбейтіп отырды. Оның үстіне сауат ашуды жүргізетін мамандар, мұғалімдер жетіспеді. Аз уақыттың ішінде мұғалімдер, тәрбиешілерді даярлау міндеті туындады. Сол кезде 2-3 немесе 6 айлық курстар деген ұйымдастырылды. Асылбек Жұманұлы Сейітов осы кезде осындай күрмеуі қиын күрделі мәселені көтеріп, «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек (Жазды күнгі оқытушылар курсы ашылар алдында) атты мақаласын жариялады (Сейітов, жеке архив). Мақаласында тақырыбының өзектілігін автор былайша көрсетті: «Кеңестер өкіметі алдында ұлы қиын мәселенің бірі - елдің нағандығын, қараңғылығын жою, сауатсыздықпен күресу, жеткіншек жастарды тәрбиелеп, жол үйретіп, ең пайдалы өнер техникамен таныстырып, ел шаруасын, тұрмысын жөнге саларлық білім тәжірибемен таныстыру. Осы жолмен елге үлгі берерлік білімді шаруақор азаматтар тәрбиелеп жетіктіру». А. Сейітов мақаласын бірнеше мәселелерге бөліп қойған. Алдыңғысы кіріспе ретінде жазылған. Алғашқы, яғни Асылбекше екіншісі, «II - жаңа праграмның түбірі – асылы» деп аталады. Автор кеңес өкіметінің білім берудегі тың бастамасы мен бағдарламасының мақсатын көрсеткен. Ол Асылбектің сөздерімен айтқанды мынадай: «Жаңа праграм ескі жоба ескі жоспарға көңілін бекіткен, машықтанған оқытушыларға аса ауыр. Терең ұлы мағына беріп, қолдан келмейтін іс деген бір қарасында туды. Мұның көп себебі бұрынғы тәртіптің, бұрынғы оқудың бос білім, тұрмысқа үйлеспеген кең дерексіз білім екендіктен туып отыр. Бұрынғы оқығандар өз елінің төнеректік тұрмыс шаруасына, маңайдағы, аймағындағы жаратылыстың шаруаға, тұрмысқа келетін пайдасынан тысқары болған білімге ие болып шығушы еді. Еңбекші табын жаңа өкімет, жаңа тәртіб орнатумен бірінші қатарға қойған мәселе жас буынды тұрмысқа әзірлеу деп қарау». Бұдан әрі Асылбек қабылданған бағдарламаларын әрқайсысына тоқталып, олардың білім алудағы ұтымды түстарын ашқан. Оқытылатын пәндердің тәжірибелік жақтарына назар аудара отырып, баланың белгілі бір кәсіп иесі болып шығуына ықпалын, білім алушының бойында қазіргі тілмен айтқанда, құзыреттіліктерді, яғни дағды-машықты қалыптастырудың қажеттілігін түсіндірген. Асылбек Жұманұлы мектепте жаратылыстану пәндерін оқытудың маңызына ерекше мән берген. Табиғатты, қоршаған ортаны тану, зерделеу оның апаттарынан қорғанудың, алдын-алуды қамтамасыз етудің ұтымдылығына назар аударған. Мақаласының келесі бөліміне «III – мұғалімдердің міндеті» айдар тағып, жаңа қоғамға лайық мұғалімнің білімі туралы сөз қозғаған. Баланы оқулықпен шектелмей, терең әрі жан-жақты білім беру мұғалімнің тікелей міндеті санаған Асылбек Жұманұлы оқытушының көп білуі керектігін ашып жазған. А. Сейітов мақаласының төртінші бөлімі «IV – Мұғалімдердің білімін, санасын кеңейту жұмысы» деп аталады. Бұл бөлімде автор жаңа бағдарламаның мазмұнына баға берген. Мақалада А. Сейітов білім беруде заманауи тілмен айтқанда, пәнаралық байланыстарды да көтерген. Аймақтануды жаратылыстану пәндерімен, соның ішінде географиямен ұштастыра отырып оқытудың ұтымдылығын көлденең тартқан. Сонымен қатар мұғалімнің міндетті түрде көшпелі мал шаруашылығының өткенін, негіздерін, ерекшеліктерін білуі керектігі туралы қадап айтқан. «Ең көп уақыт белгіленіп отырған сабақ аймақтық тану сабақтары. Аймақты тану не даражада керектігін бастап айтып өттік. Қазақ елінің шаруасы мал асырау, егін салудан құралады. Жерінің жағрапиясы жаратылыс әуесі аймақтың шаруасымен байланып оқылмақ. Мұғалімдер қазақ жұртының мал асырау шаруасын әбден бекіп білуі керек» (Сейітов, жеке архив). 1920-жылдары білім беру саласында мұғалімдер жетіспеген уақыттарда оларды даярлайтын курстар ашылды. Кеңес өкіметі тек мұғалімдерді ғана емес өзге маман иелерін 1, 3, 6 айлық курстар арқылы дайындап шығарды. Алайда мұндай курстарда толыққанды мамандардың дайындалуы мүмкін емес еді. Осыны Асылбек те көре білген. Сондықтан да «... Мұнан былай мұғалім өз жолына бекілген қызмет болып дұрыс жеміс берердей оқыту үшін білімін толықтыруды өзінің міндеті көруі керек. Хат таныту, төрт амалды білгізу үшін 4-5 жыл сабақ оқытылатын мектеп ашылмайды. Бұл даражада білім беретін ликпункттар 3-4 айлық, 3-4 жыл баланы тәрбиялап оқытуға жетерлік білімді мұғалім өзбетімен ізденіп тұруы керек» (Сейітов, жеке архив), - деп жазды.

1957 жылы Е. Ривлин мен У. Туралиевтің «Народное образование в Кызыл-Ординской области за годы советской власти» (Ривлин, Туралиев, 1957) еңбегі жарияланды. Зерттеулерін кеңес өкіметінің халыққа білім берудегі жетістіктерін және маңызын бағалауда өткенге көз жүгіртіп, патшалық Ресейден қалған мұраны еске алудан бастаған авторлар қазан революциясына дейінгі кезеңдегі Қызылорда облысындағы білім беру ошақтарына тоқталды. Оқу орындарында шенеуніктер мен ауқатты тұрғындардың балаларының оқығандығы (Ривлин, Туралиев, 1957:4) туралы тұжырым жасады. Қызылорда облысының аумағында бірде-бір орта оқу орны болмағандығын еске салды. «Қазақ балалары ата-аналарының қаржысына өмір сүрген діни және бастауыш орыс-бұратана мектептерде оқыды» (Ривлин, Туралиев, 1957:4-5) деп жазды. Авторлардың дәйегінше, олардағы оқушылар саны 400 (Ривлин, Туралиев, 1957:5). Бұдан кейін зерттеушілер кеңестік кезеңдегі білім беру тарихын баяндады. 1924 жылға дейін Түркістан кеңестік республикасының құрамында болған Қызылорда өңіріндегі ағарту жағдайына, 1918 жылы Халық комиссарлары кеңесі қабылданған декретке тоқталды. 1918 жылдан

балаларды мектепке жазу үшін санақтың жүргізілгендігін, орыс, қазақ мектептерінің ашылғандығын, санының артуын, оқушылар санының көбеюін, сауатсыздықпен күрестің жүргізілгендігін тарихи деректерге сүйене отырып көрсетті. Алғашқы бесжылдықтар кезінде білім беруде, әсіресе орта білім берудегі көрсеткіштерді атап өтті.

1961 жылы жарияланған Т. Тәжібаевтың «Казахская школа при Оренбургской пограничной комиссии (1850-1869 гг.)» (Тажигаев, 1961) деп аталатын шағын зерттеуі қазақ даласындағы екінші болып ашылған оқу орнының тарихын қысқаша сипаттауға арналған. Зерттеуші Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ мектебінің ашылуын, оқу ережесін, мектепке қабылдау тәртібін, мұғалімдерге қойылған талаптарды, мектеп жарғысын, оқытылған пәндерді, оқу бағдарламаларын, оқушылардың санын, құрамын, оқу үлгерімін баяндап, мектептің жабылу себептерін анықтаған. Мектептің білім берудегі маңызын көрсетуде тұжырымдар жасаған. Алайда олар кеңестік кезеңдегі идеология шеңберінен аса алмаған.

1960 жылдары Қазақстандағы орта және жоғары білім мәселелерін арнайы зерттеліп, бірқатар кандидаттық диссертациялар қорғалды. Солардың алғашқысы - С. Мусиннің «Из истории учебно-воспитательной работы казахской советской школы Казахской АССР (1920-1936 гг.)» тақырыбындағы зерттеуі (Мусин, 1960). С. Мусин диссертациясының алғашқы тарауында қазақ кеңес мектебінің Қазақ ССР-і құрылғанға дейінгі (1917-1920 ж.) жұмысы қарастырылады. Екінші тарауында қазақ мектептерінің 1920-1930-жылдардағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы айтылады. 1927-1928 оқу жылында Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталық қазақ мектептерінің I-IV жылдығына арнап кешенді бағдарламаларды жариялады. РСФСР Мемлекеттік ғылыми кеңесі бағдарламаларынан өзгешелігі оларға ауылдың шаруашылығы мен тұрмысын көрсететін өлкетанулық материалдар енгізілді. Бағдарламаларда орыс тілін, СССР географиясы пәндерін оқытудың талаптары белгіленді. Диссертацияның үшінші тарауында жалпыға міндетті оқу енгізілген кездегі (1931-1937 жж.) қазақ мектептерінің оқу-тәрбие жұмысы баяндалды. Зерттеушінің тұжырымынша, большевиктік партияның тарихи шешімдерінің негізінде Қазақ өлкелік партия комитеті толыққанды бастауыш, жетіжылдық және интернаттары бар қазақ орта мектептерін құру және мұғалім кадрларды дайындауды күшейту туралы маңызды шешімдер қабылдады. Республиканың халыққа білім беру органдары күшейтілді. Өлкелік партия комитеті мұндай органдарға Т. Жүргеновті (Халық ағарту комиссары), Ф.Т. Оликовты (ағарту комиссары орынбасары), К. Жұбановты (Қазақ халық ағарту комиссариаты оқу-әдістемелік кеңесі төрағасы) тағайындады. Қазақ АССР үкіметі және өлкелік партия комитеті бар күшін ағарту саласындағы маңызды міндеттерге жұмылдырып, ерекше назарды көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға аударды (Мусин, 1960:14). Басқа зерттеушілермен салыстырғанда С. Мусин қыз балалардың білім алу түйткілдерін көтерді.

И.Б. Мадиннің шағын еңбегінде (Мадин, 1958) Қазақстандағы сырттай педагогикалық білім берудің тарихын зерделеді. Республикадағы педагогикалық институттардың мамандар даярлаудағы әлеуетін көрсетті. 1920-жылдары ашылған екі жоғары педагогикалық оқу орнында 2398, соның ішінде 1546 қазақ жастары оқыды (Мадин, 1958:8). 1932 жылы Орал пединституты құрылды. 1934 жылы қыркүйекте Петропавл және Оралда, 1935 жылы қаңтарда Ақтөбеде, сол жылы Семейде, 1937 жылы Алматы мен Қарағандыда мұғалімдер институттары ашылды (Мадин, 1958:11). Ең алғашқы сырттай оқу бөлімі 1932 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтында ашылса, екінші сырттай бөлім сол жылы Орал пединституты жанынан құрылды. Екеуі де Қазақ АССР Халық комиссариаты қарамағына беріліп, республикалық маңызға ие болды. Бірте-бірте сырттай бөлімдер көбее түсті. 1936 жылы Қазақ мемлекеттік университеті, ал 1937 жылы Қызылорда педагогикалық институты жанынан ашылды (Мадин, 1958:11). 1937 жылдың 1 қыркүйегінде республиканың педагогикалық институттар мен мұғалімдер институттарының сырттай бөлімдерінде 2478 адам оқыды. Көрсетілген жылы оларды 30 мұғалім бітіріп шықты. Жыл өткен сайын бітірушілер қатары көбейді. Мәселен, 1938 жылы 58, 1939 жылы 65 адам оқуларын аяқтап, мұғалім біліктілігін алды (Мадин, 1958:13).

И.Б. Мадин алғашқы еңбегін кеңейтіп, оны диссертациялық зерттеуге айналдырды. Диссертациясында Қазақстандағы жоғары сырттай педагогикалық білім беруді зерделеуде 1920-жылдардағы оқу-ағарту ісіне шолу жасады (Мадин, 1961). Мектеп ісінің дамуы педагогикалық мамандардың тапшылығы, әсіресе қазақ мектептеріне байырғы тұрғындардан мұғалімдердің жетіспеушілігі кедергі келтірді. Қысқа уақыттың ішінде мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау жүйесі кеңес мектебінің талаптарына жауап бере алмады. Сондықтан да ВКП(б) Орталық Комитетінің 1930 жылы 25 шілдедегі «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру туралы» қаулысына және жоғары типтегі мектептер желісін көбейтуге байланысты мұғалімдердің орасан зор қатарын арттыруды талап етті. Мұның өзі педагогикалық жоғары оқу орындарының жанынан сырттай бөлімдері ашудың қажеттілігі және соларда оқытқындардың санын көбейтуге әкелді. Осы уақытта ерекше назар педагогикалық оқу орындарын жергіліктіктердіруге және оларда оқытуды ана тілінде жүргізуге аударылды. 1930-1934 жылдары Қазақстанда ана тіліндегі бастауыш және жетіжылдық мектептер құрылды, оқу, тәрбие жұмыстарының сапасы жақсарды, сауатсыздыққа күрес күшейтілді, мұғалім мамандардың тапшылығы мәселесі шешіле бастады. Автордың пікірінше бір ғана 1930-1931 оқу жылында республикада 2133 жаңа бастауыш және жоғары типтегі мектептер ашылды, ал олардағы оқушылардың саны 362 400-ден 560 196 адамға көбейді (Мадин, 1961:4). Алайда орталау және орта мектептерде жұмыс жасайтын 12892 мұғалімнің тек 1248-інің ғана жоғары білімі болды. Сондықтан да Халық ағарту комиссариаты және оның жергілікті органдары мұғалімдерді

сырттай жоғары білім алуға тарту жұмыстарымен айналысты. 1937-1938 оқу жылында 7 жаңа сыртқы бөлімдер Алматы, Орал, Семей, Ақтөбе, Шымкент, Қарағанды; Петропавл, 1939 жылы Қостанай мұғалімдер институтының жанынан ашылды. 1938-1940 жылдар аралығында 318 мұғалім сыртқы бөлімдерде даярланып шықты. 1939 жылы профессор-оқытушылар құрамы 512 адамға (соның ішінде 119 қазақ) жетті (Мадин, 1961:6). Солардың 3-еуі ғылым докторлары, 25-і ғылым кандидаттары, 17-сі профессорлар, 18-і доценттер, қалғандары аға оқытушылар мен ассистенттер болды.

Тарихнамада орын алған ғылыми әдебиеттердің арасында Ә.І. Сембаевтың зерттеулері ерекшеленеді. Ә. Сембаева алдымен «Казахская советская школа от Великого Октября до начального всеобщего (1917-1930 г.г.) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Содан кейін сол диссертациясының ауқымын кеңейтіп оқу құралы түріндегі іргелі еңбегін жариялады (Сембаев, 1967). Еңбекте қазіргі тілмен айтқанда орта білім берудің өткені, яғни қазақ совет мектебінің тарихы кешенді түрде баяндалады. Қазақстандағы мектеп тарихы кеңес өкіметі орнатылғаннан кезден 1950-жылдардың ортасына дейін хронологиялық ретте қарастырылады. Сол себепті қарастырған мәселелері бірінші және екінші тарауларынан басқасы қайталанып отырады. Мәселен, мектеп жүйесі және оқу жұмысын ұйымдастыру, оқу жоспары, бағдарламалары, орыс тілін оқыту, оқулықтар, оқу-тәрбие жұмысы, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, педагог мамандарды даярлау, мектептердің материалдық базасы, саны, көбеюі, оқушылар құрамы тәрізді мәселелер автор анықтаған тарихи сатыда әр қырынан көрсетіліп, зерттеледі. Алайда бұл үдеріс оқу құралының бірінші және екінші тарауларына тән емес. Еңбектің бірінші тарауы Ресейдегі революциядан бұрынғы қазақ мектебінің тарихына арналса, екінші тарауы «Ұлы Октябрь социалистік революциясы және алғашқы совет мектептері (1917-1920 жж)» деп аталады. Лениндік декреттер және Қазақстандағы алғашқы совет мектептері, оларды құру ісіне жұртшылықтың ынтасы, мектептер мен оқушылардың көбеюі кеңестік ғылым талаптары аясында зерттелген. Ә.І. Сембаев бастауыш, орта білім беретін мектептердің түрлерін: I және II басқыш, I басқыш үлгілі-тәжірибелі, жеті жылдық мектептер, мектеп-коммуналар, жоғары типтегі 7 және 9 жылдық, интернаты бар ересек балаларға арналған мектептерді көрсетіп, әрқайсысының ерекшеліктерін айқындады. «Мектеп-коммуналарға көбінесе кедей, жалшы, батырақ, қызыл әскер балалары және жетімдер алынды. Бұл оқушылардың бәрі мемлекет есебінен тегін оқытылды, тегін жатақханамен, тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Ата-аналары тамақтың, киімнің ақысын және басқа шаруашылық шығындарын төлейтін болса, бұл мектеп-коммуналарға орташалардың балалары да қабылданды» (Сембаев, 1967:179), - деген сипаттамасынан кеңестік ғылымдағы таптық бағыт пен идеологияны анық көруге болады. Автор республикадағы қазақ мектептеріне арнайы тоқталды. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқудың енгізілуі мен оның жүзеге асырылуын архив құжаттары негізінде зерттеді. Жалпыға бірдей жеті жылдық оқудың ірі кемшілігі ретінде мектептердің жоғары бөлімдерінде қазақ жастарының үлес салмағының аздығын атады. «1932 жылы мектеп бітірген 10 мың оқушы қатарында қазақ жастары не бәрі 800 болды» (Сембаев, 1967:248), - деген мәліметі осының дәлелі. Білім беруді Кеңес Одағындағы мәдени революция аясында зерделеді. Ағарту саласындағы жетістіктерді большевиктік партия мен республика үкіметінің айрықша көңіл бөлу арқасымен байланыстырды. Сол себепті де ұлттық мүддені мүлде ескермеді. Есесіне ел, ұрпақ болашағын ойлаған Алаш зиялыларының қызметін жоққа шығарып, кеңестік билікке қарсы әрекеттер түрінде көрсетті. Білім беру деңгейіне кері әсерін тигізген жазудың өзгерулеріне «Ахмет Байтұрсынов бастаған байшыл-ұлтшылдар 1922 жылдан 1928 жылға дейін қазақ әліппесін негізінен өзгертуге (реформа жасауға) қарсы қатты күрес жүргізіп келді. Олар әліппені өзгерту туралы ұсыныстардың қандайына болса да барып тұрған дұшпандықпен қарсы тұрып, оны қазақ тілі мен жазуын орыстандыру әдісі деп атады» деген баға берді. Алаш қайраткерлерінің ұлттық мүддедегі бастамалары мен қызметінің қатаң сынға ұшырағанын, оларға қарсы большевиктік партия мен кеңес органдарының әрекеттерін «Компартия байшыл-ұлтшылдардың қазақ жазуы, терминология, жаңа оқулықтар жазу, көркем әдебиет, балалар әдебиетін шығару туралы және басқа мәселелердегі идеологиялық бұрмалауларына қарсы мейлінше қатты күрес жүргізді. Мысалы, ВКП(б) ОК-нің 1929 жылы 5 августағы «Халық ағарту ісінің басшы кадрлары туралы» қаулысында «совет аппаратын тазартқанда, халық ағарту органдарын пролетарлық тап жолын бұрмалайтын жат идеологиядағы адамдардан тазартуға ерекше көңіл бөлу» ұсынылды» (Сембаев, 1967:211), - көрсетті. Ғасырлар бойы ғылым-білімі, мәдениеті, жазба рухани мұрасы араб әріптерімен өрнектелген төте жазудан латын графикасына өтуді біржакты дәріптеген ғалым «Қазақ жазуына реформа жасау - қазақ жастарының Шығыстың түрікшілдік және исламшылдық бағыттағы әдеби деректерін пайдаланудан аулақтатып, бұл тұрғыдан қарағанда ілгері басқан қадам болды», (Сембаев, 1967:210) - деп түйіндеді. Зерттеуші республикадағы ағарту ісінің жағымды жақтарына басымдылық таныта отырып, кеңестік білім жүйесінің қалыптасып, игі нәтижелерге жеткендігін алдыға тартты. «Республиканың мектептеріндегі идеалық-тәрбие барған сайын терендей түсті. Жаңа совет адамын тәрбиелеп өсіру жұмысын белгілі бір дәрежеде жүргізбеген бірде-бір мектеп болмады. Мектеп бұл жұмысты оқытудың барысында, сондай-ақ кластан мектептен тысқары жұмысты кең өрістетуге, оқушыларды еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатыстыру жолымен жүргізді. Архив құжаттарына негізделіп дайындалған Ә.І. Сембаев оқу құралының деректік жағынан маңызы болғанымен тарихты шынайы түрде зерделеуде сын көзбен қарауды талап етеді. Себебі «мектептің білім беру ісінде бірқатар ірі кемшіліктер де орын алды. Тоталитарлық режим мектептерді тіл алғыш және идеологияландырылған ұрпақ тәрбиелеудің құралына айналдырды. Оқулықтардың мазмұны, пионер

және комсомол ұйымдарының қызметі оқушылардың санасы мен мінез-құлқына сталинизмді, кеңеске жат нәрсенің бәрін жек көруді, партияның саясаты мен идеологиясына соқыр сеніммен берілуді сіңіруге бағытталды. 30-жылдардағы оқу жоспарларынан алашордалықтар мен «халық жауларының» (А. Байтұрсынов, С. Асфендияров, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов және т.б.) кітаптары алынды.

Көрсетілген кезеңдегі білім берудің кейбір мәселелері Қазақстанның мәдени дамуы ауқымында Р.Б. Сүлейменовтің зерттеуінде (Сүлейменов, 1987) айтылды. Автор мәдени революцияның аясында орта және жоғары білім беру орындарына, мамандар даярлауға, жоғары оқу орындарын ұйымдастыруға ат салысқан тұлғаларға, сауатсыздықты жоюға, ғылыми мекемелердің қызметіне қысқаша тоқталып кеткен. А.Ш. Ахметованың монографиясында (Ахметова, 1982) 1920-жылдары жұмыс жасаған Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі, бағыты, секциялары, қызметкерлерінің құрамы, төрағасы А.П. Чулошниковтың, белсенді еңбек еткен С. Асфендияровтың, А.Ю. Якубовскийдің, У.К. Жандосовтың, М.Д. Жолдыбаевтың, Т. Шонановтың және т.б. қосқан үлестері баяндалады.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алып, тарих қайта зерделене бастаған тұста 1920-1930-жылдардағы білім берудің өткені жаңа қырынан зерттеу қолға алынды. Ғылыми еңбектер аталған кезеңге де, төңкеріске дейінгі уақыттағы білім беру тарихына арналды. Қазақстандық және ресейлік зерттеушілер бірқатар диссертациялар қорғады, монографиялар мен ғылыми мақалалар жариялады, конференцияларда баяндамалар жасады. Мәселен, В.С. Болодуриннің монографиясында (Болодурин, 2001) Орынбор губерниясындағы тұңғыш білім беру мекемелері, XIX ғасырдағы білім беру мекемелері жүйесінің дамуы, алғашқы орта оқу орындары, өлкедегі кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарындағы білім беру жүйесі, 1918-1922 жылдардағы мектептер, 1923-1929 жылдардағы бастауыш білім беру жүйесінің қалпына келтірілуі, орта арнайы және жоғары білім беру, сауатсыздықты жою, жас педагогтерді дайындау тарихы архив құжаттарының, мерзімді басылым материалдары, талданды. 1918-1922 жылдардағы Орынбор мектептеріне арнайы тоқталған автор «Кеңес өкіметі толық орнағаннан кейін 1919 жылдың екінші жартысында білім беруді басқарудың жүйесі түбегейлі өзгерді. Жаңа губерниялық, уездік, болыстық халыққа білім беру бөлімдері құрылды» (Болодурин, 2001:100), – деп жазды. Дегенмен осы кезде губерния жағдайының тым ауыр және оқу орындарының материалдық жағдайы азамат соғысынан кейін апатты болды. Бірқатар оқу орындары: Орынбор кадет корпусы, рухани семинария, қыздар институты мен қыздар епархиалды училищесі жабылып қалды. Олардың және басқа да оқу орындарының ғимараттары әскери бөлімдерге, госпитальдарға, босқындарға берілді, мүліктері талан-таражға түсті. Неплюев кадет корпусы 1918 жылдың қаңтарында өртеніп, кітапханасы, физика кабинеті, зертханасы жанып кетті. 1919 жылы бұрынғы бастауыш мектептердің, жоғары бастауыш училищелердің, ерлер және қыздар гимназиясының, реалды училищенің атауы ресми түрде өзгертілді. Барлығына нөмірленген бірінші немесе екінші басқыштағы кеңестік еңбек мектептерінің атаулары берілді. 1919-1920 оқу жылында барлық мектептерде ер балалар мен қыздарды біріктіріп оқыту енгізілді. 1919 жылдың жазында көптеген губерниялық мұғалімдердің білімін көтеру курстары ұйымдастырылды. Басты міндет «Біртұтас еңбек мектебі туралы» ережені оқып-үйрену болды (Болодурин, 2001:103). Ауыр экономикалық жағдайға қарамастан көптеген педагогикалық ұжымдардың кәсіби қызметі жалғасты. 1920-1921 жылдың бірінші жартысында губерниялық білім беру бөлімінің қызметі өрістеді. 1922 жылы білім беру көрсеткіші XX ғасырдағы ең төменгі деңгейде тұрды. 1921 жылғы аштық, айлап жалақының берілмеуі, азық-түлік нормасының және оқу құралдарының болмауы билікті губерниялық білім берудің мәдени-ағарту мекемелері мен олардың штатын қысқартуға мәжбүр етті. Мектептердегі оқушылардың саны 10 есе азайды. 1923-1924 оқу жылынан бастап жағдай қалыпқа келе бастады, ата-аналар қаржылай көмек көрсетті, мектептерде оқушылар саны көбейді (Болодурин, 2001:113). Губернияда 33 техникум мамандар дайындады (Болодурин, 2001:141). Дегенмен монографияның мазмұнынан Қазақ өлкелік революциялық комитетінің қызметі туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Тек халық ағарту институтының Орынбордың Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасының астанасы болуына байланысты республикалық мәртебенің берілгенді айтылады. ҚАССР-ның өкілетті органдарының, соның ішінде Халық ағарту комиссариатының қызметі назардан тыс қалған. Губерниялық білім беру бөлімі және оның атқарған жұмыстары баяндалады. Сауатсыздықты жою, жас мамандарды даярлау ісінде де губерниялық білім беру бөлімінің рөлі көрсетіледі. Мұның өзі монографияның заманауи ресейлік идеологияның ықпалында дайындалғандығынан хабар береді.

«Казахи Южного Урала: история и современность» атты облыстық ғылыми конференцияда Т.А. Камская XIX ғасырдағы Орынбор қазақтарының ағарту тарихына тоқталды (Камская, 1996). Басқа да зерттеушілер тәрізді 1844 жылы 14 маусымда Сенат қабылдаған Орынбор қазақтарын басқару туралы ережеге сәйкес қазақ балаларына арналған мектептерді ашуға байланысты алғашқы мектептердің жобасын талдады. Төңкеріске дейінгі Орынбор өлкесіндегі ағарту ісі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Орынбор губерниясындағы мұсылман мектептерін зерттеуге арналған А.Н. Валишинаның диссертациясынан (Валишина, 2009) көрініс тапты. Зерттеу нәтижелерінде автор мынадай тұжырымдарға келді: «Мектептер мен медреселер XX ғасырдың басында халықтық, ұлттық оқу орындарына жақындады. Ислам мектептері XX ғасырдың бас кезінде өлкедегі оқу орындарының негізін құрады. Мектептердің 22%-ы 1905 жылы ашылды.

XXI ғасырдың бас кезінде ресей зерттеушілері Орынбор өлкесіндегі қазақ мектептерінің тарихын зерттеуді бастады. Жекелеген аудандардағы қазақ мектептерінің құрылуы, олардағы оқушылардың саны, ғимараты, оқу құралдары және т.б. мәселелер бірқатар авторлардың мақалаларынан көрініс тапты.

Мәселен, А.О. Дорошеваның мақаласында Чкалов облысындағы қазақ мектептері қарастырылды (Дорошева, 2006) Орынбор қазақтарының білім алуының және ағартуының дамуы Б.Б. Әлімбаеваның шағын еңбегінен (Алимбаева, 2006) орын алды. XVIII-XIX ғасырлардағы Орынбор өлкесіндегі оқу орындарының тарихын қарастыруы жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектерімен үндес.

Мұса Жалил атындағы Орынбор халықтарының тарихы қоғамдық институтының ұйымдастырумен «Евразийское ожерелье» атауымен шығарылған альманахтардың беттерінде бірқатар мақалалар жарық көрді. Солардың бірі – Л.М. Массерованың мақаласы (Массерова, 2009). Мақалада Орынбор округы Адам ауданындағы бастауыш қазақ мектебінің тарихы қысқаша баяндалады. 1930-жылдардың соңында бастауыш мектептер жетіжылдық мектептер ретінде қайта құрылды. Адам ауданында осындай мектептер Адамда, Қарабұтақта, Еңбекшіде, Тереңсайда, Құмақ кенішінде, Шелекте болды (Массерова, 2009:192). Қазақ мектептерінің тарихы К.А. Моргуновтың мақаласында (Моргунов, 2011) кеңірек қарастырылды. Еңбекте 1918-1991 жылдардағы қазақ білім беру мекемелерінің даму жүйесі арнайы қарастырылды. Кеңес тарихының алғашқы кезеңінде білім беру саясатында «ана тілінде білім беретін мектептер» қағидасының орын алғандығын қадап көрсеткен автор Орынбор губерниясында 1920-жылдары ашылған қазақ мектептері туралы жазды. 1920 жылдардың соңында қазақ тілінде оқытатын мектептер желісінің тұрақты өсімі байқалды. 1927-1928 оқу жылында Орынбор округінде 24 қазақ мектебі болып, оларда 732 оқушы білім алды. Келесі оқу жылында мектептер саны 25-ке артып, оқушылар саны 820 адамды құрады. Оқушылар санының аздығы елді мекендер арасының алшақтығымен, олардың мектептен алыстығынан келе алмауымен түсіндірілді (Моргунов, 201:71).

Нәтижелер. Шыңғыс әулетінің өкілі ретінде қазақ сұлтандарының хандық басқару билігіндегі саяси мәртебесі жоғары деңгейде болды. Әулеттік биліктің құқықтық иегері және рәмізі ретінде олардың қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелердегі тұлғалық бейнесі қазақ қоғамында жан-жақты көрініс тауып отырды. Ал жаугершілік, шапқыншылық кезеңдерде олардың қатарынан жаужүрек батырлар да, даңқты қолбасшылар да шыққаны мәлім. Сұлтандардың көпшілігі қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу жолындағы тірлікпен шектеліп қалған жоқ, олар қоғамдағы саяси дипломатиялық қызметтерді де белсене атқарды (Қабылдинов, 2018: 79). Мысалы, Абылай сұлтан Қытай империясы және Жоңғарлар хандығымен байланыста өте жоғары деңгейдегі дипломатиялық қабілетін танытқан (Цинская империя..., 2020: 45). Сонымен қатар, Уәли сұлтан Абылайұлы да бірнеше мәрте әкесінің тапсырмасымен Цин империясына қатысты мәселелерді шешу үшін Қытайға дипломатиялық сапармен барған (XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы., 2015: 461-462). Ал кейбір сұлтандар билік құрушы Шыңғыс әулетінен шыққандықтан бейбіт өмірдің, татулықтың кепілі ретінде көрші елдердің аманатында да болды. Қазақтың дәстүрлі билер соты сол заманның құқықтық тәртібі бойынша сұлтандарды сотқа тарта алмады: олардың тағдарын тек қана билеуші хандар шешетін. Қарапайым халық Шыңғыс әулетінен шыққан хандар билігіне шүбә келтірмеген сияқты сұлтандар билігіне де қол көтермеген. Сұлтандарды тек қана хан мен ағайын сұлтандар ғана өлім жазасына кесе алатын болған. «Ханның басын хан алар, қардың (қараның) басын қар (қара) алар» деген қазақ мәтелі қазақ қоғамының дәстүрлі құқықтық ережесінен туындағаны анық.

Беделді қазақ сұлтандары хандықтың астанасы Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленгені де белгілі. Олардың қатарында Оңдан сұлтан Сығай хан ұлы, Қайнар Күшек сұлтан Оңдан сұлтан ұлы, Қасым сұлтан Абылай хан ұлы, Байтемір сұлтан, Маман сұлтан Барақ хан ұлы, Сұлтан Махмұд төре, Бопы сұлтан Әбілфейіз хан ұлы сынды билеушілер бар (Түркістанда жерленген, 2019: 176).

Қазақтың хандары мен сұлтандары мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешу барысында өздерінің билігін айшықтайтын мөрлері болды. Мысалы, Абылай сұлтанның 1770 жылы жасалған өзінің жеке мөрі («Баһадүр Абылай сұлтан бин сұлтан Уәли» деген жазу бедерленген-авт.) бүгінге дейін Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында сақталған (Түркістанда жерленген, 2019: 176).

XVIII ғасырдың екінші жартысында дәл осындай жағдайда сұлтандар мен Ресей империясы қарым-қатынас орната бастады. Ресей империясы алғашында сұлтандар арқылы ғана байланысқа шықты. Себебі, бұл әлеуметтік топтың көбісі болыс басшысы қызметін атқарған. Ресей империясы осы мықты сұлтандардан құралған топты әлсіретуге тырысты. Сол үшін оларды шен өсіру, жалақы, сыйлық, тұрғын үй салып беру, дін ісін жүргізуші молда тағайындау, Ертістің оң жағына өтуге рұқсат беру, тегін дүррі-дөрмекпен қамтамасыз ету, Санкт-Петербургке баруға рұқсат беру, оның жол шығынын көтеру сынды жеңілдіктермен қызықтыру арқылы қазақ қоғамындағы сұлтандар билігін әлсіретуді көздеген болатын.

Қазақстанның солтүстік бөлігінде билігін жүргізген сұлтандар Ресей империясының бодандығына кіруі жайлы жеке арнайы хаттарын патша әкімшілігінің Сібір өңіріндегі басшыларына жолдап отырған. Бұл тұста Қазақ хандығының орталық билік иесі Абылай ханның рұқсатынсыз атқарылып отырған қадамдары аз кездеспейді. Мысалы, 1775 жылдың 30-шы тамыз күні Орта жүздің ханы Сәмекеңің баласы Тәуке сұлтан Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколлонгқа жазған хатында: «Бұл арқылы мен мынаны мәлімдеймін: менің ағам Ақ патшаның қабылдауында болып, ол және оның әріптестері ұлы мәртебелі патшаға қызметінде сенімді азамат ретінде адал болуға ант берді. Мен де басқада старшындар және қарамағымдағы қырғыздармен бірге ұлы мәртебелі императорлығыңыздың сенімді құзырына енгенімізді қалаймын. Мен құзырыңыздағы басқа да сенімді азаматтар сияқты жоғары мейіріміңізді пайдаланбақпын. Яғни, Абылай сұлтан өзінің сыбайластарымен бірге. Сіздің ресейлік заңдарыңызда көрсетілгендей, мен керісінше өзімді ресей заңдарындағыдай борышкер ретінде өз қызметіммен дәлелдеймін.

Осындай хатпен менің атымнан ұлым Меңкүш-сұлтан және старшындар Тоқтағұл, Саты-батыр, Қазақбай батыр, Сохұр-батыр, Башқа-батыр сіздің ұлы мәртебеліңізге менің жеке атымнан жазылған өтінішпен барып ауызша хабарлауы мүмкін» (ООТМ, 194: 286-287).

Бұл құжаттың үзіндісінен біраз құнды тарихи мәлімет алуға болады. Біріншіден, Тәуке сұлтан өзінің қарамағындағы жұртпен Ресей империясының қол астына кіретінін хабарлап, Абылай ханға өзінің тәуелді емес екенін білдіреді. Екіншіден, бұл хатта Ресей империясы Абылайды хан деп атамай дәрежесін түсіріп, «сұлтан» деп береді. Әрине, Патша үкіметі 1771 жылы Абылайдың қазақ хандығының ұлы ханы екенін біле тұра оның хандық дәрежесін мойындамайтынын білдіріп, әдейі оның дәрежесін төмендете көрсеткен еді.

Мұндай әрекеттерге Абылай хан да қарап жатпаған. Оған дәлел ретінде ханның кейбір ру басшылары мен сұлтандарының, айталық, Қаракесек руының атақты биі Қаздауысты Қазыбектің

(Әбсадық, 2017: 146-148) және Дайыр сұлтанның ханға қарсылығын күшпен басып-жаншуын айтуға болады (Валиханов, 1985: 116). Сонымен қатар Абылай хан мұндай мәселені дипломатиялық жолмен де шешуге ұмтылған. Абылай ханның 1778 жылы патшайым II Екатеринаға өзінің үлкен хандық билігін бекіту туралы көп жылдар өткен соң хат жазып, Орынбор әкімшілігі арқылы елші жіберуі кейбір қазақ сұлтандары мен билерінің осындай әрекеттерін және Ресей патшалығының жергілікті жердегі басшыларының ұстанған жікшілдік саясатын тоқтату мақсатында жазылғаны да ғажап емес. Онда ол хандық билікті қазақтың хан-сұлтандары мойындағанын жазып, «Сіздің жоғары мәртебелі сарайыңызға менің аталарым Әбілмансұр мен Әбілмәмбет хандардың қайтыс болғанын жеткіземін. Олар бұл дүниеден озған соң хандық билік маған тиді. Олар қайтыс болғаннан кейін барлық қырғыз-қайсақ ордалары, яғни Ұлы, Орта және Кіші хандар мен сұлтандар, үлкенді-кішілі қалалары Ташкент және Түркістан аймағымен қоса былтыр 1771 жылы Түркістан қаласында, біздің мұсылмандар үшін қасиетті Қожа Ахметтің моласының басында, біздің дәстүр бойынша құран оқып, жалпы келісіммен мені үш қырғыз-қайсақ Алашының ханы етіп сайлады» деп көрсетеді (Казахско-русские отношения, 1964: 87).

Төртіншіден, бұл хаттан Сәмеке ханның немересінің есімі Меңкүш болғанын білеміз және Тәуке сұлтан жіберген елшілікте талай хан мен батырлардың есімдері аталады (Саты-батыр, Қазақбай-батыр, Сохұр-батыр, Башқа-батыр). Бесіншіден, біздің білуімізше, дәл осы кезде Тәуке сұлтан арғын тайпасының төрт болысын басқарған. Бізге белгілі мәліметтер бойынша, Тәуке сұлтан әкесі Сәмеке хан секілді Орта жүздің солтүстік аумағында, шекараға жақын аймақтарда мекендеген. Бұл жағдайда, Тәуке сұлтан өзінің тәуелсіздігінен бас тартып отырған жоқ. Абылай хан секілді Ресей империясының жеңілдіктерін (жалақы алу; шекарада сауда жасау; Ресей империясынан үн, дәрі-дәрмек алу т.б.) көргісі келіп отыр деп болжауға болады. Осы хаттан тағы да бір ақпарат алуға болады: Орта жүздің ханы Сәмекедің балалары Абылайға номиналды түрде бағынған. Олай болмайтын болса, олар Абылайсыз Ресей империясының қол астына кірмес еді. Әрине, Ресей империясы аталған сұлтанның атын қабылдап өз бодандығына алды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Ресей империясы өз бодандығына алу үшін сұлтандардан ант қабылдап қана қоймай, қазақтың қарапайым батыр старшындарынан да ант қабылдай бастады. Осындай жағдайда Ресейге ант берген сұлтандар Патша үкіметімен тиімді байланыс орнатуды жөн санаған. Мысалы, Барақ ханның баласы Бөкей сұлтан Ресей империясымен жақсы қарым-қатынасты нығайту мақсатында Есім батырды төрт төлеңгітпен ресейлік командирлермен танысуға жіберілгендігі айтылады. Әрине, Орталық Қазақстанды мекендеген Есім батырдың Ресей империясына жылы көзқарас танытқаны Патша үкіметіне ұнайды. Осындай ақпаратты 1775 жылдың 13-ші қыркүйегінде Бөкей сұлтанның генерал-поручик И.А. Деколонга жазған хатынан аңғаруға болады: «Бөкей сұлтанның Есім батыр төрт төлеңгітпен ресейлік қолбасшылармен танысу үшін жіберілді. Мен, Бөкей сұлтан ол қолбасшыларға бас иемін. Сонымен қатар генералмен кездесу үшін Есім батырдың Омбы бекініске кіруіне рұқсат берілуін сондағы қолбасшылардан өтінемін. Есім батыр генералмен кездесуге жіберілгенде мен, Бөкей сұлтан, бар ар-ұятыммен және дәл Абылай-сұлтан сияқты Ресейге қызмет ететініме уәде беремін. Қаракесек және Төртуыл болыстықтарындағы қолға түскен ресейлік адамдарды іздеп табуға және қайтарып беруге де қызмет жасаймын» (ООТМ, 194:368).

Біздің ойымызша, Бөкей сұлтан осы қадам арқылы Ресей империясымен жақын қарым-қатынаста болғысы келгендігі, сондай-ақ болашақта Патша үкіметімен тығыз байланыс орнатуды мақсат тұтқандығы байқалады. Осындай негіздің арқасында, 1817 жылы Бөкей сұлтан Орта жүздің екінші ханы болып сайланды. Өкінішке орай, Бөкей сұлтанның осындай әрекеттері хандық биліктің жоюылуына себеп болды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Орталық Қазақстанды мекендеген қазақ рулары Ресей империясының бодандығын қабылдай бастады. Соның ішінде Құдай-Менді Ханбабин сұлтан да болды. 1832 жылы ашылған Ақмола сыртқы округінің бірінші аға сұлтаны болған Қоңырқұлжаның әкесі.

Қазіргі Павлодар облысының өңірінде XVIII ғасырдың 30-90 жылдары қазақтың беделді сұлтандардың бірі, Әбілмәмбет ханның жарлығы бойынша қыпшақ тайпасының басшысы болып тағайындалған Сұлтанмәмет сұлтан билік құрды. Ол Абылай ханға Жоңғар шапқыншылығы тұсында көп көмек көрсетіп, басқыншы жауға қарсы әскери күрестерде белсенділік танытқан (Қазақстан тарихы, 2006: 667).

Оған Ертістің сол жақ өңірінде Омбы мен Семейдің арасында көшіп-қонып жүрген көптеген қазақтар бағынды. Сұлтанмәмет сұлтан Ресей империясымен байланыс орнату барысында өзін мықты дипломат ретінде таныта алды. Ресей тарапынан қолдау табу үшін оларға өзінің тілектес, дос кісі екенін танытып отырған. Оны, 1775 жылдың 6-шы тамызында Железинка бекінісінің коменданты полковник Ф. фон дер Роппаның Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколонга жазған рапортында Сұлтанмәмет сұлтанның бекініске келетіні жайлы ақпараттан аңғаруға болады (ООТМ, 194: 132).

Осы құжаттағы деректерден Сұлтанмәмет сұлтан туралы біршама мазмұнды мәлімет алуға болады: біріншіден, аталған сұлтан Железинка (қазіргі Павлодар облысының аудан орталығы – авт.) бекінісіне жиі келіп жүргенін білеміз. Екіншіден, Семиарский фарпостының казак-капралы Александровты Буранайман және Керей болыстарының арасында жоғалып кеткен адамды тауып беруге уәде береді. Біздің ойымызша, Сұлтанмәметтің жоғалған адамды табуға аса құлшыныс ниеті болмаған секілді, бірақ ол сол әскери шенді азаматты іздестіруге жәрдемдесетіні жайлы айтуынан Ресей әскерлеріне жылы шырайлы көзқараста екенін көрсетуге тырысты. Үшіншіден, Сұлтанмәмет сұлтанның Буранайман

және Керей болыстарында беделі бар екендігін көрсетеді. Төртіншіден, Сұлтанмәмет өзінің баласын Жәңгірді Қытай жаққа бір шаруашылық істерді тындыруға жіберетінін аңғаруға болады. Осы жерде бір жағдайды айтып кетуді дұрыс деп ойламыз, Сұлтанмәмет сұлтанның он сегіз ұлы болған, солардың барлығын ел басқартып, дипломатиялық іске жұмысқа жұмсап, әскери істерге баптаған (Қабылдинов, 2018: 39).

Сұлтанмәмет сұлтанмен қазақтың аға сұлтаны Абылай да санасқан. Сұлтанмәмет он сегіз ұлының көмегі арқылы солтүстік-шығыс Қазақстанды билік жүргізді. Тек оның өзінде 20 мың жылқысы болған. Соғыс кезінде тікелей өзі басқарған қыпшақтардан 7 мыңдай әскер жасақтарын шығарып отырған. Сондықтан Сібір басшылығы Сұлтанмәмет сұлтанмен санасып және оның талаптарын орындап отыруға тырысқан. Осыны бір мысалдан көруге болады, 1775 жылдың 13-ші қыркүйегінде Сұлтанмәмет сұлтанның Сібір басшысы генерал-поручик И.А. Деколонгқа жазған хатының аудармасында өз қарамағындағы төрт жылқымен қашып кеткен екі қалмақты қайтаруды талап етеді: «Түтқынға түскен екі қалмақ менің табынымнан төрт жылқымызды алып, Ресейге қашып кеткен.ол қалмақтардың аты: біріншісі – Шеған, ал басқасы – Зұлым. Ұлы мәртебелі аталған екі қалмақты және төрт жылқыны іздеп тауып, маған қайтаруыңызды өтінемін. Егер олар берілмесе, онда безге қашып келген ресей адамдары да бұрынғыдай қайтарылмайды. Қалай болғанда да менен қашып кеткен екі қалмақ пен төрт жылқы қайтарылмаса, онда менің Ресейге мейіріміме және менің Ұлы мәртебелі императорға берген антымның бекітілгеніне қарамастан риза еместігімді және ренжігенімді білдіреді» (ООТМ, 194:371). Әрине Ресей империясы Сұлтанмәмет сұлтанның талаптарын қанағаттандыруға тырысты.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінің басында әр өңірде мықты және беделді сұлтандар өздерінің билігін жүргізіп тұрды. Соның бірі - Шығыс Қазақстан аумағында, нақтылай айтатын болсақ, Өскемен бекінісінің маңында найман тайпасын билеген Әбілпейіз сұлтан. Тарихтан белгілі, ол - Абылайдың алдында болған аға хан Әбілмәмбеттің баласы. (Қазақстан тарихы, 2010: 172, 272).

1771 жылы Абылайды хан сайлағанда үлкен таққа үміткерлердің бірі осы Әбілпейіз болды. Аталмыш сұлтан туралы ақпаратты 1775 жылы 14 тамызда Өскемен бекінісінің әскери басшысы А.Самарин Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколонгқа жазған рапортынан көреміз (ООТМ, 194: 223-223 п.с.ж.).

Бұл құжаттан да құнды ақпараттар ала аламыз. Біріншіден Әбілпейіздің Қызбай деген ұлы болған және ол Өскемен бекінісінде білім алған. Екіншіден, Әбілпейіз баласын үш-ақ күнге үйіне сұрап, тойға шақырып жатқандығы көрінеді. Үшіншіден, Әбілпейіз Ресей империясының қол астында болса да, Ертіс өзенінің жағасында орналасқан бекіністерге сауда жұмысымен келген ташкенттіктерден салық жинап отырған. Соңғы мәлімет нені білдіреді? Біздің ойымызша, бұл қазақ сұлтандарының Ресей империясына номиналды түрде ғана бағынғанын көрсетеді. Орта Азиядан келген саудагерлер өздерінің қауіпсіздігін Әбілпейіз секілді жергілікті сұлтандарға сеніп табыстап отырған. Бұған қосарымыз: Ресей империясы осындай орын алған жайтты біліп отырса да, қазақ сұлтандардың салық жинағандарына көз жұмып қараған. Себебі, Ертіс әскери шебінде Ресейдің әскери күші әлсіздеу болып, Ресей империясының Ертістің сол жағында көшіп-қонып жүрген қазақтарға әмірі толық жүрмеген.

Найман тайпасының ірі бөлігін басқарған Әбілпейіз Әбілмәмбетұлы қазақ жеріндегі атақты сұлтандардың қатарынан болды. Оның беделінің салмақты болуына, бір жағынан, ол атақты қазақ хандығының аға ханы Әбілмәмбеттің баласы, екінші жағынан, ол қазақ сахарасының беделді сұлтан-хандарымен жақсы қарым қатынас орната білді (Қазақ хандығы, 2009: 142).

Ресей империясы Абылай ханның билігін жою үшін, қазақтардың ішінен тыңшыларды пайдаланып отырды. Олардың ішінде төрелер де аз болған жоқ. Мысалы, Төре батыр Абылай хан мен Қаркесек болысының билеушілері Қазыбек мен оның баласы Бекболат билердің арасында болған тартысты күпия түрде патша әкімшілігі өкілдеріне жеткізіп тұрған. Өзінің хабарламаларында Төре батыр, Ресей жаққа ақпарат бермеуді, жарияламауды өтінеді. Осы жайтты, 1775 жылдың 28-шы қазанында шыққан Ямышев бекінісінің басшысы капитан М. Лебеткин Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколонгқа Төре батырдың сатқындығы жайлы ақпарат жеткізеді (ООТМ, 194: 662-662 п. с.ж.).

Аталмыш құжатта да құнды тарихи мәліметтер орын алған. Хаттан Абылай басқарған қазақ хандығының ыдырай бастаған көрінісінің кейбір сәттерін көреміз. Бірақ біздің аңғарғанымыз, кейбір төрелердің ішінде ынтымақ пен татулыққа қарағанда, алауыздық пен қақтығыстың көбейген тұстары байқалады. Олар бір-бірінің үстінен домалық арыз ұйымдастырған. Сұлтандар мен билер арасындағы арызқойлыққа толы тартысты әрекеттер Ресей империясына ұтымды болды. Патша үкіметінің қазақ даласына жүргізген әкімшілік-аумақтық басқаруы жайында мынадай деректер келтірілген: «Ресей «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүргізіп, оларды бір-біріне айдап салды, сөйтіп кедейленген өркөкрек хандармен өздерінің байлығы жөнінен бақталас ауқатты сұлтандарды өз жағына тартып отырды» (Қазақстан тарихы, 2010: 298).

Осындай бақталастыққа толы әрекеттер болашақта қазақ хандығындағы басқару жүйесін әлсіретіп қана қойған жоқ, сонымен қатар жалпы дәстүрлі хандық биліктің жойылуына әкеліп соқтырды. Отарлаушы әкімшіліктің басқару жүйесі Орта жүздің хандары Бөкей (1817 ж.) мен Уәлидің (1819 ж.) өлімінен соң хандарды сайлауды қажеттілігі жоқ деп санаған. 1822 жылы І Александрдың жарлығы бойынша Орта жүзде хандық институты жойылды. Оның орнына Батыс Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанский жасаған «Сібір қырғыздары туралы жарғысының» ережесі енгізілді (Қазақстан (Қазақ елі) тарихы, 2016: 44).

Кейде қазақтар арасында Ресейлік тұрғындарды тонаушылыққа барған кездері болды. Сол кезде қазақтың басқару билігіндегі сұлтандар ұрланған заттың құнын төлеп, бекіністе отырған қазақтарды тұтқыннан босатып отырды. Патша үкіметінің арнайы өкілдері тұтқындағы қазақтардың туған-туыстарына жүгінбей, олардың басшысы ретінде сұлтандармен ғана келіссөз жүргізуді жөн санаған. Мысалы, 1791 жылдың 1-ші қаңтарында Железинка бекінісінің басшысы Е. Жеваховтың генерал-майор Г.Г. Штрэндманға Батай сұлтаннан ақша алынғандығы туралы мәлімдейді және ол мәртебелінің өткен 1790 жылы 2-ші қазанда № 288-ші тапсырма бойынша жасалғандығын көрсетеді (ООТМ, 260:49).

Ресей империясы сұлтандарды өзіне қаратып, бағындыру үшін әртүрлі тәсілдерді пайдаланған. Солардың ішінде сұлтандарға шен тарату болды. Мысалы, 1794 жылдың 20-шы қыркүйегінде Ямышев бекінісінің басшысы Е.И. Буковскийдің генерал-майор Г.Г. Штрэндманға жазған рапортында Санкт-Петербургке барып келген Құдайменді сұлтанның ұлы Әлиге капитан шенін, ал жанында болған екі старшынға поручик шенін берілуі жайында айтылады: «Жоғары мәртебелі сіздің мейіріміңізбен маған жіберген – Әли сұлтанға капитан және екі старшын Масайбай Бабақбиев пен Базарғұл Күтүбоковқа паручик шендеріңіз осы қыркүйекпен 16-шы жұлдызы аралығында әр түрлі уақытта маған келген кездерінде олардың әрқайсына жеке тапсырылды» (ООТМ, 269: 268).

Біздің ойымызша, қазақтардың арасында орын алған шенқұмарлық Патша үкіметі кезеңінен пайда болған секілді. Қазақ қоғамында мұндай әскери шендер болмаған. Әскери атақ – батыр атану. Батыр атағын алу үшін қаймықпас қайсарлық пен ерліктің белгісін көрсету керек болды және оның «негізгі атқаратын қызметі – жорыққа шығу, елді жаудан қорғау» (Әбсадық, 2017: 255). Сонымен қатар би атағына ие болу үшін де, елге үлгі боларлықтай шешендік (Әбсадық, 2017: 291) әрі билік өнерді терең меңгеру маңызды болды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Ертістің жағасында көптеген қазақтың сұлтандарына үй сала бастады. Оның басты мақсаты — Шыңғыс хан ұрпақтарын бақылауда ұстау еді. Сонымен қатар, қазақтардың көшпелі өмір салтын отырықшылық тұрмысқа үйрету мақсатында да жасалды. Бас кезінде, Абылай мен Сұлтанмәмет сұлтандарға үй салып берген соң, басқа да сұлтандар Сібір басшылығына өздеріне үй салып беру жөнінде өтінішпен шыға бастады. Үй салудың шығыны Ресей тарапынан өтелді. Мысалы, 1794 жылдың 5-ші шілдесінде Бөлекей сұлтан Сібір корпусының генерал-майоры Г.Г. Штрэндманға өтінішпен шыққан: «Жоғары мәртебелі, менің әкем Төре-батыр-сұлтанға оның көшінің жанынан салынған үй сияқты, маған, сондай-ақ менің қызметші старшыным Жайынға екеуімізге екі үй салуға бұйрық беруіңізді өтінемін. Біз әкем екеуіміз көптен бері ресей тарапына сенімді болғандықтан, қазірде орыс адамдарына ешқандай реніш болуы мүмкін емес» (ООТМ, 269:7-8 пп).

Бұл құжаттың үзіндісінен байқайтынымыз, Бөлекей сұлтанның әкесі Төре батырға да кезінде осындай үй салынған екен. Осы хатта өзіне және өзіне қызмет ететін Яин (Жайын) деген старшинасына да тұрғын үй салып беру керектігін сұрайды. Ресейліктерге ешқандай қиянат жасамағандығын және әкесі екеуі бұрыннан патша үкіметіне адал көзқараста болғандығын алға тартады. Бұл сол адалдыққа өтемақы сұрау ретіндегі өтініш еді. Сондықтан, әрине, Ресей империясы өз тарапынан біраз шығын шықса да, өтініш білдіріп отырған сұлтандарға үй салып беруге тырысқан: осылайша сұлтандар колониялды Ресей империясының қармағына тәуелді болу негізінде ілінген. Осындай тәсілмен қазақ сұлтандарының беделін біртіндеп құртуды мақсат тұтты. Қазақ сұлтандарының Ресей билігіне деген тәуелділігінің артуы, 1822 жылы Орта жүздегі хандық биліктің жойылуына өзіндік ықпалын тигізген еді.

Солтүстік, солтүстік-шығыс Қазақстандағы сұлтандардың қазақ халқының Ертістің оң жағына өтуіне атсалысқан еңбектері ерекше. XVIII ғасырдың 40-80 жылдары Сұлтанмәмет, Ұрыс, Әбілпейіз және тағы да басқа сұлтандардың Ертістің оң жағына өтуге тырысуы, қазақтың ата-бабаларының жерін қайтару мақсатында Ресей империясының жергілікті және орталық билігіне талай өтініштерді жазып, өз мақсаттарына жетеді (Добросмыслов, 1900: 123-124).

Сұлтандардың өтініштері патша әкімшілігі тарапынан қанағаттандырылып, 1788 жылы Ертістің сол жағында көшіп қонып жүрген қазақтарға Ертістің оң жағына өтуіне «мәңгілік көшке» рұқсат етіледі (Қабылдинов, 2010: 191).

Қазақ сұлтандарының басқару билігі кезеңдерінде тілмаштық қызметті, көбінесе, татар ұлтынан шыққан аудармашылар атқаратын болған. Мысалы, 1775 жылдың 5-ші шілдесінде Татар станицасында қызмет еткен сержант М.В. Воронов Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколонгқа Сұлтанмәмет-сұлтаннан алынған рапортында: «Сего числа прибыл сюда к станцу Татарскому находящейся для толмачества у старшины Салтамаметь-салтана татарин. Привес следующее от него к вашему высокопревосходительству письмо» (Из истории, 2020: 11).

Қазақ сұлтандары ислам дінін насихаттау, балалардың сауатын ашу істері үшін молдаларды Ресей империясынан сұратып отырды. Олардың дені татарлар болса, кейбіреулері башқұрттар және Батыс Сібір қалаларында орналасқан бұқарлықтар болды. Оларға Патша үкіметінен тұрақты түрде жалақы төленген. Ресей империясы молдаларды жіберу арқылы қазақтар жайлы тыңшылық мәліметтерді алуға тырысты. Осындай мәселені кейбір хандар мен сұлтандардың назарында болғанымен, ал кейбіреулері мүлдем білмеген еді. Молдалардың тыңшылық қызметі жайында нақты жағдайлар анықталса, қазақтар өз аймақтарына келген молдалардан бірден құтылғысы келді. Мысалы, 1775 жылдың 4-ші қарашасында Ямышевск бекінісінің капитаны М. Лебеткиннің Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколонгқа жазған рапортынан нақты деректерді көруге болады. Бұл хатта Ұрыс сұлтан Ямышевск

бекінісіне келіп, өзіне қызмет еткен И. Бағанаев атты молданы К. Мамкинға ауыстыруға өтінген және оған байланысты мәселелерді жазған (ООТМ, 194: 714-714 п. с.ж.).

Бұл құжаттан Сұлтанмәметтің баласы Ұрыс сұлтанның Ресей тарапынан келген бір молданы екінші бір молдаға ауыстыруын сұрағанын байқаймыз. Бұл тұста Ертіс өңірінің қазақтары Қытай имериясымен жан-жақты байланысты күшейте түсті. Қытай билігі Орта Азия халықтарына шабуыл да ұйымдастырып тұрды. Сондықтан Ұрыс сұлтан қазақтар арасында болып жатқан саяси жағдайды Ресей империясына білдірмеуге тырысты.

Ресей билігі хандар мен сұлтандарының жандарына молдаларды қоюды - қазақтың жерін өздеріне бағындырып алудың бір тәсілі ретінде қолданды. Ресей империясы молдаларды өздерінің тыңшылары ретінде көрген. Қазақтың сұлтандары Ресей билігі жіберген молдаларды күнделікті тұрмыс-тіршілікте, діни рәсімдерді атқаруда, балалардың сауатын ашуда, тілмаш ретінде Ресей жақпен хат алмасудағы қызметтерді атқару үшін ұстаған. Бірақ Ресей империясының осындай күрделі саясатының астарын қазақтың кейбір сұлтандары түсінбеді. Молдалар арқылы қазақ билеушілерінің бүкіл құпия ақпараттары қысқа мерзімде Ресей империясының қолына жетіп отырды. Мысалы, 1778 жылдың 25-ші қыркүйегінде Дайыр сұлтан Сібір корпусының басшысы генерал-майор Н.Г. Огаревтан өзіне молда жіберуді өтінді. Онда ол молда ұстаған басқа старшын-сұлтандарды мысалға келтіріп былай дейді: «Маған қазір молданың үлкен қажетілігі болып тұр. Егер мәртебілі ондайыңыз болса маған жіберуіңізді өтінемін. Ол арқылы мен қажеттілігімді жазып хабарлап отыратын едім. Оны әдейі жіберу қашық болғандықтан қиын. Егер маған қандай да бір қызмет көрсету керек болса, басқа қырғыз старшындары мен сұлтандары қызмет еткен сияқты, менде әрқашан даярмын» (ООТМ, 213:253, 254-254 п. с.ж.).

Абылай өзінің билігін батырлар мен билер арқылы да жүргізіп отырды. Атақты билеушінің өзі сенім артқан отыз ұлы болды. Ал балаларының ішінде ең беделдісі – Уәли сұлтан еді. Абылай хан ең жауапты тапсырмаларды осы ұлына тапсырып отырды. 1775 жылдың 21-ші тамызында Петропавл бекінісінің басшысы С.В. Сумороковтың Сібір корпусының басшысы генерал-поручик И.А. Деколонгқа жазған рапортында да негіздеп көрсетеді (ООТМ, 194: 216-216, 219 п.с.ж.).

Аталмыш құжаттан Абылай ханның атынан Уәли сұлтан әкесінің тапсырмасын орындауға Петропавловск бекінісіне келіп, бірнеше мәселені шешуге ұмтылғаны байқалады. Біріншіден, Уәли қашып кеткен екі қалмақ қызын қайтаруды талап етеді. Екіншіден, жылына бір рет алып тұратын әкесінің 300 сомын сұрауға келген. Үшіншіден, Уәлиге әкесіне берілетін 200 пұт үн жайында хабарлайды.

Құжат мазмұнынан басқа да астарлы ақпарат алуға болады. 1771 жылы Абылай аға хан болып сайланып, Ресей империясына бағынудан ашық бас тарта бастайды. Ол өңірлік ірі шенеуніктердің шақыруын қабылдамайды. Ресейдің бекіністеріне тіпті келмейді. Бірақ, баласы Уәлиді осындай дипломатиялық ойындарға жақсы араластырады: тұтқынға түскен тұтқындарын, жалақысын, тиісті пұт үндарын алуға өзі бармай баласын жіберіп отырған.

Ханның туыстары сұлтандар, көбінесе, шетелге баратын елшіліктерді басқарып барды. Ондай елшілердің қатары Қытай жаққа аттанып тұрды. Аталмыш дипломатиялық бағытта өте белсенділік танытқан Абылайдың жанында оның туыс бауыры Жолбарыс сұлтан жиі көрінеді. Ол Қытай империясының жеріне бірнеше рет барған. Ондай деректі 1760 жылдың 27-ші қыркүйегінде бұқарлық А. Шиховтың Сібір әскери шебінің басшысы генерал-майор фон Веймарнға жазған хатынан көруге болады: «Жолбарыс-сұлтан өзінің ұлысына қытай жаққа елшілікке алпыс адам жіберді, олардың бір ай уақыты болады. Қандай себеппен және немен кеткені жайлы барлап біле алмадым. Ол қырғыздарда өзара араздық жоқ, Атығай руы ресей жағына бұрылу ниеті бар, және алдағы қыста осы жақтағы бекіністерге жақын жерде қыстау ойларында бар, басқа ұлыстарда не болып жатқаны белгісіз, Шамырза ұлысы, басқа да ұлыстар туралы білмеймін және ештеңе естімедім» (ОрОММ, 56: 261-п.с.ж.).

Аталмыш құжатты жан-жақты талдағанда, біраз құнды ақпарат алуымызға болады. Біріншіден, Абылай сұлтанның атынан Қытай жеріне Жолбарыс сұлтан 60 шақты қазақты бастап барады. Екіншіден, Орта жүз қазақтарының арасында алауыздық болмағанын көріп отырмыз. Үшіншіден, Абылай сұлтан басқарған Атығай тайпасы Ресей шекарасына шабуыл жасамайтыны көрінеді. Төртіншіден, атығайлықтар жаңа Есіл шебіне жақын жерде қыстайтыны айтылады.

Бұл кезде Абылай әлі сұлтан дәрежесінде болған, бірақ өте беделді және танымал билеуші болғаны байқалады. Оның Қытайға елшілік жіберуге қауқары болған және Ресейдің жаңа Есіл шебіне қауіп төндіріп отырған. Абылай Жолбарыс сұлтанды Қытай империясына ғана емес, сонымен қатар Ресей билігіне де құрмет марапаттаулар мен сыйлықтарды, жалақы мен үн мәселесін шешуге жіберіп отырған. Ондай ақпаратты мынадай деректен көруге болады: «1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысы Жолбарыс сұлтанды жіберіп марапат сұрады, нәтижесінде оған грамота, жыл сайын 300 рубль жалақы тағайындалды және 200 пұт үн жіберілді» (Собрание сочинений, 2012: 387).

Қазақтың білікті де танымал сұлтандары көршілес елдермен сауда-саттық жасауға көп ықпалдарын тигізген. Олар қазақ жерінен өткен керуендерден алым-салық алып тұрды. Беделді сұлтандар Орта Азия елдеріне сауда қарым-қатынасын дамытуда өздеріндегі саудагерлерді үлкен керуендердің қатарына қосып отырған. Мысалы, Бұқан сұлтан 1787 жылдың 21-ші желтоқсанында Сібір басшылығына төмендегідей хат жолдайды: «Менің әкем Ресей жағына ташкенттіктермен бірге сауда жасауға 100-ден астам адамдарды жіберді. Олар аттарын демалдыру үшін Ямышев қаласына тоқтады. Петрдің қаласына баруға рұқсат берілмеді. Мен де тауарларымды жібердім. 12 атым сонда. Оны алуға Петропавлға өзімнің старшынымды жібермекшімін. Қашан жіберу керек? Тезірек хабарлаңыз. Сібір жәрменкесіне қатысуымыз керек» (Насенов, 2005: 365).

Қорытынды. 2018-2020 жылдарда Омбы облысының тарих мұрағатынан қазақ сұлтандарының қоғамдық қызметін зерттеу үшін жүргізілген мұрағаттық материалдардан Орта жүз сұлтандарының қоғамдағы атқарған басты қызметтері мен дара тұлғалық қасиеттері туралы ақпараттар алуға болатынын байқадық. Оларды мазмұндық-деректік тұрғыдан бірнеше топқа топтастыра аламыз.

Бірінші топтағы құжаттарға сұлтандардың Сібір әскери шебінің басшыларымен, коменданттарымен келіссөздері жатқызуға болады. Онда қазақтың сұлтандары өзінің ұрланған малдарын, қашып кеткен құлдарын қайтаруды талап етуі жайлы құнды ақпараттар бар екендігі және сұлтандардың қоғамдағы тағы да басты қызметі – көрші елдермен байланыс орнатудағы елшілік қызметіндегі маңызды рөлдері де баяндалады.

Екінші топтағы құжаттар мазмұнынан қазақтың беделді, абыройлы сұлтандары өздеріне Ертіс өңірінде тұрғын үй салып беру туралы өтініш хаттары саралаланып, олардың Ресей империясынан жалақы тағайындалуы және үн берілуі жайындағы сұраныстары да талданады. Мысалы, 1762 жылы қазына есебінен Абылай сұлтанға 212 пұт, Жолбарыс сұлтанға 100 пұт үн берілген (Қазақстан тарихы, 2010: 260).

Үшінші топтағы құжаттардан сұлтандардың көпшілігі қысқы кезде Ертістің оң жағалауына малын айдап өтуге жасаған сұраныс пен талпыныстары сараптауға мүмкіндік ашады.

Төртінші топтағы құжаттардан қазақ сұлтандарының басым бөлігі татар ұлтынан шыққан тілмаштармен жұмыс атқарғандығы, сонымен қатар ислам дінін насихаттауда, балалардың сауатын ашу үшін де молдаларды сұратуы жайлы мұрағат деректерді зерделеуге жол ашады.

Бесінші топтағы құжаттар арқылы қазақ сұлтандарының арасында болған күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі өзара қарым-қатынастары, болыстық басшылыққа тағайындау барысындағы бір-бірімен қақтығыс пен тартыстарды айқындауға болады.

Алтыншы топ құжаттар қырда жүрген кейбір сұлтандардың Ресей бодандығына кіру жөніндегі Сібір корпусының басшылығына жазған хаттарын қамтиды.

Жалпы айтқанда, тақырыптық мазмұны жағынан осы аталған және басқа да зерттелген құжаттардан – XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының қазақ сұлтандарына байланысты ерекше жүйелі, көп сатылы, отарлық саясат жүргізгендігі анық байқалады. Оның басты мақсаты – Шыңғыс хан ұрпақтарын әлсіретіп, биліктен тайдыру, беделдерін түсіріп, өзара қарсы қойып, тарихи сахнадан ысыру еді. Сол саясаттың негізде Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандардың орнына біртіндеп қарапайым қазақтар аға сұлтандық қызметке келе бастады. Мысалы, XIX ғасырдың ортасында Қарқаралы сыртқы округінің аға сұлтаны болып Хәкім Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбаев тағайындалады (Қасымбаев, 1995, 17: 13).

Жалпы, XIX ғасырдың басында, яғни 1822-1824 жылдары Ресей империясы өз мақсатына жетеді. Қазақ хандығындағы хандық билік жойылады (Акимбеков, 2018: 248). Ресейдің әкімшілік-аумақтық басқару жүйесінің негізінде Орта жүзде дәстүрлі билік жолы таратылып, басқарудың жаңа жарғысы бойынша аға сұлтандық жүйе енгізіледі. Болыс басшылықтарына, аға сұлтан қызметтеріне, төрелердің орнына ауқатты, қарапайым қазақтар келе бастайды. Енді билік сатысында күш сынасатын саяси күш билер мен байлардың маңына топтаса бастады (Әбсадық, 2020: 105).

Хандармен бірге қазақ сұлтандарының Қазақ хандығының сақталуы мен этникалық территорияны қалыптастыруда жүргізген еңбектері орасан зор. Олардың кейбірі ұлт-азаттық көтерілістерге де қатысты (Қасымбаев, 1995, 15: 13).

Әдебиеттер тізімі

А.И. Тургайская область. Исторический очерк // Известия Оренбургского отдела Императорского русского Географического общества. Оренбург, 1900. Вып. 15. С. 123-124.

Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. Алматы, 2018. 248 с.

Әбсадық А.А. Қазақ хандығы және тарихи аңыздар. Монография. Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2017. 342 бет.

Әбсадық А. Хан Абылай: тарихи тұлға һәм фольклорлық қаһарман. Алматы: Алматы-Болашақ АҚ баспасы, 2020. 192 бет.

Валиханов Ч.Ч. Соб.соч. в пяти томах. Том 4. Алма-Ата: Гл. редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. 463 с.

Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк // Известия Оренбургского отдела Императорского русского Географического общества. Оренбург, 1900. Вып. 15. С.123-124.

Зардыхан Қ. Тарихқа көзқарас. II том. Алматы: Мерей, 2020. Т.2.

Из истории Великой степи (последняя четверть XVIII в.); сборник документов / сост.: Сирик В.А. Алматы: Литера-М, 2020. с.544.

Кабульдинов З.Е. Султанмамет султан: государственный деятель, дипломат и батыр. Алматы, 2018. 304 с.

Кабульдинов З.Е. Казахи России (во второй половине XVIII – начале XX вв.). Астана, 2010. 400 с.

Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). Алма-Ата: Наука, 1964. 575 с.

Қасымбаев Ж.К. Старший султан Құнанбай Өскенбаев. (штрихи политическому портрету) // Горизонт. 1995. №17 (381).

- Коншин Н. От Павлодара до Каркаралинска. Павлодар, 2005.
- Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары. Дайк-Пресс, 2009. Т.1. 454 б.
- Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. Алматы, 2016. 454 б.
- Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: бес томдық. Алматы, 2010. 3 т.
- Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2006. 667 б.
- Насенов Б. Абылай хан. Алматы-Новосибирск, 2005. Т.12. 365 б.
- Омбы облысының тарих мұрағаты (ООТМ). 1-к. 1-т. 194, 213, 260, 269-істер.
- Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты (ОрОММ). 3-к. 1-т. 56-іс.
- Собрание сочинений Ч.Ч. Валиханова в восьми томах. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. Т.1. с. 700.
- Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар. 2019. 176 б.
- Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв. Нур-Султан, 2020. 344 с.
- XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы. Алматы: ЖШС, Mereke baspasy. 688 б.

References

- Absadyk A. Kazakh Khanate and historical legends. Almaty, Aigany, 2017.-342 p.
- Absadyk A. Khan Abylai: Historical Personality and Folk Hero. Almaty, Almaty-Bolashak, 2020. 192 p.
- A.I. Turgayskaya oblast. Istorichesky ocherk [Turgai region: historical essay] // Izvestiya Orenburgskogo otdela Imperatorskogo russkogo Geograficheskogo obshchestva. Orenburg, 1900. Vyp. 15. S. 123–124. [In Russian].
- Akimbekov S. Kazakhstan v Rossyskoy imperii [Kazakhstan in the Russian Empire]. Almaty, 2018. 248 s. [In Russian].
- Valikhanov Ch.Ch. Sobraniye sochineniy v vosmi tomakh [Collected Works in eight volumes]. Almaty: Dayk-Press, 2012. T. 1. 700 s. [In Russian].
- Iz istorii Velikoy stepi (poslednyaya chetvert XVIII v.): sbornik dokumentov [From the history of the Great Steppe (last quarter of the XVIII century): Collection of documents] / sost.: Sirik V.A. Almaty: Litera-M, 2020. 544 s. [In Russian].
- Kabuldinov Z.E. Kazakhi Rosii (vo vtoroy XVIII – nachale XX vv.) [Kazakhs of Russia (in the second XVIII - early XX centuries)]. Astana, 2010. 400 s. [In Russian].
- Kabuldinov Z.E. Sultanmamet sultan: gosudarstvenny deyatel, diplomat, i batyr [Sultanmamet Sultan: State Affairs, Diplomat and Batyr]. Almaty, 2018. 304 s. [In Russian].
- Konshin N. Ot Pavlodara do Karkaralinska [From Pavlodar to Karkaralinsk]. Pavlodar, 2005. [In Russian].
- Kazak khandygy men Tsin patshalygynyn sayasi-diplomatiyalik katynastary turaly kytay muragat kuzhattary [Archival documents on political and diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Empire of Qing]. Dayk-Press, 2009. T.1. 454 b. [In Kazakh].
- Kazakstan tarikhy. Entsiklopediyalyk anyktamalyk [History of Kazakhstan. Encyclopedic handbook]. Almaty, 2006. 667 b. [In Kazakh].
- Kazakstan (Kazak eli) tarikhy: Kazakstan otarshyldyk zhane totalitarlyk zhuyeler kyspagynda [History of Kazakhstan: Kazakhstan in the vice between colonial and totalitarian systems]. Almaty, 2016. 454 b. [In Kazakh].
- Kazakstan tarikhy kone zamannan buginge deyin: bes tomdyk [History of Kazakhstan from ancient times to this day: five volumes]. Almaty, 2010. T. 3. [In Kazakh].
- Kinayatuly Z. Tarikhka kozkaras [View on history]. Almaty: Merey, 2020. 2-t. [In Kazakh].
- Kasymbayev Zh.K. Starshy sultan Kunanbay Oskenbayev (shtrikhi politicheskoy portretu) [Senior Sultan kunanbay Oskenbayev (strokes to a political portrait)] // Gorizont. 1995. № 15 (379). [In Russian].
- Kasymbayev Zh.K. Starshy sultan Kunanbay Oskenbayev (shtrikhi politicheskoy portretu) [Senior Sultan kunanbay Oskenbayev (strokes to a political portrait)] // Gorizont. 1995. № 17 (381). [In Russian].
- XVII – XIX gasyrlardagy Kazak khandygy [Kazakh Khanate in the XVII – XIX centuries]. Almaty: ZhShS «Mereke baspasy», 688 b. [In Kazakh].
- Nasenov B. Abylay khan [Khan Abylai]. Almaty-Novosibirsk, 2005. T. 12. 365 c. [In Russian].
- Omby oblysynyn tarikh muragaty (OOTM) [Historic archive of the Omsk region]. 1-kor. 1-tizimdeme. 194, 213, 260, 269-ister. [In Russian].
- Orynbor oblysynyn memlekettik muragaty (OrOMM) [Historic archive of the Orenburg region]. 3-kor. 1-tizimdeme. 56-is. [In Russian].
- Turkistanda zherlengen khandar men sultandar [Khana and Sultans buried in Turkestan]. 2019. 176 b. [In Kazakh].
- Tsinskaya imperiya i kazakhskiy khanstva. Vtoraya polovina XVIII – pervaya tret XIX vv. [Qing Empire and Kazakh Khanate. The second half of the XVIII is the first third of the XIX centuries.]. Nur-Sultan, 2020. 344 s. [In Russian].

МРНТИ 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_59

**ОБРАЗ ДИНАСТИИ БЕКМУХАМЕДОВЫХ В ПРОЦЕССЕ СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ
КАЗАХСКОЙ СТЕПИ (XIX – НАЧАЛО XXВВ.)****Султанғалиева Г.С.¹**¹КазНУ им. аль-Фараби

*Автор-корреспондент

E-mail: email:sultangalievagulmira@gmail.com

ResearcherID :AAQ-7142-2020

Аннотация. В статье на основе новых архивных документов, извлеченных из фондов центрального архива Казахстана и России рассмотрен процесс встраивания семьи Бекмухамедовых в имперскую и советскую систему управления. Их судьба и карьера отразила выбор диапазона тех возможностей, которые существовали в их историческое время. Основатель династии Бекмухамедовых, старшина рода серкеш Внутренней орды, бий Чолтур занимал должности советника Джангир хана, депутата Енотаевского уезда Астраханской губернии. Его сын, Мухамеджан, выпускник Оренбургского кадетского корпуса прошел путь от переводчика до султана 1-2-го Приморского округов Внутренней орды, вошел в привилегированное сословие Российской империи – потомственное дворянство. Третье поколение Бекмухамедовых встретило новый вызов, а именно революционные события 1917г., ставшие основой включения их в советскую систему управления. Шавкат Мухамеджанович стал членом Казревкома, народного комиссариата юстиции, комиссии по подготовке Конституции АССР. Династия Бекмухамедовых отразила все те социальные изменения, которые происходили на рубеже XIX– начало XX вв. в Казахской степи, а именно переход от кочевых институтов власти к российской административной структуре и затем советской системе.

Ключевые слова: казахские чиновники, дворянство Российской империи, административные реформы, советская власть.

ГТАМР 03.20.00

**БЕКМУХАМЕДОВ ДИНАСТИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК
ӨЗГЕРІСТЕР ҮРДСІНДЕГІ БЕЙНЕСІ (XIX -XX ғ. басы).****Султанғалиева Г.С.¹**¹Әл-Фараби ҚазҰУ

*Автор-корреспондент

E-mail: email:sultangalievagulmira@gmail.com

Researcher ID: AAQ-7142-2020

Түйіндемe. Мақалада Қазақстан мен Ресейдің орталық архивтері қорларынан алынған архивтік құжаттардың негізінде Бекмұхамедовтер әулетінің империялық және кеңестік басқару жүйесіне икемделу процесі қарастырылады. Олардың тағдырлары мен қызмет жолдары сол тарихи уақытта болған мүмкіндіктердің ауқымдық таңдауын ашып көрсетеді. Бекмұхамедовтер әулетінің негізін салушы, Ішкі ордадағы серкеш руының старшинасы, Чолтур би Жәңгір ханның кеңесшісі, Астрахань губерниясының Енотаев уезінде депутат қызметтерін атқарды. Оның ұлы Мұхамеджан, Орынбор кадет корпусының түлегі, аудармашыдан бастап Ішкі орданың 1-2 Приморский округтерінің сұлтаны қызметіне дейін көтерілді, Ресей империясының басымдыққа ие әлеуметтік тобы – мұрагерлік дворяндыққа кірді. Бекмұхамедовтер әулетінің үшінші буыны жаңа жағдайларға тап болды, атап айтқанда, кеңестік билік жүйесіне қосылуға негіз болған 1917 ж. революциялық оқиғалар орын алды. Шавкат Мухамеджанұлы Қазревком, әділет халық комиссариаты, АКСР Конституциясын әзірлеу бойынша комиссияның мүшесі болды. Бекмұхамедовтер әулеті тарихында Қазақ даласында XIX-XX ғасырлар тоғысында орын алған барлық әлеуметтік өзгерістер, атап айтқанда, көшпелі билік институттарынан ресейлік әкімшіліктік құрылымға, кейіннен кеңестік жүйеге өту процесі айқын көрініс тапты.

Кілт сөздер: қазақ шенеуніктері, Ресей империясының дворяндығы, әкімшіліктік реформалар, кеңестік билік.

THE IMAGE OF THE BEKMUKHAMEDOV'S DYNASTY IN THE PROCESS OF SOCIAL TRANSFORMATION OF THE KAZAKH STEPPE (XIX - BEGINNING XXV.)

Sultangalieva G.S.¹

¹al Farabi Kaznu

*Corresponding author

E-mail: email:sultangalievagulmira@gmail.com

Researcher ID :AAQ-7142-2020

Abstract. In the article, based on new archival documents extracted from the funds of the central archives of Kazakhstan and Russia, the process of embedding the Bekmukhamedov family into the imperial and Soviet system of government will be considered. Their destinies and careers reflected the choice of a range of opportunities that existed in their historical time. The founder of the Bekmukhamedov dynasty, foreman of the serkesh clan of the Inner Horde, biy Choltur served as adviser to Jangir Khan, deputy of the Enotaevsk district of the Astrakhan province.

His son, Mukhamedzhan, a graduate of the Orenburg Cadet Corps, went from a translator to the Sultan of the 1st and 2nd Primorsk districts of the Inner Horde, entered the privileged estate of the Russian Empire - hereditary nobility. The third generation of Bekmukhamedovs met a new challenge, namely the revolutionary events of 1917, which became the basis for their inclusion in the Soviet system of government. Shavkat Bekmukhamedov became a member of the Kazrevkom, the People's Commissariat of Justice, the commission for the preparation of the Constitution of the ASSR. The Bekmukhamedov dynasty reflected all those social changes that took place at the late 19th - early 20th centuries in the Kazakh steppe, namely the transition from nomadic institutions of power to the Russian administrative structure and then the Soviet system.

Key words: Kazakh officials, nobility of the Russian Empire, administrative reforms, Soviet power.

Введение. В содержании политики Российской империи в Казахской степи на протяжении XIX века входило не только создание единого административно-территориального устройства (генерал-губернаторство, область, уезд, волость), но и постепенная социальная интеграция казахского кочевого общества в единое социальное пространство Империи. Важным направлением в этом ключе стало установление сотрудничества с представителями казахской кочевой знати и привлечение их на службу государю и правящей династии. Более того, Казахская степь не представляла собой единое пространство, а разные части (Младший. Средний и Старший жузы) российские власти должны были выстраивать свои практики и инструменты управления, учитывая специфику и трансграничные параметры каждого из этих регионов при внедрении административных реформ и кооптации казахской элиты на государственную службу. В новой административной системе, созданной на территории Казахской степи в XIX в. была создана сеть новых должностей для представителей казахской кочевой элиты (султаны-правители, волостные управители, дистанционные и местные начальники, младшие чиновники особых поручений, заседатели и т.д.) и соответственно установлены атрибуты казахского чиновника российской службы: казенное жалование, офицерский чин, право ношения мундира и знаков отличия, награды и т.д. Несмотря на то, что в казахстанской историографии достаточно полно разработана структура административного устройства Казахской степи в XIX в. (Абдрахманова, 1998; Зиманов, 1960; Жиренчин, 1996) вопрос влияния административных реформ на социальную жизнь казахского кочевого общества и появления новых сословий, в частности казахское чиновничество, казахское потомственное и титулованное дворянство, потомственное и личное почетное гражданство практически не изучался. В этом ракурсе интерес представляет Внутренняя орда, созданная указом императора Павла I (11 марта 1801) о разрешении кочевать «в степях между реками Уралом и Волгой», председателствующему в Ханском совете Младшего жуза султану Букею (ПСЗ РИ, 1801:571-572). Эта территория позволит нам проследить не только процесс административной интеграции Внутренней Орды в состав империи во второй половине XIX в., но и понять социальные трансформации в казахском кочевом обществе через деятельность представителей кочевой элиты Внутренней орды - Бекмухамедовых. Изучение судьбы семьи Бекмухамедовых позволит нам воссоздать процесс включения казахского населения и кочевой элиты в новую систему взаимоотношений между имперской властью и региональными сообществами, создания новых административных структур на территории Внутренней орды, введения новых должностей и механизм использования представителями данной династии имперских ресурсов в отстаивании местных интересов.

Материалы и методы исследования. Изучение судьбы семьи Бекмухамедовых через имперское измерение истории Внутренней орды во второй половине XIX в. ведет нас к более широкому анализу сложной ткани взаимодействия власти и местного сообщества, чем рассмотрение только административной политики Империи на этой территории (Campbell, 2017; Martin, 2010). Бекмухамедовы были одними из влиятельных лиц, которые занимали важные должности в местных управленческих

структурах, обучались в элитных учебных заведениях, вошли в привилегированное сословие Российской империи – потомственное дворянство. В рамках методологии новой имперской истории мы сможем увидеть, как представители династии Бекмухамедовых реагировали на политику имперских властей, оказывались в различных имперских ситуациях, отстаивали свои особые интересы. находясь в новой системе отношений.

Источниковой основой статьи преимущественно стала делопроизводственная документация (рапорта, прошения представителей династии Бекмухамедовых) из фондов ЦГА РК и России (Санкт-Петербург, Казань, Астрахань), в которой были зафиксированы моменты, отражающие сложность, неоднозначность событий, повлиявших на их судьбы. Также эти документы позволяют определить круг участников событий, окружение династии Бекмухамедовых. Существенным подспорьем в исследовании данной темы стало издание сборников документов: «Казахское дворянство XIX- начало XX вв.» (Алматы, 2020), Казахские депутации к российскому императорскому двору 1801-1873» (Алматы, 2019). Опираясь на эти источники можно реконструировать процесс постепенных изменений социальной жизни кочевой элиты, когда престижными атрибутами становилось получение военных или гражданских чинов, награждение медалями, орденами, ценными подарками и наконец включение в состав казахских депутаций к императорскому двору (Султангалиева: 2020; Жанаев, 2019).

Обсуждение. В отечественной исторической науке достаточно хорошо изучена история Внутренней Орды первой половины XIXв. (Евреин, 1852; Мейер, 1865; Медведский, 1862; Иванов, 1901; Ханыков, 1847; Зиманов, 1982), национально-освободительного движения во Внутренней Орде под руководством Исатай Тайманова и Махамбета Утемисова (Рязанов, 1926; Шахматов, 1946). Это период правления первого хана Внутренней орды Букея (1812-1815) и конечно Джангир хана (1823-1845). Тщательный анализ истории изучения Внутренней Орды первой половины XIX в. был сделан казахстанским историком Ерофеевой И.В. (Ерофеева, 2001:20). Но вторая половина XIX в., когда управление во Внутренней Орде перешло Временному Совету во главе со старшим братом Джангир хана, султаном Адилем Букейхановым на первом этапе (1846 по 1854), а затем русскому чиновнику Министерства государственных имуществ, практически мало изучена в отечественной историографии. Исключением явилось диссертационное исследование С.Т. Токболат (Токболат, 2010)

Вместе с тем, именно во второй половине XIXвека начались административные преобразования на территории Внутренней Орды послужившие началом отмены ханской власти и создание новой системы управления, а именно института султаната, когда султаны-правители возглавили округа (1-й и 2-й Приморские) и части (Калмыцкая, Торгунская, Таловская, Камыш-Самарская, Нарынская). В учебниках по истории Казахстана и в отечественной исторической литературе практически не упоминается факт создания института султаната на территории Внутренней Орды как среднего звена управления казахским населением. Хотя административное реформирование Внутренней орды указывает нам на разнообразие приемов взаимодействия имперских властей с местным сообществом и как имперские власти структурировали пространство Внутренней орды, встраивая те административные деления, которые уже были апробированы по отношению к казахам западно-сибирского и оренбургского ведомств. Более того, во Внутренней Орде были соединены эти две модели, а именно окружная система как в Западно-Сибирском и так устьевое управление как в Оренбургском генерал-губернаторствах. И самое интересное, что институт султаната функционировал на территории Внутренней орды до 1917 года, т.е до установления советской власти, хотя в отечественной исторической литературе (История Казахстана: 2000; Абдрахманова, 1998; Жиренчин, 1996) утвердилось мнение, что должность султанов правителей в Казахской степи была ликвидирована с введением реформ 1868 года.

Большую работу по сбору научного наследия Мухамеджан Бекмухамедова провел О. Әлімгиреев. Им впервые были включены в сборник исследование М. Бекмухамедова «Жаксы үгіт» [Благие наставления] (опубл. в типографии бр. Каримовых, Казань, 1908), статьи «Быт киргизов Внутренней Букеевской Орды и народное образование», «Благотворительность в киргизской степи» опубликованные в газете «Астраханские ведомости» (Әлімгиреев, 2001).

Заключение. Таким образом, в рамках реализуемого проекта «Казахские откочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XX века: пребывание и адаптация» и других проектов по смежным темам предстоит большая работа по извлечению ретроспективной информации мемуарного характера о голоде в личных фондах архивов, изданных книгах, поиску родственников жертв голода, их интервьюирования для пополнения документального фонда о великой трагедии казахского и других народов в советский период, для реконструкции повседневности очевидцев голода, которые оказались волею судьбы в более благоприятных условиях, нежели их соотечественники – невольные жертвы голода и заложники сталинского режима. Мы видим, что мемуарные источники не отображают в логической последовательности цепочку причинно-следственных связей, которые привели к трагедии голода, но они погружают в повседневность и помогают понять ход мыслей, поступки людей того времени, вскрывая глубину переживаний, эмпатию одних или обнажают черствость, безразличие к страданиям голодающих других.

Список литературы

- Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989. № 7. С. 53–71.
- Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 192 с.
- Әбілқожин Ж., Алдажуманов Қ. Этноцид // Егеменді Қазақстан. 1992. 30 мамыр.
- Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық. Көп томдық жинақ; 2 т. / Құрастырышы Т. Байкулов. Алматы: «Базарбаева» ЖК, 2020. 672 с.
- Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық (жинаған естеліктер негезінде) / Жинақтаушы-құрастырышы Т.С. Байкулов. Алматы: «Үш Қиян» баспасы, 2017. 556 с.
- БСЭ / Гл. ред.: А. М. Прохоров. М.: Советская Энциклопедия, 1974. 3-е изд. Т. 16. 616 с.
- Галиев А.Б. Голод в Казахстане 1932–1933 гг. // Заря. 1988. № 11. С. 11–16.
- Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в многонациональном Казахстане (1917–1980): Автореф. дисс. ... докт. ист. наук. Алматы, 1994. 53 с.
- Георгиева Н.Г. Мемуары как феномен культуры и исторический источник // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: История России. История и археология. 2012. С. 126–138.
- «Голодная степь: голод, насилие и создание советского Казахстана» с автором Сарой Камерон (видео и стенограмма). URL: <https://www.caa-network.org/archives/15534> (дата обращения: 08.08.2021).
- Голодомор: девочку украли и спрятали в сторе сена, чтобы съесть. 2017 ж. Мамыр 31. URL: <https://dalanews.kz/bas-takyryp/27344-golodomor-devochku-ukrali-i-spryatali-v> (дата обращения: 08.08.2021).
- «Давай зарежем нашего сына и съедем»: История голодомора в Казахстане. 11.08.2018. URL: <https://www.zakon.kz/4932232-davay-zarezhem-nashego-syna-i-sedim.html> (дата обращения: 08.08.2021).
- Елубай С.А. Ақ боз үй. Алматы: Жазушы, 2011. 376 с.
- Есмағамбетов К.Л. Мұстафа Шоқай және қазақтардың аштыққа ұшырауы туралы // «1920–30 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және Алаш азаматтары» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2015 ж., 27 мамыр). Алматы: Орхон, 2015. С. 18–27.
- Источниковедение. Теория. История. Метод. Источники Российской истории. М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 1998. 702 с.

Камерон С. Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана. М.: Новое литературное обозрение, 2020. 490 с.

Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов Х.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алматы: АН РК, 1992. 36 с.

Койгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тығлымы не дейді. Алматы: Ана тілі, 1993. С. 106–123.

Кунаев Д.А. О моем времени: воспоминания. Алматы: Дәуір, МП «Ынтымак», 1992. 312 с.

Лиллис Дж. Казахстан: рассказ очевидицы о Великом голоде 1930-х годов. 12.06.2017. URL: <https://inosmi.ru/history/20170612/239563328.html> (дата обращения: 08.08.2021).

Михайлов В.Ф. Хроника великого джута: Документальная повесть. Алма-Ата, Интербук, 1990. 99 с.

Омарбеков Т.О. Қазақ шараушыларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы: Тар. ғыл. докт. дисс. ... автореф. Алматы, 1994. 30 б.

Тарле Е.В. Значение архивных документов для истории // Вестник архивоведения. 1961. № 3. С. 102–122.

Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. Алма-Ата: Наука, 1989. 128 с. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 269. Оп. 1. Д. 3. Л. 32.

ЦГА РК. Ф. 269. Оп. 1. Д. 4. Л. 54–55.

ЦГА РК. Ф. 1744. Оп. 2. Д. 85. Л. 8–11.

ЦГА РК. Ф. 2209. Оп. 2. Д. 3. Л. 11.

ЦГА РК. Ф. 2366. Оп. 1. Д. 26. Л. 44–46.

References

Abylhozhin ZH.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B. Kazakhstanskaya tragediya [Kazakhstan tragedy] // Voprosy istorii. 1989. № 7. P. 53–71 [in Russian].

Asylbekov M.KH., Galiev A.B. Social'no-demograficheskie processy v Kazakhstane (1917–1980) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 192 p. [in Russian].

Abilqozhin J., Aldazhumanov K. Ehtnocid [Ethnocide] // Egemendi Qazaqstan. 1992. 30 мамыр [in Kazakh].

Дәуіле-Ата үйіріндегі ашаршылық [Hunger in Aulie-Atinsky district]. Күр томдық жинақ; 2 т. / Құрастырған Т. Байқұлов. Алматы: «Базарбаев» ЗHK, 2020. 672 p. [in Kazakh].

Дәуіле-Ата үйіріндегі ашаршылық (жинағас естеліктер негізінде) [Hunger in Aulie-Atinsky district (on the basis of assembled memories)] / Жинақтаушы-құрастырушы Т.С. Байқұлов. Алматы: «Үш Қиана» баспасы, 2017. 556 p. [in Kazakh].

BSEH [Great Soviet Encyclopedia] / Gl. red.: A.M. Prokhorov. M.: Sovetskaya Ehnciklopediya, 1974. 3-e izd. T. 16. 616 p. [in Russian].

Galiev A.B. Golod v Kazakhstane 1932–1933 gg. [Famine in Kazakhstan 1932–1933] // Zarya. 1988. № 11. P. 11–16 [in Russian].

Galiev A.B. Social'no-demograficheskie processy v mnogonacional'nom Kazakhstane (1917–1980) [Socio-demographic processes in multinational Kazakhstan (1917–1980)]: Avtoref. diss. ... dokt. ist. nauk. Almaty, 1994. 53 p. [in Russian].

Georgieva N.G. Memuary kak fenomen kul'tury i istoricheskij istochnik [Memoirs as a cultural phenomenon and a historical source] // Vestnik Rossijskogo universiteta družby narodov. Seriya: Istoriya Rossii. Istoriya i arkhologiya. 2012. P. 126–138 [in Russian].

«Golodnaya step': golod, nasilie i sozdanie sovetskogo KazakhstanA» s avtorom Saroj Kameron (video i stenogramma) [“The Hungry Steppe: Hunger, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan” with author Sara Cameron]. URL: <https://www.caa-network.org/archives/15534> (date of access: 08.08.2021) [in Russian].

Golodomor: Devochku ukrali i spryatali v stoge sena, chtoby s'est'. 2017 zh. Mamyр 31. URL: <https://dalanews.kz/bas-takyryp/27344-golodomor-devochku-ukrali-i-spryatali-v> (date of access: 08.08.2021) [in Russian].

«Davaj zarezhem nashego syna i s'edim»: istoriya golodomora v Kazakhstane [“Let's Slaughter Our Son and Eat”: The Story of the Holodomor in Kazakhstan]. 11.08.2018. URL: <https://www.zakon.kz/4932232-davay-zarezhem-nashego-syna-i-sedim.html> (date of access: 08.08.2021) [in Russian].

Elubaj S.A. Aq boz ы [White gray house]. Almaty: Zhazushy, 2011. 376 p. [in Kazakh].

Esmagambetov K.L. Mustafa Şoqay және қазақтардың аштыққа ұшырауы туралы [About Mustafa Shokay and famine among Kazakhs] // «1920–30 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және Алаш азаматтары» Respublikalıq ғылым-практикалық конференция материалдарының жинағы (2015 ж., 27 мамыр). Almaty: Orkhon, 2015. P. 18–27 [in Kazakh].

Istochnikovedenie. Teoriya. Istoriya. Metod. Istochniki Rossijskoj istorii [Source study. Theory. History. Method. Sources of Russian history]. M.: Rossijsk. gos. gumanit. un-t, 1998. 702 p. [in Russian].

Kameron S. Golodnaya step': Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo KazakhstanA [The Hungry Steppe: Hunger, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan]. M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. 490 p. [in Russian].

Kozybaev M.K., Abylkhozhin ZH.B., Aldazhumanov K.H.S. Kollektivizaciya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Almaty: AN RK, 1992. 36 p. [in Russian].

Koygeldiev M., Omarbekov T. Tarix taglymy ne deydi [What are the secrets of history talking about]. Almaty: Ana tili, 1993. P. 106–123 [in Kazakh].

Kunaev D.A. O moem vremeni: vospominaniya [About my time: memories]. Almaty: Ddwir, MP «Yntymak», 1992. 312 p. [in Russian].

Lillis Dzh. Kazakhstan: Rasskaz ochevidicy o Velikom golode 1930-kh godov [Kazakhstan: an eyewitness account of the Great Famine of the 1930 s.]. 12.06.2017. URL: <https://inosmi.ru/history/20170612/239563328.html> (date of access: 08.08.2021) [in Russian].

Mikhajlov V.F. Khronika velikogo dzhuta [Chronicle of the great jute]: Documentary povest'. Alma-Ata, Interbuk, 1990. 99 p. [in Russian].

Omarbekov T.O. Qazaq sharawshyların jeke menşik qojalıqtarınan ayırw jдne ujımdastırw: tarıxı men taǵlımı [Deprivation of property and forced collectivization of Kazakh peasants]: Tar. ǵıl. dokt. diss. ... avtoref. Almaty, 1994. 30 p. [in Kazakh].

Tarle E.V. Znachenie arkhivnykh dokumentov dlya istorii [The importance of archival documents for history] // Vestnik arkhivovedeniya. 1961. № 3. P. 102–122 [in Russian].

Tatimov M.B. Social'naya obuslovlennost' demograficheskikh processov [Social conditioning of demographic processes]. Alma-Ata: Nauka, 1989. 128 p. [in Russian].

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan (CSA RK). F. 269. Op. 1. D. 3. L. 324 [in Russian].

CSA RK. F. 269. Op. 1. D. 4. L. 54–55 [in Russian].

CSA RK. F. 1744. Op. 2. D. 85. L. 8–11 [in Kazakh].

CSA RK. F. 2209. Op. 2. D. 3. L. 11 [in Kazakh].

CSA RK. F. 2366. Op. 1. D. 26. L. 44–46 [in Kazakh].

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_100

ЖЕТИСУДАҒЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР КӨРІНІСТЕРІ (1928-1932 ЖЖ)

Е.И. Стамшалов^{1*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент
E-mail: kun2013@mail.ru)

Аңдатпа: Мақалада XX ғасырдың 20 жылдарының аяғы 30-жылдар басындағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерінің туу себептерінің бірі - мемлекеттік астық дайындау науқаны, ауыл шаруашылығындағы күштеу шаралары барысындағы ұлтаралық қақтығыс көріністері, себеп-салдары қарастырылған. Зерттеуде архив құжаттары негізінде большевиктік аграрлық саясатты жүзеге асыру барысындағы ұлтаралық қақтығыстар фактілері келтіріліп, дайындау науқандарының зорлықшыл механизмі талданған. Қазақ өлкесіне «көмек» деген желеуімен қазақ шаруаларын мүліктен айыру, қуғындау үшін әкелінген жұмысшы бригадалары, «25 мыңдықтар», коммунистік отрядтардың ұлттық құрамы, ұлтаралық қақтығыс туғызу фактілері, Түріксіб темір жол құрылысындағы ұлтаралық қарым-қатынастардың шиеленісуі нақты деректер негізінде баяндалған.

Кілт сөздер: астық дайындау науқаны, шаруаларға қарсы репрессия, жұмысшы бригадалары, «25 мыңдықтар», шаруашылық-саяси науқандар, ұлтаралық қатығыстар, ұлыдержавалық шовинизм, коммунистік отрядтар, Түріксіб құрылысы, шаруа көтерілістері

Мақала «*Кеңестік Қазақстан: әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихының тағылымы (1920-1991 жж.)*» ЖТН АР09259347 гранттық жобасын іске асыру аясында орындалды.

МРНТИ 03.20

ХЛЕБОЗАГОТОВИТЕЛЬНАЯ КАМПАНИЯ И ПРОЯВЛЕНИЯ МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫХ КОНФЛИКТОВ В ЖЕТИСУ (1928-1932 ГГ.)

Е.И. Стамшалов^{1*}

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

*Автор-корреспондент
E-mail: kun2013@mail.ru)

Аннотация: В статье рассмотрены формы проявления межнациональных конфликтов в конце 20-х начале 30-х годов XX века, в ходе государственной хлебозаготовительной кампании, насильственных мер против крестьян в Жетысу. В исследовании на основе архивных документов приведены факты межнациональных конфликтов при реализации большевистской аграрной политики, проанализирован насильственный механизм заготовительных кампаний. На основе фактических данных изложены

предпосылки разжигания межнациональных розни, обострения межнациональных отношений в строительстве Турксиба. Так же продемонстрирован национальный состав коммунистических отрядов, «25 тысячники», рабочих бригад, мобилизованных в Край для содействия заготовительных мер.

Ключевые слова: Хлебозаготовительная кампания, репрессии против крестьянства, рабочие бригады, «25 тысячники», хозяйственно-политические кампании, межнациональные розни, великодержавный шовинизм, коммунистические отряды, строительство Турксиба, крестьянские восстания

IRSTI 03.20

GRAIN PROCUREMENT CAMPAIGN AND MANIFESTATIONS OF INTERETHNIC CONFLICTS IN ZHETYSU (1928-1932)

E.I. Stamshalov^{1*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: kun2013@mail.ru)

Abstract: The article considers the forms of manifestation of interethnic conflicts in the late 20s and early 30s of the XX century, during the state grain procurement campaign, violent measures against peasants in Zhetysu. The study, based on archival documents, presents the facts of interethnic conflicts in the implementation of the Bolshevik agrarian policy, analyzes the violent mechanism of procurement campaigns. On the basis of actual data, the prerequisites for inciting interethnic discord, aggravation of interethnic relations in the construction of Turksib are outlined. The national composition of the communist detachments, “25 thousand people”, working brigades mobilized to the Region to promote procurement measures is also demonstrated.

Key words: Grain procurement campaign, repressions against the peasantry, work brigades, «25 thousand people», economic and political campaigns, ethnic strife, great-power chauvinism, communist detachments, construction of Turksib, peasant uprisings

Кіріспе. Кеңестік Қазақстанның тарихының XX Ғасырдың 20-30 жылдарындағы ауыл шаруашылығын кеңестік қайта құру бастамалары қасіреті ұлттың жадында мәңгіге қалды. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүргізу салтын күштеп өзгерту, географиялық ерекшеліктеріне орайласып қалыптасқан өзіндік күнкөріс дағдысын қирату, мүліктен айыру ашаршылық, көтерілістер, босқыншылық сияқты орны толмас апаттарға алып келді. Қазақтанның ұлтаралық қарым-қатынас Патша билігі кезінен өте өзекті болып келген өңірі – Жетісудағы қазақ шаруаларының бас көтеруінің әлеуметтік себептермен бірге ұлттық себептері де болды. Кеңестік тарихнамада жасырып-жабылған 20-30 жылдардағы ұлтаралық қақтығыстар мәселесі әлі күнге дейін тыңғылықты зерттеу нысаны болған емес. Патшалық Ресей мен Кеңестік мелкеттің ұлт саясатындағы сабақтастық өз алдына өзекті тақырып саналады. Жаңа өкіметтің шаруашылық-саяси науқандарында ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі қайшылықты көріністерімен көрінді. Жетісудің бірқатар аймақтарында қазақ шаруалары мен орыс шаруалары тізе қосып, кеңестік тонаушылық саясат – дайындау науқандарына, жан төзгісіз салықтарға қарсы тұрды. Сонымен қатар 20-жылдарда қазақ шаруаларының пайдасына үлестірілген жайылымдық, егіндік жерлер үлестіру саясаты кеңестік дамудың жаңа кезеңінде кері бағытта жүргізіліп, орыс шаруашылықтарының пайдасына қайтарылды. Жетісудағы кеңес-партия аппаратында европалықтардың басымдығы ұлттық мәсленің әрқилы формада көрініс беруіне әкелді. Біршама уақыт толастаған келімсек шаруалардың Жетісуға әкелу процесі қайта жанданды. Далалықтарға жаңа аграрлық саясатты, ұжымдастыруды үйретуді желеу еткен ұлттық құрамы негізінен европалықтардан тұрған «25 мыңдықтар», жұмысшы бригадалары қазақ шаруаларына қысымды күшейтті. Жаңа өкіметке саяси берілгендік принципімен негізінен қазақ шаруаларының бас көтеруін жаншу үшін ұйымдастырылған коммунистік отрядтар құрамында да европалықтардың басымдығы көрінді. Қазақ шаруалары көтерілістерін басуда тіпті тау-кен экспедицияларына дейін ат салысқан жағдайлар болды. Жасыру мүмкін болмаған көрініс беріп отырған ұлтаралық қақтығыс, жанжалдарды таптық негізде талдап, екі тарапты тыныштандыру мақсатындағы кеңестер билігінің шаралары түпкілікті оң нәтиже бермеді. Мақалада кеңестік кезеңде бүркемеленіп келген күрделі әлеуметтік процестердегі ұлтаралық қақтығыс мәселесі архив деректері негізінде талданады. Бұған қоса 20-30 жылдардағы ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін арқау болған отандық және шетелдік тарихшылар зерттеулеріне талдау жасалған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында тексеру арқылы ғылыми объективті талдау тәсілі негізге алынды. Жетісу өңіріндегі кеңестік аграрлық саясат пен науқандар барысындағы ұлтаралық қатығыстардың туу себептері, өкімет тарапынан бағалануы, нәтижелері жан-жақты шынайы көрсетілді. Ғылыми мақалада жинақтау, салыстыра талдау, қорыту әдістері пайдаланылды. Методологиялық плюрализм қағидасына басымдық беріліп, өңірдегі аграрлық модернизация туғызған ұлтаралық қақтығыстар мәселесін талдауда диффузионистік методология элементтері пайдаланылды.

Талқылаулар. XX ғ. 20-жылдар аяғы мен 30-жылдар басындағы Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы кеңестік аграрлық қайта құру шараларында көрініс берген ұлтаралық қақтығыстар мәселесіне назар аударған қазақ саяси эмиграциясының көшбасшысы Мұстафа Шоқай болды. 1930 жылдың 18 ақпанындағы «Түркістандықтар бас имейді» атты мақаласында американдық журналист Линдсей Хобсеннің Париждегі «Пари-Миди» газетінде жарық көрген Түркістанға сапар бойынша жазбасын талдаған М. Шоқай автордың Түркістандағы кеңес билігінің орыс әскеріне сүйеніп тұрғанын дәл байқағанына назар аударады. М. Шоқай Л. Хобсеннің: «Барлық жерде әскерлер. Тіпті Ташкент станциясы да солдаттарға толы. Олар жергілікті халықтың шабуылынан тайсалып, жалғыз жүрмей, екі-үштен жүреді... Солдаттардың дені ішкі губерниялардан келген орыстар», – деген жолдарына айрықша мән беріп, айтылғандардың өзі редакторлық қылатын «Яш Түркістан» журналындағы мақалаларымен үйлесуіне қуанышын жасырмаған (Шоқай, 2012, 4-том:273). 20-30 жылдар өткеліндегі Жетісудағы ұлтаралық қақтығыстар мәселесі кеңестік кезең зерттеулерінде тыс қалды деуге де болады. Жетісудағы ауыл шаруашылығы туралы арнайы зерттеу еңбек жазған А. Тұрсынбаев: «...қазақ көшпелі және жартылай көшпелі халқының отырықшылыққа өтуі тек орыс жұмысшы табының жан-жақты көмегімен ғана жүзеге» асатынын атап көрсеткен (Тұрсынбаев, 1950:119). Қазақстанның осы кезеңдегі аграрлық тарихының маманы Г.Ф. Дахшлейгер 1921-1922 жылдардағы жергілікті қазақ шаруаларын жермен қамтамасыз еткен жер-су реформасын «бірінші кезекте міндеттер қатарында болғанын» көрсеткен (Дахшлейгер, 1965:285). 1925 жылдың сәуіріндегі бүкілқазақтық Кеңестердің 5-съезінде бірінші кезекте қазақ шаруаларына жер беру, келімсек орыс шаруаларының тек 1922 жылдың 31 тамызына дейін келгендерін ғана жерге орналастырып, қалғандарын келген жеріне қайтару шешілді. Г.А. Дахшлейгер 1924 жылы құрылған Серафимов бастаған Орталық Атқару комитетінің ерекше комиссиясы қорытындысында орыс шаруаларының «зорлық көріп отырғаны» көрсетілгені, осының кесірінен Жетісудағы жағдай шиеленіп орыс және қазақ шаруаларының жерге таласының өрістегенін талдаған (Дахшлейгер, 1965:290). Зерттеуші жер бөлінісіне байланысты Жетісудағы ахуал шиеленіскенін атап көрсеткенімен, нақты фактілерге орын бермеген.

Қазақстан тарихының 1920-1930 жылдардағы трагедиясы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттелуінің қарқын алуына 1991 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысымен құрылған құрамына М.Қ. Қозыбаев (төраға), Қ.С. Алдажұманов, М.Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков және т.б. тарихшы, заңгер ғалымдар енген күштеп ұжымдастыру мен саяси репрессияларды зерделеу комиссиясы зор үлес қосты. 1992 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеген комиссияның қорытындысы баспасөзде жарияланды (Қолдан жасалған қасірет, 1991). Құжатта геноцид деп бағалауға боларлық аштық пен күштеп ұжымдастыру зобалаңына себеп болған Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы», 1930 жылғы ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулылары зерттеліп, саяси-тарихи бағасы берілді. Комиссия қорытындысында Жетісу өңіріндегі кеңестік күштеу саясатынан деректер келтіріліп, «ең күшті қысым қазақ ауылдарына түскені» атап көрсетілді (Қолдан жасалған қасірет, 1991:2). Тарихшылар Ж. Әбілқожин мен Қ. Алдажұмановтың мақаласында 30-жылдардағы шаруалар трагедиясына «этноцид» айқындамасы берілген (Алдажұманов, Әбілқожин, 1992). Ғалымдар тарихи процесті тұтастай қарастырғанда жергілікті ұлт өкілдерінің орасан зор мөлшерде қырылып, босуына әкелген аграрлық өзгерістердің бір этносқа бағытталған қиянат есебінде бағалауды жөн көрген. Осы кезде М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, Қ.С. Алдажұмановтардың бірлескен зерттеуі жарық көрді (Қозыбаев, Абылхожин, Алдажұманов, 1992). Авторлар тобының бұл зерттеуінде астық дайындау науқаны барысында шаруаларды қудалауды, кулактарды жоюдың зардаптары байыпты сараланды. Бұл зерттеуде батыс советологиясына сын тұрғысынан шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің кейбірінде шындыққа ұмтылу байқалғанымен, кейбір еңбектерде әділ таразылаудың көлеңкесі де жоқтығы айтылған. Зерттеушілер 30-жылдар трагедиясы сияқты күрделі мәселені тыңғылықты зерттеуде «өз отандық тарихымыздың мәселелерін өзімізден артық басқа ешкім шешпейді» - деген қорытынды жасайды (Қозыбаев, Абылхожин, Алдажұманов, 1992: 27). Соңғы жылдарда жарық көрген еңбектердің ішінде М. Қойгелдиевтің зерттеуінде 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу мәселесіне орай орыс деревнясын «Кіші Октябрьден» арашалап отырған БК(б)П Қазақстан Өлкеком хатшысы Ф. Голощекинге қарсы шыққан С. Сәдуақасовтың Жетісуда кеңес өкіметі «кулак-шаруалар өкіметі ретінде пайда болғаны» туралы тезисін келтірген (Қойгелдиев, 2020:138). М. Қойгелдиевтің бұл зерттеуі 30-жылдар тарихи оқиғаларын жаңаша саралауымен құнды. Профессор Қ. Алдажұмановтың тарихнамалық мақаласындағы шетелдік тарихшылардың арасында «қырғи қабақ соғыс» сөз саптауын жалғастырушылар да бар екенін көрсеткен (Алдажұманов, 2013:96). Шындығында, қазіргі кезде геосаяси текетіреске (Батыс – Ресей, Батыс – Қытай) бейіл жаңа полистердің туындауы жағдайын ескергенде, тарихшының сөзін негізсіз деуге болмайды. Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде хронологиялық, тақырыптық тұрғыда «еркіндік» көзге ұрып тұр. Американдық зерттеуші С. Камерон өз зерттеуінде шетелдік әріптестерінің еңбектеріне тарихнамалық шолуында тарихшылардың методологиялық ұстанымдарына назар аударған. Оның көрсетуінше, француз ғалымы Изабель Огайон қазақ шаруаларының отырықшылыққа өтуін әлеуметтік тарих тұрғысынан зерттесе (Огайон, 2009)

итальяндық ғалым Николла Пьянчола осы тақырыпты зерттеуі керісінше экономикалық тарихқа негізделген. Ал неміс ғалымы Роберт Киндлердің зерттеуі әртүрлі топтардың қысымына баса назар аударған. С. Камерон өз зерттеуінде қоршаған орта тарихы пәнімен байланыстырыла зерттеліп, аграрлық өзгерістер өткен тарихпен байланыста қарастырылғанын көрсеткен (Камерон, 2020:11). Фундаментальды зерттеу деуге келмейтін бұл еңбектерде түрлі «сәнді» ұғымдарды пайдалануға полиграфия нарығы міндеттеп тұр ма деген ой туады. Әрине, методологиялық жағынан, тарихи-ғылыми сараптама жағынан шетелдік тарихшылардың еңбектерінің өзіндік құндылығы бар. Тек бұл зерттеулердің жүйелілігін сыни тұрғыдан талдау да керек екенін көрсете кету артық болмайды. «Либералдық тарихтың» (белорусь ғалымы Л. Семенованың айқындамасы) өкілдері Қазақстандағы гендердік тарих, аштық тудырған каннибализм көріністері сияқты мәселелерді күн тәртібіне қоюға әуестеніп жатқаны да белгілі. Р. Киндлер өз зерттеуінде Қазақстандағы ұлтаралық жағдайға жеке тоқталған. Азамат соғысынан кейінгі елде қалыптасқан жерге байланысты ұлтаралық қарым-қатынасқа шолу жасаған автор Жетісудағы жер үшін тартыс шиеленісті сипатта болғанын көрсеткен (Киндлер, 2017:84). М.П. Серафимов комиссиясының Жетісудағы орыс шаруаларын жермен қамтамасыз етудің ақыры ҚазақАССР құзырынан тыс, 4 болыстан тұратын КСРО БОАК-не тіке бағынатын арнайы ұлттық округ құру туралы ұсыныс жасағанын талдаған. Орыс шаруаларына берілетін жаңа автономды округті М.И. Калининнің атымен атауды ұсынған М.П. Серафимовтың ұсынысы ҚАССР ОАК төрағасы Ж. Мыңбаевтың қарсылығымен өтпей қалды. Ұлттық-жерлік бөлініс мәселесінің қызу талқысын топтар арасындағы қақтығыс деңгейінде талқылған Р. Киндлердің кейбір қорытындылары кеңестік кезеңнің үгітші-тарихшыларының пікірлеріне ұқсас келетіні байқалады. Р. Киндлер біржақты большевиктік талдау орталықтарының материалдарына сүйеніп, Қазақстан өлекомы мен жергілікті партия органдарындағы топшылдықты ұлттық негізден тыс қарабайыр талқылайды. Большевиктік билік өкімет сатыларына көтерген тұлғалардың өсу динамикасын ескерместен, Құлымбетов – Алманов, Қожанов – Сәдуақасов топтық қарсылықтарына біржақты баға берген (Киндлер, 2017:97, 98). Астық дайындау науқанының қазақтарды түпкілікті тонағаны жөніндегі Киндлердің қорытындысы құптарлық. Шетелдік әріптестерінің ішінде аграрлық тарихтың ішкі құбылыстарын жүйелі талдап, құнды архив деректерін ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленген Р. Киндлер зерттеуінде Жетісудағы ұлтаралық қақтығыс көріністерінен фактілер келтірілмеген. Италия тарихшысы Н. Пианчиола мен қазақстандық зерттеуші Ә. Жарасовтың бірлескен мақаласында: «1929-1931 жылдардағы шаруа көтерілістерінде орыс шаруалары елеулі мөлшерде құрбан болған жоқ. Алайда, бұл 1930 жылдардың басында этникалық қайшылық өзекті болмады дегенді білдірмейді. Бұл көбіне 1929-1931 жылдардағы күштеу әрекеттері қала мен ауылдың бөлінісімен қатар жүргеніне, қала тұрғындарының «коммунистік отрядтарға» жинақталғанына байланысты. 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы қала халқының басым көпшілігі европалықтардан құралды. Сол себепті бұл майдан Қазақстандағы бастапқы сталиндік қысым кезеңінде Кеңестік республикадағы этникалық қарама-қайшылықты жекелеген жағдайда (басым түрде емес) қамтыды», – деген қорытынды жасалған (Pianciola, Zharasov, 2020). Жетісудағы астық дайындау науқанындағы қысымға жауап ретінде 1928 жылдың көктемінде Талдықорған уезіне қарасты Аралтөбе селосындағы орыс шаруаларының ұйымдасқан көтерілісі барысы мен ондағы ұлтаралық қатынастар көрінісі Е. Стамшаловтың зерттеуінде қарастырылған (Стамшалов, 2020).

Жетісудағы астық дайындау науқаны жән оның барысындағы ұлтаралық қарым-қатынастар туралы деректер қазақстандық жинақтарда берілген (Трагедия казахского аула, 2013, 2018). Ресейде жарық көрген жинақтар бұрын құпия саналған құжаттарды ғылыми айналымға шығаруымен құнды (Трагедия советской деревни, 2001; Из истории депортации, 2012). Соңғы кезде жарық көрген көлемді деректер жинағы ретінде «Ашаршылық. Голод. 1928–1934» деп аталған 3 томдық құжаттар жинағын атауға болады (Ашаршылық, 2021). Тарихшы Б. Әбдіғали жауапты редактор болған жинаққа ұлтаралық қақтығыстар мәселесін көрсететін деректер енгізілмеген. Ұсынылған мақаланың деректер қорын жарық өрген құжаттар жинақтарынан бөлек, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президент архиві (бұдан әрі – ҚР ПА) деректері құрады. ҚР ОМА-нің 30-қоры (Қазақстан АССР ХКК жанындағы жанындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарды отырықшыландыру жөніндегі комитет), 251-қоры (РСФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімшесі) деректері ҚР ПА-нің 141-қоры (БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті) құжаттары пайдаланылды.

Нәтижелер. 1928 жылдың аяғында, 1929 жылдары қолданылған ірі байларды тәркілеу, жер аудару саясаты Қазақстанда РСФСР-де алғашқы болып іске асырылды. 1927 жылдың қараша айында БК(б)П Қазақстан өлкелік партия ұйымының 6 - конференциясында байларды экспроприациялау (тәркілеу) туралы мәселе қаралып, ірі байлардың малы мен құрал-сайманының бір бөлігін тартып алуға жол берілетіні айтылды. Бұл саясаттың өзі ауылды орташаландырып, өндіруші күштерін дамытуға және жұмысшы табының ауылдағы шаруалармен одағын нығайтады деп саналды (Қолдан жасалған қасірет, 1992:1). Байларға арналған жеке салықты орындау мүмкіншілігі жоқ шаруашылық иелері мал мүлкі тәркіленді. Осылайша, тарихшы Ж.К. Жұмабаева көрсеткендей, «қазақ аулында тәркілеу шаралары өкімет қаулысынан 6-7 ай бұрын басталған» еді (Жұмабаева, 2000:18). Байларды жер аудару шаралары да жаппай 1928 жылғы 27-тамыздағы декреттен кейін басталды дегенмен, таптық жазалаудың бұл шарасы оған дейін де жүргізілген. Осы мақсатпен 20-жылдардың басында советтік құрылысқа жау күштерді анықтап, жер аударумен айналысатын арнайы комиссия жұмыс істеген (Рвайдарова, 2017).

КАССР халық комиссарлар кеңесі төрағасы Н. Нұрмақовтың 1928 жылдың 24-25 қарашасында

Жалпыресейлік Орталық атқару комитетінің 3 сессиясында жасаған баяндамасында Жетісу өңірінің ауыл шаруашылығы жағдайына арнайы тоқталады. Т. Рысқұловтың сол жиында Жетісу шаруасына лайықты көңіл бөлінбей жатқанын, соғыстан бұрынғы егіндік жердің 50% пайдаланылмай жатқаны туралы сынына жауап берген Н. Нұрмақов Жетісуға «зер салу» тек қазақ үкіметінің айналысуымен болмайтынын, орталықтың қаржылық жағынан қарасуы керек екенін атап көрсетеді. Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Жетісудегі астық шаруасын өркендету үшін алдымен жол қатынасы жандануы керектігін айтады. Оның айтуынша, егін бітік шыққан жылдары Жетісудің Лепсі уезінде бидайдың центнері 1 сом 30 тиынға шейін төмендеп кеткен. «Бұл шыққан егінді керекті жеріне апаруға мүмкіндік болмағандықтан осыны көріп отырып, бидай сеуіп, шаруа жынды болып па? Көре-біле зиянға ұшырағанша деп олар бас салып мал шаруасына жабысады. Жетісу елінің шаруашының жүдеулігін сөз қылғанда осыны да еске алу керек», – дейді Н. Нұрмақов. Өз сөзінде Н. Нұрмақов Т. Рысқұловтың сөзіне қарымта ретінде Жетісуда 1921 жылы өңір Түркістан республикасына қарап тұрған кездегі жер реформасының кемшіліктері болғанын айтып өтеді. Н. Нұрмақовтың бұл баяндамасында үстірт түрде астық дайындау науқаны, салықтан жасырылған малды табу сияқты науқандарға қатысты айтылып өтеді. Ол астық дайындау науқанында Киселевтің комиссиясы атаған кемшіліктер тек Семей губерниясына ғана тән деп ақталған (Нұрмақов, 2005:123). Бұл арада түсініктеме бере кетейік. БОАК Президиумы хатшысы Киселев Қазақ АССР-іне комиссия жасақтап, екі мәрте келген. 1927 жылдың күзінде БОАК Президиумы Қазақстанға жіберген Киселевтің бірінші комиссиясы қорытындыларын алдымен БК(б)П ОК-нің Саяси бюросына ұсынған. Осы комиссия қорытындылары негізінде 1928 жылдың 19 қаңтардағы Саяси бюро «Қазақстандағы жерге орналастыру туралы» мәселе қарады. Саяси бюро қабылдаған қаулының жетінші бабында Жетісу губерниясында переселен және жергілікті тұрғындар арасындағы жерге байланысты қатынастың шиеленісіп кетуі атап өтіліп, Өлкекомға губерниядағы бұл жұмысты жүргізуді тексеруден өткен қызметкерлерге тапсыруды міндеттеген еді (Қойгелдиев, 2020:193, 195). Н. Нұрмақовтың жоғарыдағы БОАК 3-сессиясында көрсеткеніндей, Киселевтің екінші комиссиясы шынымен-ақ, Семей губерниясын ғана қамтитын еді. 1928 жылдың 9 қыркүйегінде БК(б)П Қазақ Өлкеком бюросында БК(б)П ОК комиссиясының Семей губерниясында астық дайындау және салық науқанын жүргізу кезінде революциялық заңдылықтың бұзылуы туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндама тыңдалған Өлкеком бюро мәжілісі хаттамасында комиссия төрағасы Киселевтің: «Өткен жылғы Жетісу бойынша біз (жолдастарды) орнынан алу туралы ештеңе ұсынған жоқпыз, ал мұнда (Семей бойынша) қарарда солай енгізу қажет деп санаймыз» - деген сөзі көрсетілген (Трагедия казахского аула, 2013:23). Мұнда қаралған негізгі мәселе Семей округі бойынша қазақ шаруаларының қысымға алынып, олардың жерін орыс шаруаларының пайдасына тартып алу фактілері болатын.

1928-1929 жылдардағы Жетісудағы астық дайындау жылдық жоспары 2 000 000 пуд болған. Жоспардың 1 миллион 834 пуды жиналып, 91,7%-ға орындалды. Оның ішінде тұтыну кооперациялары үлесі – 67,4%, кооперациялар – 19,8%, Астықодағы – 21,8%-ды құрады. 1929 жылдың 25 шілдедегі БК(б)П Алматы округтік комитеті бюросында астық дайындау бойынша жоспардың орындалмауының басты себебі ретінде «кулак-бай элементтердің жоспарды орындатпауға бағытталған қарсылығы» көрсетілді (ҚР ПА, 2640:19). ОГПУ-дің экономика бөлімінің бастығы Кеммер мен оның Қазақстандағы өкілі Гуляевтің мәліметтерінде астық дайындау науқаны басынан 1929 жылдың 8 қазанына дейін тұтқындалғандар саны барлық категориялар бойынша қалаларда 32, деревняда 15 адам болған (ҚР ОМА, 2640:259). Дәл осы ОГПУ ЭКО жүйесінің 1929 жылдың 5 қарашасындағы мәліметтеріндегі көрсеткіш тым көп екенін көруге болады. Мұнда астық дайындау науқаныны басталғаннан бері Алматы округінде ҚК-тің 58-10, 58-8 баптарымен қалаларда -26, деревняда – 355 адам, ҚК-тің 61,107 баптарымен деревня кулактардан – 96, алыпсатарлардан 107 бап бойынша: қалаларда – 42, деревняда – 14, осы бап бойынша саудагерлерден қалаларда – 3, деревняда – 1 адам тұтқындалғаны көрсетілген. ҚК-тің 110-111 баптары бойынша дайындау сауда мекемелерінің лауазымды тұлғалары мен жетекшілерінен 15 адам қамалған. Округ бойынша лауазымдылардың барлық категориялары бойынша қалаларда – 86, деревняда – 146 адам тұтқындалған (ҚР ПА, 2640:266).

Іле ауданы бойынша уәкіл Әлжановтың есебінде ауданға түсірілген жоспар одан әрі ауылдарға тек механикалық тәсілмен бөлінгенін баяндалады. Ал ауылға түскен жоспар көлемі де шаруашылықтарға тең бөлінген. Бұла арада шаруашылықтардың қанша егіндік алқабы бар екені ескерілмеген. Осының салдарынан егіншілікпен мүлде айналыспайтын аздаған ғана егіні бар малшы қазақ шаруашылықтарына да көп көлемдегі жоспар жеткізілген. № 3,4 және 9 ауылдарда тұрғындар жоспар орындау үшін малдарын сатып, одан түскен қаржыға орыс шаруаларынан астық сатып алған. Мұның өзі қазақ шаруалары мен орыс шаруаларының арасындағы қарым-қатынасты шиеленістірді. Қазақтар «орыстардан астық алынбайды, ал бізді малымызды сатуға, орыстардан астық сатып алып, дайындаушыларға тапсыруға мәжбүрлейді. Мысалға бес аты, екі түйесі, 30 қойы бар, бір десятина ғана егін себетін бір азаматқа 70 пұт астық салынған.» - дейді. Аудандағы егіндік көлемін есептеген Әлжанов Іле ауданы бойынша жоспар тым асырып берілгенін жасырмайды. Оның есебі бойынша, аудандағы астық көлемі 3,548 гектар, әр гектардан 25 пұттан астық жиналған күнде жалпы өнім 208,651 пұтты құрайды. Қара бидай алқабы – 4.410 гектар, 42 пұттан жиналған күнде жалпы көлемі 188,446 пұт болады. Құнақ пен тары алқабы 2,037 гектар, гектарына 48 пұттан жиналса жалпы көлемі 90.211 пұт болады. Сұлының алқабы – 2,345 гектар, гектарына 60 пұттан жиналғанда, жалпы өнім 152.000 пұт.

Арпа егілген алқап 713 гектар, гектарына 50 пұт өнім алынса, жалпы жиыны 35.616 пұт болады. Жалпы нәтиже: алқап көлемі – 13,185 гектар, жалпы өнім – 680.760 пұт. Ал қажеттілік 685 пұт. 554 пұт көлемін құрайды. Жетпейтін астық көлемі 6.000 пұтты құрайды (ҚР ПА, 2640:23). Уәкілдік міндетті шынайы жағдайды ескеріп, ахуалдағы асыра сілтеуді болдырмай, орталыққа шынайы ақпарат берген Әлжанов сияқты уәкілдер де болған.

Астық дайындау науқанына жұмылдырылған Түркісіб жұмысшылар бригадалары есебінде нақты көмек шараларынан бөлек, шаруалардың арасындағы саяси көңіл-күй, партия, комсомол мүшелерінің қызметі талданған. А. Тұрсынбаев және басқалардың кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулерінде жұмысшылар бригадаларының шаруашылықтарда құрал-саймандарды жөндеу сияқты практикалық қолқабыс жасағаны ғана айтылып, олардың село-ауылдағы саяси ахуалға әсері, мәліметтер жинаған барлау қызметі айтылмаған. Жұмысшылар бригадалары сияқты кеңестік тарихнама біржақты мадақ сипатында көрсеткен қала жұмысшы табының ауыл-селоға үгіт жұмысы «жиырма бес мыңдықтардың» қызметінде де көрінді. БК(б)П ОК 1929 жылғы қараша пленумын шешімімен 25 000 өнеркәсіп орындарының жұмысшылары деревняға аттандырылды. Қазақстанға «25 мыңшылардың» 1204 жұмысшы орны. Олардың 704-і Москва және Орехово-Зуево өндіріс орындарынан болатын. Қалған 500 жұмысшы Украинаның Харьков, Донбасс өңірлерінен келді. Қазақстанға келген 1204 «25 мыңшының» 120-сы Алматы округіне қалдырылып, оның 105-і колхоздарға бөлінді. Алматы округіне келген «25-мыңшылардың» басым көпшілігі орыс және аралас этностар тұратын аудандарға жіберілді (Турсунбаев, 1950:103). Қазақстанға келген 25-мыңшылардың басым көп бөлігі партия мүшелері (915 адам) болатын. Келгендердің 202-і комсомолдар болды. «25 мыңшылардың» әлеуметтік құрамы, Алматы округіндегі қызметінің кемшіліктері ОГПУ ақпарларында көрсетілген. Ақпарларда Алматы округіндегі «25 мыңшылар» үнжырғасы түсіп, тұқым қоры жоспарының орындалатынына сенімі жоғалып, олардың қайтадан өндіріске оралғылары келетіні баяндалған. Алматы округіндегі келімсектердің мінез-құлықтары да үлгілі болмаған. ОГПУ ақпарларында жүргізілген тергеу арқылы Чернореченск колхозы төрағасы, москвалық жұмысшы Пономарев жүйелі түрде ішімдік ішіп, жеңілтектікке салынғаны анықталған. Талдықорған ауданы Қарабұлақ комбинатының меңгерушісі, тағы бір мәскеулік Орлов ішкілік құмарлық, басбұзарлық, құмарпаздығы үшін қызметінен алынған. Орловтың орнына ұсынылған мәскеулік Соколов БК(б)П партия ұйымының қарсылығын туғызған (Из историй депортации, 2012:241, 242).

Жалпы алғанда, Алматы округкомында ұлты орыс өкілдердің басымдықта болуы кеңес өкіметінің алғашқы күнінен басталды. Округкомнан келетін іс қағаздарының тек орыс тілінде болуы жергілікті өкімет органдарына аз қиыншылық тудырмаған. Алматы округтік әкімшілік бөлімі нұсқау-бұйрықтарын тек орыс тілінде жібере беруіне наразы Бөрібаев аудандық милиция бастығы 1928 жылдың 12 желтоқсанында №167 қатынас хатында: «(Нұсқаулар) бұдан ары да орыс тілінде ғана жіберілетін болса, оны оқымай қайтарамын, өйткені орыс тілін түсінбеймін», – деп көрсеткен. Аудандық милиция бастығының бұл қатынас хатына округтік әкімшілік бөлімінің бастығының орынбасары Сейсекенов: «Солай-ақ болсын», – деп бұрыштама жазған (ҚР ПА, 1431:17,18). Қалалардағы ұлтаралық қақтығыстар көрініс бере бастады. ОГПУ-дың Қазақ өлкелік партия басшылығына 1929 жылдың 26 ақпандағы ақпарында осы жылдың 14 ақпанында Талдықорған қаласының базарында 3 орыс ұлтты адам «теніктік әрекет жасап», ұлттық кемсітушілікке жол беріп, 3 еврей мен қазақтарды соққыға жыққаны баяндалған. Ұлттық негізде басланған төбелеске базардағы басқа орыс тар мен қазақтар араласып кеткен. Басбұзарлыққа себепші болғандар тұтқындалып, келешекте «көрнекі процесс» жүргізу үшін тергеу басталған (ҚР ОМА, 17:142). Дайындау науқандарымен бірге жүргізілген отрықшыландыру шарасы да әміршіл тәсілге сүйенді. Шаруалардың жағдайын ойлаудан гөрі жоспар қуушылық Жетісудағы шаруалар наразылығын арттыра берді. 1928 жылғы Жетісу аудандарында байқалған жұт белгілері мен жоспар мен салықтар қысымы шаруалар наразылығының ашық көрініс беруіне алып келді.

Ауыл шаруашылығын қайта құруға байланысты кеңестік реформалар орыс шаруаларымен қатар қазақ шаруаларының астық дайындау, салық ауыртпашылығынан қашып, маңайдағы Түріксіб темір жол бекеттерін паналауға мәжбүр етті. Ұлттық құрамы негізінен еуропалықтардан тұрған Түріксіб бекеттерінде жұмыс істеген қазақ шаруалары ұлттық кемсітушілікке ұшырады. Бұл жөніндегі фактілер ҚАССР юстиция халкомының тапсырмасымен 1930 жылдың 30 тамыз мен 29 қыркүйек аралығында Түріксібтің Солтүстік участкесі – Алматы-Семей бағытын тексерген юстиция халкомы жанындағы прокурор Бредихиннің 3 қазандағы есебінде келтірілген. Прокурордың Семей, Аякөз, Лепсі, Үштөбе, Айнабұлақ, Жоламан, Іле теміржол бекеттеріндегі тексеруі бастапқыда «күз-қыс астық жеткізу дайындығын» қарауды жоспарлаған. Алайда, прокурор куә болған кемшіліктер тексеру аясын кеңітуге мәжбүр еткен. Түріксібтегі ұлтаралық қатынастарға арнайы тоқталған прокурор Бредихин: «Құрылысшылар мен теміржолшылардың басқарушы буынының арасындағы шовинистік көңіл-күй әлі де орын алып отырғанын» атап көрсеткен (ҚР ОМА, 195:274). Бредихиннің есебінде, әсіресе, Аякөздегі ұлтаралық жағдай ерекше аталады. Есепте: «Мұндағы сергиполшілдік әлі жойылған емес», – делінген. Бредихин 1928 жылдың 31 желтоқсанында сол кезде Сергипол аталған Аякөздегі ұлтаралық жанжалды еске алып отыр. Тек орыстар жағынан Черниченко деген басқарған 150-200 Түріксіб жұмысшылары қатысқан бұл қақтығыс кезінде саны анықталмаған көп мөлшерде қазақтар соққыға жығылып, тәртіпті қадағалауға келген 3 милиционер ұрып-соғылып, қарусыздандырылған. ОГПУ-дің Қазақстандағы уәкілетті өкілі Волленбергтің ҚАССР ХКК төрағасына жолдаған есебінде қақтығыс чекистердің

араласуымен басылғаны, жанжалды мас адамдар бастағаны, қазақтарды ұрумен қатар базардағылардың заттары бүлдірілгені, бірнеше адамның тұтқындалғаны хабарланған (ҚР ОМА, 17:11 а). 1929 жылдың қаңтар айының соңында бұл жағдай туралы эмиграциядағы саяси қайраткер Мұстафа Шоқай хабардар болып, арнайы мақала жазып, Париждегі «Populaire», «Vor-warts» журналдарына жариялауға жібереді. М. Шоқай сенімді дереккөздерден алған ақпаратын «Советская степь» газетінің 1929 жылдың 30 қаңтардағы санындағы мәліметтермен толықтырып, Аякөздегі ойран кезінде жекелеген коммунистер мен комсомолдар таяқ жеген қазақтарға ара түсудің орнына айызы қанғанын, зорлыққа әдейі жол бергенін ашық көрсеткен. Сергиполдегі ойранға кінәлі деп танылып сотқа тартылған 18 адамның 10-ы сотталып, Илья Галков, Василий Соловьев және Николай Рыбин ату жазасына кесілген (Шоқай, 2013: 15-18).

Бредихиннің жоғарыдағы есебінде Сергиполь ойранынан кейін екі жыл уақыт өтсе де жағдай өзгермегенін көрсеткен. Темір жол бекетінде Гольдман есімді жол жөндеу шебері қазақтарды балағаттап, кеңседен қуып, жұмыстан босатамын деп қорқытқан. Богралов есімді ондық басқарушысы да Гольдманнан қалыспай, өз қарамағындағы қазақ жұмысшыларының еңбекақысын жеген. Аякөзге таяу Өтеқызыл разьезінде жол көрсетуші Говоров станцияның кезекшісі кондукторлар бригадасының көз алдында қазақ кондукторды жол көрсетушінің өз нұсқауын орындап, оның әйелінің товарлы поезға мінуіне рұсат етпегені үшін соққыға жыққан. Говоровтың басбұзарлығына куә болып тұрғандардың ешқайсысы қазақ ес-түссіз құлағанға дейін ара түспеген. №6 құрылыс участкесінде Понамарев есімді жол жасау шебері қазақ жұмысшылардың бірін дәретханаға қамап, адам нәжисін қолмен жинауға мәжбүрлеген. Айнабұлақ станциясының ондық бастығы Серебряков қарамағанындағы қазақ жұмысшыларын балағаттап, қудалап күн көрсетпеген. Жұмысшылар комитеті өздеріне түскен 30 жұмысшы қол қойған қазақтардың арызына мүлде құлақ аспай, «тиісті қолдар дұрыс қойылмаған» деген желеумен қабылдаудан бас тартқан. Аякөз станциясындағы қазақ жұмысшылары жергілікті теміржол жұмысшылар комитеті үлескерлері бола тұра, оларды кезекке жібермегендіктен, бірнеше күн бойына өздеріне тиісті нан үлесін ала алмаған. Кей жағдайда сатушылар: «Товарлар тек орыстар үшін жіберілді. Қалса ғана (сендерге) береміз» - деген. Қазақ жұмысшылар табандап кезекке тұрса, оларды дүкеннен итеріп шығарып, тұтқындаймыз деп қорқытқан. Айнабұлақ станциясында жұмысшылар жиналысында қазақтар сатушылардың өздеріне немқұрайлылығына шағымданған (ҚР ОМА, 195: 207, 274, 274 (а)). Прокурор Бредихин көрсетілген фактілер бойынша қылмыстық іс қозғаған. Аякөз станциясында Гольдманның ісі көрнекі сот процесіне әзірленген. Коопертивтердегі шовинизм көріністері бойынша 4 іс те көрнекі түрде өткізілген. Айнабұлақ станциясы бойынша шовинист Понамарев тұтқындалып, көрнекі сот процесін өткізу үшін ГПУ органдарына берілген (ҚР ОМА, 195: 275). Бредихиннің Түксібтің солтүстік бөлігі бойынша тексеруі ұлттық мәселенің басқа да қырларын ашқан. Темір жол бойынша ұлттық кадрлар дайындауды жолға қоюды ұсынған Бредихин, қазіргі жағдайда Іле станциясындағы дайындық курсының 300 тыңдаушысының тек 75-і қазақтар екенін, олардың арасында орыс тілін мүлде түсінбейтіндер болғанына қарамастан сабақтардың тек орыс тілінде жүргізілетінін, тұтас басқару аппараты орыстардан тұратынын қынжыла атап көрсеткен (ҚР ОМА, 195:276 а). Түксіб жұмысшыларын құрамындағы қазақтардың үлесінің аз екені кеңестік кезеңде насихат мақсатында жарық көрген басылымдарда да көрсетілген. 30-жылдардағы Түксіб туралы Түксіб мамандары С. Соколов пен К. Кулмановтың мақаласында 1930 жылы маман қазақ жұмысшылар теміржол жұмысшыларының жалпы санының 2,1%-ін, ал жартылай кәсіби жұмысшылардың 26,6%-ін құрайтыны жазылған (Түрксіб – магистраль социализма, 1986:50).

Жетісу өңіріндегі 30-жылдардағы ұлтаралық жағдай қарама-қайшылықты сипатта болды. Кеңестік дайындау науқандары мен өкіметтің бай-қулактармен күрес жүргізгенінде орыс шаруалары мен қазақ шаруаларының ымырасы байқалды. Жетісудағы ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерінде орыс, қазақ шаруаларының тізе қосып, бас көтеруінің мысалдары жеткілікті. Мұндай жеке мүдделерді ысырып, Кеңестік билікке қарсы ынтымақ Бүйен-Ақсу, Балқаш, Талдықорған аудандарында көрініс берді. Алайда, кеңестік жергілікті басқару мекемелеріндегі европалықтардың сандық басымдығы қазақ шаруаларының Кеңес өкіметін европалықтардың мүддесін қорғайтын билік есебінде қарайтыны байқалды. Кей жағдайда осындай көзқарас жазалаушы өкіметтің тарапынан да байқалып жатты. 30-жылдар шаруалар бас көтерулері кезінде Кеңес билігін мойындаған қазақ шаруаларның өзіне сенімсіздік таныту фактілері байқалып жатты. Архив құжаттары мұндай ұлтаралық қарсы тұру, өзара сенімсіздіктің халық көтерілістерінің сын сағатында айқын көрінгенін айғақтайды. Шаруалар бас көтеруі бүрк ете қалған 1930 жылдың наурызында Лепсіден ОГПУ жедел участкесі бастығы Мининнің Алматыдағы ОГПУ округтік бөліміне жолдаған ақпарында «қазақ тұрғындардың орыс шаруаларын қорқыту» фактілері бар екенін баяндайды. Ақпарда Оспан Жұмағұлов есімді кедей қазақ: «Үш күннен кейін біз өлеміз бе, орыстар өле ме көреміз», – деген. Мәліметте Алакөл ауданының Шарбақты ауылының екі қазағы қыс кезінде шекараның арғы бетіне өтіп, ол жақтан Қытайға бас сауғалап кеткен бір молданың өз жанұясы қалған Лепсіге үндеу хатын алып келгені айтылады. Көрсетілген үндеу хатта: «Осы жылдың сәуір айына дейін шыдай тұрыңдар. Сендерден төлеуді талап етсе, аздап төлендер. Шекарадан қашып өте алсаңдар, осы жаққа келіндер, мұнда біз шетелдік мемлекеттердің көмегімен эмигранттар отрядтарын құрып жатырмыз. Қиыр Шығыстан қарулы күштер келуге тиіс. Мұндағы Бакич отрядтары дайын тұр, бірлескен күштер арқылы Кеңес өкіметі мен орыстарды талқандаймыз, 1916 жылғы Пішпек уезіндегі ойранды еске алатын боламыз...», – деген сөздер болған. Бұл әңгімені Контсантиновка орман шаруашылығының орманшысы Жиенбаев жеткізген (ҚР ПА, 471:99).

Тағы бір дерек ұлтаралық қақтығыс көрінісін баян етеді. Мәскеудегі орталықтан БК(б)П ОК ұйымдастыру тобы басшысы Тулоповтың Қазақ өлкекомы мен Алматы округтік партия комитетіне жолдаған құпия хатында 1930 жылдың 21-25 наурызы аралығында Біже станциясында кулактар мен байлардың көтерілісін басу жөніндегі штаб жұмыс істегені айтылған. Осы Біже штабының бұйрығымен Мойынқұмға көтерілісшілерге қарсы отряд ұйымдастыру тапсырмасымен барған партия мүшесі Журавлев көтерілісші қазақтардың келе жатқанын айтып, ұлтаралық араздықты қоздырғаны баяндалған. Ұлтаралық қақтығыстың туындауына партия мүшесі Гавриченконың жұмысшыларды қаруларндыру үшін темір таяқшалар әзірлеу бастамасы себеп болған. Жұмысшылар күні-түні бейнеттеніп, 40 тал үшкір таяқша әзірлеген. Дайындалған қару тек орыс жұмысшыларға үлестіліреді де, қазақ жұмысшыларға еңбек құралдары таратылған. 21 наурыздан 22-іне қараған түні Гавриченконың тапсырмасымен қазақ жұмысшыларға үлестірілген құралдар олардың өз құралдарымен қоса жинап алынады. Еңбек құрал-сайманы алынып қойылған қазақ жұмысшылар барактарына қарулы күзет қойылып, іс жүзінде олар қамауға алынады. Қазақ жұмысшылардың бірі мұндай әділетсіздікке шағымданғанда Журавлев Оңтүстік Түркістің 5-ара қашықтық кеңсесінде әлгі қазақты қабырғаға тұрғызып, дөріленетін қарумен атып жібереді. Оқ қазаққа тимей, басын жанап өткен. Тулоповтың құпия хатында Түркісіб теміржолы 9-аралығында Журавлев пен басқа да партия мүшелері арасында «ұлыдержавалық шовинизм гүлденіп» тұрғаны көрсетілген. «Орыс және қазақ жұмысшыларын кулак, байларға тап ретінде бірлесіп майдан құрып қарсы тұру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана алмағаны үшін» Журавлев, Гавриченколар жауапкершілікке тартылады. 1924 жылдан партия мүшесі Журавлев БК(б)П мүшелігінен шығарылып, ісі ГПУ тергеуіне берілсе, 1923 жылдан партия мүшесі 5-ара қашықтығының меңгерушісі әрі әкімшісі Гавриченкоға қатаң сөгіс беріліп, Түркісіб Оңтүстік усақесіне қызметінен алу ұсынылды (ҚР ПА, 471:308). Түркістің осы бекетінде аға ондық қызметін атқаратын Прищенконың әрекеті қазақ және орыс жұмысшылардың арасында ұлт араздығын туғызған. 1926 жылдан партия мүшесі Прищенко киіз үйде тұратын ондық қызметін атқаратын 2 қазақтың баспанасын тартып алмақ болады. Киіз үйді беруден бас тартқан қазақтардың мүлкін талқандамақ болған Прищенко басқа да бірқатар қылмыстары үшін партия мүшелігінен шығарылып, тұтқынға алынған (ҚР ПА, 471:309).

Omarbekov T. 20-30 jıldardagy Qazaqstan qasireti (Tragedy of Kazakhstan in 20-30 years): Komekshy oqu quralı. Almaty, 1997. 320 b. [In Kazakh].

Otkochevniki. Letopis' kazakhskogo kolkhoza imeni Dal'nevostochnoy Krasnoy Armii v Nizhnetavdinskom rayone Tyumenskoy oblasti. 1938-1945 gg. (Otkochevniki. Chronicle of the Kazakh collective farm named after the Far Eastern Red Army in the Nizhnetavdinsky district of the Tyumen region. 1938-1945) Tyumen': OAO «Tyumenskiy dom pečati», 2010. 144 s. [In Russian].

Ot Urala do Yeniseya (narody Zapadnoy i Sredney Sibiri). (From the Urals to the Yenisei (peoples of Western and Central Siberia) Kn.1. Tomsk: Izd-vo Tomskogo un-ta, 1995. 186 s. [In Russian].

Papkov S.A. Obyknovennyy terror. Politika stalinizma v Sibiri (Ordinary terror. The politics of Stalinism in Siberia). M.: Rossiyskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 2012. 440 s. [In Russian].

Pereplavka: Mezhnatsional'nyye otnosheniya na promyshlennyykh predpriyatiyakh Sibiri v period formirovannoy industrializatsii (Transfiguration: International relations in industrial enterprises of Siberia in the period of formed industrialization) // Sovetskiye natsii i natsional'naya politika v 1920-1950-ye gody: Materialy VI mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. Kiyev, 10-12 oktyabrya 2013 g. M.: Politicheskaya entsiklopediya, 2014. 686 s. [In Russian].

Qazaqstan Respublikasy Zhogargı Kenesinin Toralqası komissiyasının qorytyndysy (The conclusion of the Commission of the Presidium of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan) // Egemendi Qazaqstan. 1992. 22 zheltoqsan, № 292 (20367). 1-3 b. [In Kazakh].

Sarsambekova A.S. Kazakhi Zapadnoy Sibiri i sopredel'nykh territoriy Kazakhstana: etnokul'turnyye svyazi i protsessy (Kazakhs of Western Siberia and the adjacent territories of Kazakhstan: ethnocultural connections and processes). Avtoref. dis. ...kand. istor. nauk. Tomsk, 2008. 180 s. [In Russian]

State Archives of the Novosibirsk Region (SANR). F.P-1. Op.9. D.107. L.5.

SANR. F.P-2. Op.2-1. D. 1007a.

SANR. F.P-2. Op.1. D.3592. L.40.

SANR. F.P-7. Op.1. D.267.

SANR, F. P-22. Op. 7, D. 48. L.92.

State archive of the Tyumen Region (SATR). F.151, Op.1., D.68, L.5.

Tomilov N.A., Akhmetova SH.K. Kazakhi aula Kaskat: traditsii i innovatsii v kul'ture kazakhskogo naseleniya Zapadnoy Sibiri (Kazakhs of the aula Kaskat: traditions and innovations in the culture of the Kazakh population of Western Siberia). Omsk: Izd. dom «Nauka», 2013. 392 s. [In Russian].

Tragediya kazakhskogo naroda (sbornik dokumentov i materialov: golod 20-kh, 30-kh godov XX veka v Kazakhstane) (The tragedy of the Kazakh people (collection of documents and materials: famine of the 20s, 30s of the XX century in Kazakhstan). Almaty, 2010. 406 s. [In Russian].

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

Нұрмұхамбетов Ардақ Амангелдіұлы^{1*}

¹Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақстан, Алматы

*Автор корреспондент
e-mail: nur.ardak_83@mail.ru

Түйіндемесі. Мақалада архив мәліметтерін талдау негізінде XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы білім беру саласының негізгі даму үрдістері анықталған. Автор XX ғасырдың 20-30-жылдарында білім беру саласын басқару жөніндегі Үкіметтің қаулысын дәлел ретінде қолданып, осы саланың даму ерекшеліктерін ашады. Елде ұйымдастырылған мектептердің аймақтық көрсеткіштеріне талдау жасап, олардың статистикалық деректерін көрсетеді. Құжаттық базаны пайдалана отырып, мектептердің ашылу жоспарларының бұзылу себептерін анықтайды. Мамандардың тапшылығы және мектептердің материалдық-техникалық жағдайының төмендігі сияқты білім беруді дамытуға кедергі келтіретін факторларды қарастырады. Мақалада сол жылдардағы басшылық туындаған мәселелерді мүмкіндігінше шешуге қалай тырысқаны туралы нақты сипаттама берілген, алайда жоспар мен нақты жұмыс арасында әлі де алшақтық бар екендігі анықталады. Бұл әсіресе мамандарды даярлауда байқалады. Автордың мектептерді авторлық оқулықтармен және оқу материалдарымен қамтамасыз етудегі ұлттық интеллигенцияның сіңірген еңбегін ерекше атап өтетіні назар аударады.

Кілт сөздер: зайырлы білім беру, мектеп, құжат, қоғам, жүйе, ғылым, әдістеме, қаулы.

Мақала № AP08856779 «XX ғ. 20-30 жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесі» жобасы аясында жазылды.

МРНТИ 03.20.00

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСТАНА В 20-30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Нурмұхамбетов Ардақ Амангельдыевич^{1*}

¹Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова, Казахстан, Алматы

*Автор корреспондент
e-mail: nur.ardak_83@mail.ru

Аннотация. В статье выявляются основные тенденции развития сферы образования в Казахстане в 20-30-е годы XX века на базе анализа архивного материала. Автор использует в качестве доказательного аргумента постановления правительства по управлению образовательной сферой в 20-30-е годы XX века, раскрывая особенности развития данной отрасли, дает анализ региональных показателей школ, организованных в стране, отражает их статистические данные. Используя документальную базу, выявляет основные причины срыва планов открытия школ. Рассматривает факторы, препятствующие развитию образования - такие, как дефицит специалистов и низкое материально-техническое состояние школ. В статье дана конкретная характеристика того, как руководство тех лет стремилось максимально разрешить возникшие проблемы, однако, между поставленным планом и конкретной работой все-таки наблюдался разрыв. Особенно это заметно в деле подготовки специалистов. Заслуживает внимания тот факт, что автор выделяет заслуги национальной интеллигенции в обеспечении школ авторскими учебниками и учебными материалами.

Ключевые слова: светское образование, школа, документ, общество, система, наука, методология, указ.

IRSTI 03.20.00

THE MAIN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE SPHERE OF EDUCATIONAL ACTIVITY IN KAZAKHSTAN IN THE 20-30S OF THE TWENTIETH CENTURY

Nurmukhambetov Ardak Amangeldi^{1*}

¹Kazakh national academy of arts named after T.K. Zhurgenov, Kazakhstan, Almaty

*Corresponding author
e-mail: nur.ardak_83@mail.ru

Abstract. The article identifies the main trends in the development of education in Kazakhstan in the 20-30s of the twentieth century on the basis of the analysis of archival material. The author uses as an evidentiary argument the government resolutions on the management of the educational sphere in the 20-30s of the twentieth century, revealing the features of the development of this industry, analyzes the regional indicators of schools organized in the country, reflects their statistical data. Using the documentary base, it identifies the main reasons for the failure of plans to open schools. Examines the factors that hinder the development of education, such as the shortage of specialists and the low material and technical condition of schools. The article gives a specific description of how the leadership of those years tried to solve the problems that arose as much as possible, however, there was still a gap between the set plan and the specific work. This is especially noticeable in the training of specialists. It is noteworthy that the author highlights the merits of the national intelligentsia in providing schools with author's textbooks and educational materials.

Key words: secular education, school, document, society, system, science, methodology, decree

Кіріспе. XX ғасырдың 20-30 жылдары – қазақ қоғамы үшін түрлі өзгерістерге толы жылдар болды. Ол өзгерістер саяси өмірмен қатар, ғылым және білім саласын да қамтыды. Большевиктердің билікке келуімен дәстүрлі қазақ қоғамында сан жылдар көлемінде қолданыста болып келген білім беру жүйесі өткен күннің белгісі ретінде сипатталып, жаңа сапалық мазмұнға көше бастады. Сөзсіз тың қарқынмен жүргізілген бұл өзгерістер алғашқы жылдардан-ақ қарқынды жүрді деп айтуға толық негіз бар. Өйткені негізінен барлық аймақтарда жаңа үлгідегі мектептер ашылып, оқулықтардың жаңа буыны жарық көре бастады. Әрине мұндай жетістіктердің астарында көпшілікке беймәлім қиындықтары да болды. Ол әсіресе білім беру ісін ұйымдастыратын мамандар мен мектептердің материалдық-техникалық жағдайларымен тығыз байланысты еді. Осы кемшіліктерді түзетуге бағыт алған жұмыстарды саралау арқылы білім беру үдерісіндегі жеткен жетістіктерінің тарихи негіздерін айқындауға мүмкіндіктер туындайды. XX ғасырдың 20-30 жылдары білім беру саласын дамыту үдерістері сөзсіз ғылыми қауымдастықтың назарын аударарлық мәселе болып табылады. Аталған тақырыптың өзектілігі алдымен білім беру ісін дұрыс ұйымдастырудың тарихи тәжірибесін сараптау мүмкіндігінің болуымен байланысты. Бүгінде өткеннің өлшемімен және тарихи тәжірибесін ескере отырып тың тұжырымдар жасаудың қажеттілігі айқын сезіледі. Осы тұрғысынан келгенде XX ғасырдың 20-30 жылдары білім беру саласындағы күрделі өзгерістер мен дамудың басым бағыттарын талдау ісі маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Аталған тақырыптың маңыздылығын айқындай отырып, толыққанды талдау жұмысын жүргізу үшін мүмкіндік беретін архив құжаттары жетерлік. Олардың басым көпшілігі Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған. Солардың қатарында 81 қор материалдарымен қатар, 1692 қор материалдарын атап өтуге болады. Ахив құжаттары XX ғасырдың 20-30 жылдары білім беру саласын ұйымдастыру мен дамытудың мәселелерін қамтитын қаулылар мен қызметтік хаттар және түрлі тарихи мәліметтерді сақтайды. Сонымен қатар аталған мәселе бойынша кеңестік тарихнамада бірқатар зерттеушілер ғылыми ізденістерінің басты нысанына айналған. Коммунистік идеология шеңберінде жазылған еңбектердің де өзіндік маңыздылығы жоқ емес. Аталған мәселе Отандық тарихнамада белгілі бір дәрежеде зерттеліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болған.

Мәселені жан-жақты әрі шынайы зерттеу үшін біз объективтілік пен тарихилық принциптерін басшылыққа ала отырып, тарихи салыстырмалылық, сыни талдау сынды әдістер негізінде шынайы талдай алдық. Сонымен қатар синтездеу, мазмұндық талдау және өзге де деректану әрі тарих ғылымына кеңінен таныс әдістер топтамасын пайдаландық.

Талқылаулар. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның білім беру ісіндегі күрделі өзгерістер мәселесі, нақтырақ айтқанда зайырлы білім мен ағарту жүйесінде орын алған реформалар және оларды іске асыру тәжірибесі туралы іргелі зерттеулер салыстырмалы түрде алғанда толыққандылығымен ерекшеленбейді. Кеңестік тарихнамада білім беру жүйесінде атқарылған жұмыстар туралы коммунистік идеология шеңберіндегі тұжырымдалған еңбектер жарияланды. Мысалы XX ғасырдың 20-30 жылдардағы білім беру ісіндегі түбегейлі өзгерістер мен мекемелерінің құрылу тарихы туралы жекелеген мәселелер Р.Б. Сулейменов, Х.И. Бисеновтің дербес зерттеуіне арқау болған (Сулейменов, 1967). Авторлардың еңбектерінде білім беру мекемелерінің, яғни мектептердің салынуы, олардың дамуы, материалдық базасы және оқушылардың саны, өсім динамикасы бойынша мәліметтер келтірілген. Авторлардың келтірген мәліметтерінің деректік маңызы айтарлықтай жоғары. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісінің жекелеген мәселелері зайырлы білім беру мен қалыптасқан дәстүрлі білім беру ісінің арасындағы айырмашылықтарды ғылыми тұрғыдан айқындауға А.И. Сембаевтың «Очерки по истории казахской советской школы» атты еңбекті де атап өтуге болады (Сембаев, 1962). Сонымен қатар XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісін ұйымдастыру ісі турасындағы бірқатар мәліметтер А.С. Елагиннің «Социалистическое строительство в Казахстане в годы Гражданской войны (1918-1920 гг.)» атты еңбегін атап өтуге болады (Елагин, 1966). Аталған еңбекте қазақ жеріндегі большевиктік тәртіптің орнауымен қатар, білім саласындағы өзгерістер туралы мәліметтер берілген. Сондай-ақ Н.И. Болдырев құрастырған «Директивы ВКП(б) и постановления Советского

правительства о народном образовании. Сб. документов за 1917-1947 гг.» атты құжаттар жинағын да атап өтуге болады. Аталмыш еңбекте қазақ жеріндегі алғашқы әрі жаңа жүйедегі білім беру ошақтарының пайда болуына түрткі болған құжаттар мен қаулылар топтастырылған (Болдырев, 1947).

Қазақ жеріндегі білім беру ісінің ұйымдастыру ісіндегі коммунистік идеологияның әсерін сараптауға арналған еңбектер қатарында А.Б. Бейсембиевтің «Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане» (Бейсембиев, 1970) және В.А. Куманевтің «Революция и просвещение масс» атты еңбектерін де атап өтуге болады (Куманев, 1973). Әрине аталған еңбектер коммунистік идеологияның тар шеңберінен шыға алмастан жазылғанымен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісін ұйымдастыру тарихы турасында бірқатар мәліметтер сақтаған.

Кеңестік билік жылдарында жарық көрген әрі өзінің маңыздылығымен ерекшеленетін еңбектер қатарында В.Т. Кочаровтың «Из истории народного образования в Туркестанском крае» атты еңбегін атап өтуге болады (Кочаров, 1959). Аталған еңбекте тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар Орта Азия жеріндегі білім беру ісінде орын алған өзгерістер турасында мағлұматтар бар. Сөзсіз бұл еңбек салыстырмалы түрде талдау тұрғысынан аса маңызды деп айтуға толық негіз бар. Әрине ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісіне қатысты осы көрсетілген еңбектерде көтерілген мәселелерді жүйелеудің қажеттілігі сезіледі. Ол біз үшін алдымен қарастырып отырған кезеңдегі білім саласындағы жағдай мен оны тиімді реформалаудың жолдары турасында тың тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді.

Ел егемендігі жылдарында аталған ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісін ұйымдастырудың тарихын қарастыру мәселесі Ш. Акинердің «Формирование казахского самосознания. От племени к национальному государству» атты еңбегін де атап өтуге болады. Аталған еңбекте қазақ жеріндегі білім беру ісі мен қоғамдық сананың даму мәселелері кезеңде отырып қарастырылған (Акинер, 1998). Жалпы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісінің өзекті мәселелері Р.С. Таханованың «К вопросу о развитии общеобразовательной школы в Казахстане 20-40-е гг. XX века» атты еңбегіне арқау болған (Таханова, 2010)]. Еңбекте көрсетілген білім саласын реттеу мен жүйелеуге арналған декреттер, қаулылар және жалпы жаңа білім беру жүйесінің енгізілу ерекшеліктері туралы мол мәліметтер келтірілген. Аталған еңбекті бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырып, тың тұжырым жасау сөзсіз болашақтағы білім саласының маңызды қадамдары туралы тың тұжырымдар жасауға көмегі мол. Осындай еңбектер қатарында ХХ ғ. 20-30 жылдарында мектептерді мұғалімдермен жасақтаумен қатар, оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі де күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін маңызға ие болғандығын атап өткен Ш. Мажитаева, С.Б. Қалыбаеваның «ХХ ғасыр басындағы қазақша оқулықтардың тілі туралы» атты зерттеуін атап өтуге болады (Мажитаева, 2010). Аталған еңбекте ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның білім беру ісіндегі күрделі өзгерістер мәселесімен қатар, ұлт қайраткерлерінің оқулық даярлау ісіне қосқан зор үлесі, қазақ тілінің тазалығы үшін ғылыми терминдерді қазақи ұғымдар арқылы беруге тырысушылығы, ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктерін қатаң назарға алуға деген ұстанымдарын талдауға тырысады. Авторлар біз қарастырып отырған тарихи кезеңде ұлт қайраткерлерінің зайырлы білім беру жүйесіне енгізген жаңалығы, енгізген жаңа әдістемесі мен оқулық жазудағы қазақ зиялыларының жетістіктері туралы мәселелерді көтереді.

Әрине қарастырып отырған кезеңде білім және ғылым саласын реформалау барысының ұлттық мүдде мен ұлттық құндылықтарға әсерін терең талдаудың қажеттілігі туындайды. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісін ұйымдастыруда дәл осы біз атаған мәселе қаншалықты деңгейде көтерілгендігі С.Т. Рысбекованың «Образование как фактор социальной модернизации традиционного общества (на примере Казахстана 1920-1930-е гг.)» атты еңбегінде біршама ашылған (Рысбекова, 2009). Әрине біз қарастырып отырған тақырыпқа қатысты әлі де болса жанама мәліметтер келтіретін зерттеу жұмыстары бар. Олардың көтерген мәселелері мен негізгі пікірлер зерттеу жұмысы барысында қолданылатын болады.

Нәтижелер. ХХ ғасырдың басы қазақ халқы үшін саяси шиеленісті оқиғаларға толы болды. Қос бірдей революцияның өзі қарапайым халықтың әлеуметтік ахуалын қиындатты. Қоғам жаңа бағытқа сай тұтастану үдерісі жүрді. Әсіресе 1917 жылы орын алып, нәтижесінде большевиктердің билікке келуімен аяқталған қазан революциясының өзі қоғамның жаңа сипатта қалыптасуын тездетті. Мұндай күрделі өзгерістер қоғамның барлық саласын қамтыды. Білім беру саласы да күрделі өзгерістерге ұшырады. Бұл саладағы алғашқы өзгерістер аталған жылдың қараша айында Үкімет қаулысымен Халық ағарту ісі бойынша мемлекеттік комиссияның құрылуы болды. Аталған комиссия уақыт өте келе Халық ағарту комиссариаты болып аталып, өзіндік мәртебеге ие болған еді (Народное, 1957: 52). 1917 жылдың өзінде-ақ аталған ағарту комиссариаты «Халыққа үндеуін» жариялады. Үндеуден белгілі болғандай алдағы уақытта зайырлы білім беру қолға алынып, оның негіздері айқындалды. Оған қоса тұрғындар арасында міндетті тегін білім беру сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Сонымен қатар 1918 жылдың 30 қыркүйегінде Орталық атқару комитет «Бірыңғай еңбек мектептері туралы» қаулы қабылдаған болатын. Аталған қаулыға сай білім беру саласында екі сатылы оқыту жүйесі енгізіле бастады. Алғашқы саты бесжылдық білім деп аталған болатын. Алғашқы саты бойынша балалардың 8-13 жас аралығындағылар оқуға тартылса, екінші саты төртжылдық деп аталды. Оған 13-17 жас аралығындағы балалар қамтылды (Культурное, 1965: 47).

ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы білім беру саласындағы күрделі өзгерістердің алғышарттарын

қалыптастырған қаулылардың бірі 1919 жылдың 31 қазан айында қабылданған болатын. Аталған қаулы «Аз ұлттар мектептері туралы» деп аталады. Қаулы бойынша елімізде жаңа сипаттағы мектептер қайта жасақталу ісі қолға алынды. Мысалы большевиктер билігі орнағанға дейін қазақ жерінде білім беру мекемелері болғаны жасырын емес. Солардың бірі Жетісу жерінде орналасқан «орыс-түземдік» мектептер болатын. Қаулыға сай аталған мектептерді ұлттық еңбекшілер мектептеріне айналдыру ісі көзделді. Сонымен қатар жекелеген аудандар бойынша орналасқан мектеп-интернаттардың шығыны толықтай мемлекет есебінен жүргізіліп, қажеттіліктермен де қамтамасыз етіле бастауды қолға алды. Қазақ жерінде мемлекет тарапынан қаржыландырылатын осындай мектеп-интернаттың алғашқыларының бірі болып 1919 жылы Шымкентте ашылады (Сулейменов, 1967: 79). Әрине жаңа сипаттағы білім беру ошақтарының сол тұстағы маңызды мәселелерінің бірі маман тапшылығы болған еді. Зайырлы білім беру ісін кеңінен дамыту үшін аталған кемшілікті жоймай, алға қойылған мақсат тығырыққа тірелері анық. Сол себепті ел бойынша білім бар азаматтарды тіркеуге алу жұмыстары басталған болатын. Әсіресе мамандық бойынша әлі де болса тәжірибесі жоқ, дегенмен қызмет жасауға ниетті және қабілетті азаматтар кеңінен тіркеледі. Сонымен қатар маман тапшылығын жою мақсатында мұғалімдер даярлау курстары ашыла бастады. Алғашқы курстар 1919 жылдың қыркүйек айынан бастап ашыла бастады. Верный қаласынан кейін, араға уақыт салып мұндай курстар Шалқар мен Орынбор, Торғай мен Орал және Ойылда ашылған болатын. Мұндай курстар алғашында екі айлық мұғалімдер курсы болып өз жұмысын бастаған болатын. 1920 жылдың алғашқы жартысында мұғалімдер курстар Ақмола мен Семей қалаларында да ашылды. Аталған курстар тек қана қазақ тілінде ғана мұғалімдер даярлап қана қоймады. Сонымен қатар өзге де тілдерде білім беретін мектептердің маман тапшылығын жою үшін түрлі тілде курстар ашылды (Народное, 1957: 120).

Бұл ретте атап өтетін бір жайт білім беру ісіндегі күрделі өзгерістер қатарында мектептерге жаппай қыздарды тарту болып табылады. Әрине бұл XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы үшін жаңалық бола қойған жоқ. Қазақ қыздарының арасында оған дейін де мектептерде білім алғандары көптеп саналады. Дегенмен оның жаппайлық сипат алуы өзіндік жаңалық еді. Мысалы 1923 жылы наурыз айында Шымкент қаласында қыздарға арналған мектеп ашылған болатын. Бұл мектепте алғашында 35 әйел білім алған болатын. Сонымен қатар білім беру ісі тек мектеп жасындағы ғана емес, сонымен қатар ынта білдірген азаматтардың барлығын қамтуға тырысты. Атап айтқан Арыс қаласында ашылған жаңа мектепке 7 жастан бастап 70 жасқа дейінгі аралықта азаматтарды қабылдауы соның айқын дәлелі. Тағы бір атап өтетін жайт білім беру ісінде ұлтқа бөлу болмады. Зайырлы білім беру ісіне барлық ұлт өкілдері тартылды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісіндегі күрделі өзгерістерге түрткі болған III Бүкілресейлік съезд жұмысын атауға болады. Өйткені дәл осы съезд шешіміне сай достүрлі қазақ қоғамында орыс емлесін енгізудің жолдары қарастырыла бастады. Нақты айтқанда жергілікті халық арасында кеңінен насихаттау ісі қолға алынды. Әрине насихат жұмыстары бірінші кезекте мектеп қабырғасынан басталатыны түсінікті. Сол үшін де мектеп қабырғасында және алдымен ауыл тұрғындары арасында орыс емлесінің қолданыс аясын арттыру ісі басталды. 1926-1927 жылдары Сырдария облысы территориясында алты еуропалық, үш өзбек, бес қазақ мектебі жұмыс істей бастаған болатын. Оған қоса облыстың аумағында орналасқан алты аудан көлемінде 82 қазақ және өзбек мектептері жұмыс істеп тұрған еді. Міне сол мектептер ауыл тұрғындарының білімін көтеріп қана қоймай, ең бастысы тұрғындар арасында орыс тілінің мәртебесін көтеру ісін жанама атқарды (Таханова, 2010: 106-109). Рас осы бағыттағы жұмыстар тым белсенді жүрген болатын. Оған себеп 1920 жылдың басында коммунистік партияның білім беру саласына ерекше көңіл аударып, Шығыс халықтарының санасына коммунистік идеялардың орнығуына күш салу ісінің қаншалықты маңызды екендігін атап өтуімен байланысты. Әрине коммунистік идеяны насихаттаудың және оны берік орнықтырудың алғашқы баспалдақтары дәл орыс тілінің қолданыс аясын арттыру еді (Рысбекова, 2009: 234).

Бір ерекшелігі орыс тілінің мәртебесін айқындау, осы мақсатта білім беру мекемелерінің жұмысын жандандыру сынды мәселелер алғашқы жылдардағы қаулылар негізінде ғана жүргізілген жоқ. Үнемі жетілдіріліп, көздеген мақсатқа жету үшін қаулылар жыл өткен сайын қабылданып тұрды. Мысалы зайырлы білім беру жүйесін қалыптастырып, жетілідіру мақсатында 1930 жылы 14 тамыз айында КСРО Орталық атқару комитеті жалпы бастауыш білім беру туралы қаулы қабылдады. Аталған қаулы бойынша елімізде педагогикалық институттар мен техникумдардың санын ұлғайту ісі қолға алынды. Қаулының қабылдануы осы бағыттағы жұмыстарды тағы да белсенді етті. Өйткені 1915 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда елімізде 2006 мектеп және 3319 мұғалім, сәйкесінше 105059 оқушы болған еді. Ал 30-жылдары қабылданған қаулыдан кейінгі статистикалық мәліметтерге қарасақ, 7883 мұғалім және 273584 оқушының тіркелгендігін байқаймыз (Елагин, 1966: 15). Сөзсіз бұл аталған бағыттағы жұмыстардың қарқындылығын білдірсе керек.

1919 жылдың желтоқсан айында сауатсыздықты жою туралы қаулы қабылданған болатын. Сол декреттің негізінде Қазақстанда мұғалімдерге арналған қысқа мерзімдегі курстар ашылған болатын. Оған қоса мұғалімдер даярлау үшін қажетті сабақ жоспарлары басылып, еліміздің даму жағынан артта қалған аймақтарына арнайы мамандардың мәдени сапарлары да ұйымдастырыла бастады. Мақсаты білім беру ісін жетілдіруге кедергісін келтіріп тұрған мәселелерді анықтап, оның шешімін тездету болып табылды.

Рас қазан революциясынан кейін билікке келген большевиктер бірден білім саласын қолға алып,

азаматтарды жаңа идеологияға жылдам сіңісуін жүйелі ойластырды. Әрине мұндай маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін алдымен білім беру жүйесін өз бақылауына алуы тиіс еді. Осы мақсатта 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлу туралы декреттер қабылдаған болатын. 1918 жылдың өзінде «Бірыңғай еңбек мектебі туралы Декларация» мен «Бірыңғай еңбек мектебі туралы ереже» қабылдап, кеңестік білім беру жүйесінің негізгі қағидаларын айқындайды. Оның негізінде ақысыз білім беру, ұлдар мен қыздарды бірлесіп оқыту, діни білім беру мекемелерінің қызметін шеттету болып табылады. Жаңа зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін пәндерді енгізіп, білім беру барысында жазаның барлық түрлерін жою және мектептің өзін-өзі басқаруына мүмкіндік береді.

Білім беру саласындағы күрделі өзгерістер алдымен қазақ даласында ежелден өз міндетін дұрыс атқарып келе жатқан медреселер мен мектептер, сонымен қатар орыс-қазақ мектептерін кеңестік үлгідегі мектепке айналдыру ісі белсенді қолға алына бастады. Қазан революциясынан кейін орын алған азамат соғысы аяқталғанға дейін Қазақстанда 144 мың оқушы болса, 2410 мектеп болғандығы белгілі. Бір қызығы сол оқушылардың тек 31 мыңы ғана қазақтар болған. Әрине ол тұстағы мектептердің материалдық-техникалық жағдайы сын көтере бермеді. Өйткені мектептердің басым көпшілігі жарамсыз жағдайда немесе тұрғын үйге арналған жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Сол күрделі өзгерістер жылдарының өзінде қазақ мектептерінің 99% жеке ғимараттарсыз, қарапайым жағдайда оқыды. Тіпті материалдық-техникалық жағдайға ғана емес, қарапайым оқулық мәселесі де шешімін таба қоймаған. Оған қоса білім берудің бірыңғай оқу бағдарламалары да болмаған еді. XX ғасырдың 20-30 жылдарында бой көтере бастаған мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге ұлт қайраткерлері зор үлес қосты. Атап айтқанда, қарастырып отырған осы жылдары М. Дулатовтың «Есеп құралы», М. Жұмабаевтың «Педагогика» және «Баланы тәрбие қылу жолдары», Ж. Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі», «Психология» мен «Жан жүйесі және өнер таңдауы», Е. Омаровтың «Пішіндеме» мен «Физика», Х. Досмұхамедовтың «Жануарлар» мен «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі», Қ. Кемелгеревтың «Оқу құралы», «Орысша-қазақша тілмаш», С. Қожановтың «Есептану құралы», Е. Ермековтың «Ұлы математика курсы», Б. Майлиннің «Ересектерге арналған әліппе» атты оқулықтары жарық көрді. Осы оқулықтардың мазмұнымен таныса келе, ұлт зиялыларының қазақ тілінің тазалығы үшін ғылыми терминдерді қазақы ұғымдармен ішінара алмастыруға тырысқандықтарын байқауға болады. Мысалы, «ассимиляция» ұғымын Ж. Аймауытов «сіңістіру» деп қолданса, «синтезді» «ұластыру» деп қарастырған. Әрине, мұндай мысалдар өте көп. А. Байтұрсынов еңбектерінде бүгінгі қазақ тіліндегі зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш ұғымдары алғаш көтеріліп, айналымға енгізілген. Мағжан Жұмабаев өзінің еңбегін жазу барысында осы күнге дейін педагогика пәні болмауы себепті, терминдерді алмастыратын қазақша сөздер табу қиындық тудырғанын айта келе, мәтінде қазақша мақалдар мен сөз тіркестерін белсенді пайдаланған (Мажитаева, 2010: 33-38).

XX ғасырдың 20-30 жылдары қатынастар мен инфрақұрылым мәселесі де барынша қиындығымен ерекшеленді. Сондықтан алыс жатқан аймақтар мен шаруашылықтың белгілі бір түрлеріне сай еңбек ететін азаматтардың балаларын да жаңа жүйеге сай қамту мәселесі өз шешуді талап етті. Атап айтқанда мал шаруашылығына ден қойған қазақтардың балаларын қамтитын интернат жұмыстарын жандандыру көзделді. Жаңа мектептер салу қарқынды жүріп, 1923 жылмен 1925 жыл аралығында шамамен 700-ге тарта мектеп іске қосылды. Алайда бұл мектептер де іске қосылғанымен оның сапалық көрсеткіштері жоғары болды деп айту қиын. Өйткені азамат соғысы елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын нашарлатты, шаруашылық түрлері тұралап, бірқатар өндіріс орындары өз өнімдерін бірнеше есе төмен өндірді. Сөзсіз мұндай экономикалық ахуал білім беру саласына да өзіндік кері әсерін берді. Осы себепті мектептердің сан жағынан өсуі көп жағдайда сапалық жағынан да дамуды білдіре бермеген. Мысалы 1927 жылы қазақ ауылдарындағы мектептердің тек қана 1,5%-ы жеке ғимараттарда орналасса, орыс мектептерінің 28% -ының жеке арнаулы ғимараттары болған еді. Осы ретте қазақ мектептері мен орыс мектептеріне деген мемлекеттің қамқорлығы да әртүрлі болған.

Маман тапшылығын шешу мақсатында қабылданған шаралардың бірі 1918 жылы 2 тамызындағы қаулы болып табылады. Елдегі жоғары оқу орындарына түсу ережелері қабылданып, оған сай азаматтығы мен ұлтына, жынысына және дініне қарамастан елдегі барлық 16 жасқа толғандардың барлығы жоғары оқу орындарына емтихансыз қабылдануға шешім мақұлданды. Тіпті орта білім туралы құжатты да қажет етпеді. Маман тапшылығын жою мақсатында 1919 жылдан бастап елде жұмысшы факультеттері ашыла бастаған болатын. Жұмысшы факультеттерінің ел азаматтарына білім берудегі маңыздылығы өте жоғары болды. Өйткені кейінгі жылдары жоғары оқу орындарына қабылданған студенттердің жартысы дәл осы жұмысшы факультетін тәмамдаған азаматтар болған еді. Бұл мәселені белгілі бір дәрежеде онтайландыруға септігін тигізді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру саласындағы күрделі өзгерістердің бірі жалпыға бірдей міндетті бастауыш білімге көшуі болып табылады. 1931 жылы жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім беру жүйесі де енгізілген болатын. Біз жоғарыда атап өткендей, шалғай жатқан аудандардағы балаларды тарту мақсатында интернаттар ашу ісі қолға алына бастаған еді. 1934 жылы 24 мыңнан астам оқушы дәл осындай интернаттарда білім алуға мүмкіндік алды. Ең басты міндеттердің бірі ел бойынша білім беру үдерісін бір жүйеге келтіру міндеті тұрды. Бұл міндет 1925 жылдың өзінде-ақ мүмкін болды. Атап айтқанда елдегі мектептердің бірыңғай аттестаттары мен сертификаттары пайда болып, 5 балдық бағалау жүйесі енгізілді. Білім беру үдерісін реттеп, оқу

жылының ұзақтығы мен балалар үшін берілетін демалыстың нақты белгіленді. Білім беру ісіне жауапты азаматтардың лауазымдары айқындалып, әкімшілік мәселелері шешімін тапты. Демек мектеп құрылымы, білім беру үдерісінің тұлғаларының лауазымдық міндеттері анықталды.

Осы қарастырып отырған жылдары білім беру үдерісінің бір ерекшелігі тек мектеп жасындағы оқушылар ғана емес, сонымен қатар ересектер арасында да білім беру ісінің қолға алынуы болып табылады. Негізінен аталған мәселе 1920-1930 жылдары ерекше қолға алынды. Бұл мәселеде 1921 жылы құрылған сауатсыздықты жою жөніндегі орталық төтенше комиссия үлкен роль атқаруы тиіс еді. Дәл осы комиссия ересектер арасындағы білім беру үдерісін ұйымдастыру ісін жүргізді. Төтенше комиссия 1921-1927 жылдары 200 мыңнан астам адам адамды оқытты. Бір байқағанымыз аталған статистикалық мәліметтер жыл сайын өсіп, өзінің қарқындылығын көрсетеді. Мысалы 1929 жылы ересектердің 150 мың астам азаматы білім беру ісіне тартылса, 1930 жылы 500 мыңдай адам аталмыш оқу үдерісіне тартылған болатын. Қолға алынған шаралар өзінің нәтижесін бере бастады. 1935 жылдың өзінде еліміздегі балалардың 91% білім беру үдерісіне тартылды. Рас олардың барлығы дерлік толық орта мектептерде емес, жеті жылдық және өзге де сатылық білім мекемелерінде білімдерін жалғастырған болатын.

Әрине мұрағат құжаттарына мән беретін болсақ, қазан революциясынан кейін-ақ басталған білім беру ісін ұйымдастыру ісі XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңына дейін-де түпкілікті шешіліп болмаған. Әсіресе маман тапшылығы мен материалдық-техникалық ахуал әлі де болса нақты шешімдерді талап етті. Мысалы біз жоғарыда атап өткендей шаруашылық бейімділігіне қарай ел аумағындағы білім беру мекемелерін ашу ісі қолға алынған болатын. Түрксіб темір жолын салу және темір жол бойындағы елді мекендерді бірыңғай білім беру ісіне тарту ісі қолға алынған еді. Міне сол мектептердің материалдық-техникалық және сапалық көрсеткіштері туралы бірқатар мәліметтер сақталған. Архив құжаттарында 1932 жылғы мәліметке сай Темір жол бойындағы мектептердегі білім беру үдерісінің жоспарға сай емес екендігін байқауға. Осы жылдары материалдық-техникалық жағдайдың нашарлығы салдарынан 9 мектеп жабылған. Ал жұмыс істеп тұрған мектептердің ғимараттары мен мектеп жанындағы интернаттар жөндеу көрмегендігі немесе ондағы оқушылардың білім алуына толыққанды жағдай жасалмаған. Ең бастысы аталған аймақтағы мектептер педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілмеді. Осы олқылықтарды жою үшін Халық ағарту комиссариатына теміржолға қызмет көрсету үшін арнайы топтарды бөлуге қол жеткізу міндеттеліп, мектеп жұмысын қадағалау үшін облыстық халыққа білім беру бөлімінен бір мектеп нұсқаушысын бөлу туралы шешім де қабылданған. Сонымен қатар Халық ағарту комиссариаты Түрксіб мектептерін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, ыстық таңғы ас үшін тамақпен және интернаттардың күтімімен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау туралы шешім шығарылып, мектептің жұмысына қатысы жоқ азаматтарды мектептер мен интернаттардан тез арада босатуға қол жеткізу міндеттелген болатын (ҚР ОМА, 81:1-2.).

Рас қазан революциясынан кейін-ақ басталған білім беру саласындағы өзгерістер оннан астам жыл өтсе де, бір ретке келтіріле қоймаған. Мысалы еліміздегі мектептердің жағдайын зерттеу мақсатында арнайы еліміздің батыс өңірлеріне арнайы бақылау жұмыстары ұйымдастырылады. Аталған бақылау жұмыстары нәтижесінде Гурьев және Оралдағы 28 мектептің 20 мектебіне сауалнама жұмыстары жүргізіледі. Оралда және Гурьевтегі мектептердің жұмысын бақылау мақсаты ең алдымен Қазақ өлкелік партия комитетінің «Мектеп туралы» VII пленумының шешімін таныстыру еді. Батыс Қазақстан облысының Маңғыстаудан басқа барлық дерлік аудандарына жіберілген өкілдер «Мектеп туралы» VII пленумының шешімін аудандардың бүкіл партиялық-кеңестік қоғамдастығымен қатар, сондай-ақ мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың санасына жеткізу туралы нұсқаулық алады. Сонымен қатар осы міндетті орындау үшін аудандарға жіберілген өкілдер Бүкілодақтық Коммунистік партияның облыстық комитетінің мектеп бөлімінің жадынамасы, мектептердің жеке шығындық құжаттары, мамандардың лауазымдық қызметтері мен мектеп құрылымдарының талаптары туралы құжаттар бойынша бақылау жұмыстарын жүргізеді. Нұсқау бойынша барлық өкілдер негізінен, аудандағы әрбір мектептің оқу-тәрбие жұмысының жай-күйін, сондай-ақ олардың материалдық базасын тікелей тексеруге тапсырма алған. Тіпті шешім талап ететін мәселелерде нұсқаулыққа сай белгілі бір кемшіліктерді тапқанда, ол бойынша мектептерге дер кезінде көмек көрсетуге міндетті болады. Олардың берген мәліметтеріне қарағанда аталған аудандардағы білім беру үдерісі көпшіліктің көңілінен шығатындай дәрежеде болмаған. Өйткені алынған мәліметтерге сай кейбір мұғалімдер оқушыларға қатысты педагогика принциптерінің бұрмалануына жол берген. Өйткені білім беру үдерісі барысында мамандардың «мұндай оқушыдан ештеңе шықпайды» немесе «бұл оқушыдан үміт жоқ» деген сыңайдағы менсінбеушілік көзқарасты берік ұстанатындығын атап өтеді. Сөзсіз бұл білім беру үдерісіндегі мамандардың кәсібилігінің төмендігі деп баға берген. Сонымен қатар өкілдер Орал мен Гурьев аумағындағы мектептердегі мамандардың арасында коммунистік идеологияға қайшы келетін көзқарасты ұстанушылардың бар екендігін атап өтеді. Ал тікелей сабақ барысында үлкен қателіктердің де орын алып отырғандығын атап өтіп, орыс тіліндегі кейбір тақырыптар бағдарламалық жүйеде қарастырылмаған көрсетеді. Сабақ барысында түрлі белгіленген тақырыптар емес, қоғамдық жұмыстарға көп көңіл бөледі деген мәліметтер береді. Сонымен қатар сыныпта жекелеген мұғалімдер білім мазмұнын шебер, түрлі түсті және қызықты етіп өткізудің орнына, керісінше, оқушылардың өздеріне мәліметтерді игеруге тапсырма беріп, осылайша өздерінің рөлін, жалпы көшбасшылық дәрежесін төмендетеді деп санайды.

Сонымен қатар аталған өкілдердің берген мәліметтеріне қарап, аталған облыс аумағындағы мектептердің мамандармен қамтамасыз етілу дәрежесі де тым төмен екендігін байқаймыз. Мысалы, Оралда 8 жер аударылып келген адамдар жұмыс істейді десе, тіпті жекелеген пәндерді мүлдем арнаулы білім жоқ адамдардың жүргізетіндігін атап өтеді. Тіпті мектеп басшылығы маман тапшылығын шешу үшін ақ гвардияның бұрынғы сержанты Свечниковты жұмысқа алып, бірінші сыныпта сабақ беруіне мүмкіндік бергендігі туралы мәліметтер береді. Бір қызығы облыс аумағына келген өкілдер мұғалімдер арасында, тіпті Тайпак ауданының орталығында орыс орта мектебінің директоры Алашорда үкіметінің бұрынғы мүшесі Кудеров жұмыс істейді деп көрсетеді. Осы сынды мәліметтер бойынша Жилокосин ауданында бұрынғы Алаш-Орда офицерлері Мендікұлов, Жаныбеков пен Айтжановтың жетекшілігімен ұлтшыл контрреволюциялық топ ұйымдастырылғандығы және оған орта мектептің директор орынбасары Әубәкіровтің тартылғандығын атайды (ҚР ОМА, 1692:20-27). Қарап отырсақ аталған мәліметтерден батыс аудандарындағы мектептердің материалдық-техникалық жағдайының төмендігі ғана емес, сонымен қатар мамандар арасындағы тапшылықты да байқауға болады. Әрине маман тапшылығы салдарынан мектеп әкімшілігі білімі бар азаматтарды білім беру үдерісіне тартуға мәжбүр болған. Ал олардың әлеуметтік шығу тегін сараптаған комиссия мүшелері сол жылдары большевиктік көзқарастағы қайраткерлердің Алаш зиялылары мен олардың идеясына қаншалықты қарсы болғандығын көрсетеді.

Әрине батыс аудандарындағы мұндай ахуал шындығына келгенде еліміздің барлық өңіріне тән еді. Барлық жерде маман тапшылығы сезілді. Осы түйіткілді мәселені шешу үшін бірнеше нақты қадамдарға барды. Біз қарастырған сол батыс аудандары бойынша мәселелерді шешу үшін 1933-1937 жылдары Халық ағарту комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің атына қызметтік хат жазылған. Халық Комиссарлары Кеңесінің 9 ақпандағы шешімі бойынша 2 айлық оқу курстарын ұйымдастыру туралы қызметтік хатта елімізде орыс тілімен қатар, мектептегі негізгі пәндерді ұйымдастыратын мұғалімдерді даярлаудың маңыздылығын атап өтіп, тарихшы 25 адам, география пәнінің мұғалімдерінен 28 адам даярлаудың қажеттілігі айтылады. Аталған даярлық курстарының барлығы Орал педагогикалық институтында ағымдағы жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында өтетіндігін аталып өтіп, барлық қажетті материалдық-техникалық қажеттіліктер шешілгендігін атап өтеді. Мысалы жатақхана мен асхана мәселесі оң шешімін тапты дей келе, мұғалімдерді даярлайтын білікті мамандарды сұрыптау жұмыстары шешіле бастаған көрсетеді. Сонымен қатар аталған курстарды өз деңгейінде ұйымдастыру үшін кедергісін келтіріп отырған жайттардың қатарында география және тарихшылардың жоқтығын атап көрсеткен. Осы келтірген жайттарды басшылыққа ала келе, Халық ағарту комиссары Т.Қ. Жүргеновтан мұғалімдерге арналған дайындық курстарының сметасын жіберіп, география пәні мұғалімдерін даярлау үшін 28 маман және тарихшылар үшін 25 адам жіберуді сұрайды. Әсіресе ежелгі дүние мен орта ғасырлар тарихы бойынша тарихшы және география пән бойынша КСРО географиясы мен әлемдік география бойынша мамандарға ерекше назар аудару сұралады. Сондай-ақ шұғыл түрде орыс тілі, оның ішінде лексика, фонетика, синтаксис, стилистика сынды салаларды терең меңгерген мамандардың қажеттілігі де айтылады (ҚР ОМА, 1692:13).

Рас еліміздің барлық аудандары бойынша мұғалім мамандарын даярлау ісі қолға белсенді түрде алына бастады. Алайда біз білім беру ісіне кедергісін келтіріп отырған осы мәселені шешуде жоспар мен нақты жұмыстың өзара үйлеспейтін байқаймыз. Атап айтқанда Халық ағарту комиссариатының нұсқауымен Оңтүстік Қазақстан облысындағы халыққа білім беру бөлімінің мұғалімдерді даярлау курсы бойынша берген мәліметтерінде бірқатар олқылықтар орын алған. Мысалы 1937 жылдың 1 ақпанынан бастап 105 адамнан тұратын адаммен 7 айлық мерзімдегі курс ашылуы тиіс болады. Алайда курстың ашылуына дайындық жұмыстары және одан әрі дамыту бойынша атқарылуы тиіс шаралар жеткілікті түрде жүргізілмейді. Нәтижесінде курс 20 ақпандан бастап 6 айлық кезеңмен жұмыс істей бастаған және жоспарланған 105 адам қабылдау орнына 77 адам келгендігі айтылады. Тіпті осы толыққанды емес жиналған адамдардың ішінен оқу үлгерімі төмендігіне байланысты және сабаққа қатыспауына байланысты 2 адам 1 мамырға дейін оқудан шыққан. Нәтижесінде курсты 75 адам тәмамдағаны белгілі болып отыр (ҚР ОМА, 1692: 16-17.).

Осы сынды мәліметтерді, яғни жоспарланған мұғалімдер санының толыққанды болмауына байланысты өзге де аймақтар бойынша мәліметтер жетерлік. Демек бұл жайт тек оңтүстік қана емес, еліміздің барлық аудандарына тән болған. Мысалы 1937 жылдың жоспары бойынша толық орта білімі жоқ мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін жалпы саны 7000 адамға арналған мектептер жанынан курс ашу көзделеді. Олардың ішінде қазақтардың үлес салмағы 5155 адамды құраған. Алайда аталған жоспар орындалмастан осы көрсетілген санның тек жартысына жуығы ғана оқу курсына тіркелген. Аталған көрсеткіштің аймақтар бойынша көрсеткіштері төмендегідей болып отыр. Мысалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша 104 адам курсқа тіркелген. Алайда жоспар бойынша олардың саны 913 болуы тиіс саналған. Ал Қарағанды облысы бойынша 58 адам тартылса, жоспар бойынша 760 адам болуы тиіс еді. Қостанай облысы бойынша 149 адам тіркелсе, жоспар бойынша 654 адам болуы тиіс болған (ҚР ОМА, 1692: 1-5.).

Сондай-ақ білім беру үдерісін жеделдету ісі тікелей мектептерді ашу ісімен байланысты болса, сол мектеп ашу ісінің өзі жоспарға сай орындала бермеген. Халық Комиссарлар Кеңесі мен өлкелік партия комитеті қазақ орта мектептерінде жоғары сыныптарды дамыту жоспарының орындалуын тексереді. Нәтижесінде 1936-1937 жылдарға арналған орта мектептерді ашу жоспарының толыққанды орындалмай жатқандығын атап өтеді. Мысалы ашылуы тиіс 72 орта мектептің орнына 57 ашылды, ал 1645 оқушысы

бар сегіз жылдық 85 мектептің орнына 967 оқушысы бар 58 мектеп ашылады. 418 оқушысы бар 18 тоғыз жылдық мектептің орнына 233 оқушысы бар тек 16 мектеп ашылады. Жалпы орта мектеп ашу ісінде артта қалып отырған аймақтар қатарында Оңтүстік Қазақстан пен Шығыс Қазақстан облыстары аталады. Өйткені Оңтүстік Қазақстанда жоспарланған 169 оқушылық 8 мектептің орнына, 62 адамнан тұратын 4 мектеп ашылса, Шығыс Қазақстан облысында 501 адамдық 18 орта мектептің орнына 144 адамнан тұратын 11 мектеп қана ұйымдастырылған (ҚР ОМА, 1692: 2-4.).

Мектеп жасындағы оқушылармен қатар, ересектерді оқыту ісінде де олқылықтар орын алып отырған. 1936 жылдың екінші жартысының басындағы жұмыстың нәтижелері өте қанағаттанарлықсыз болғандығын байқаймыз. Осы жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша республикада орыс тілін білмейтін адамдардың тек 25,2% ғана мектептерге тартылған. Соның ішінде орыс тілін білмейтін азаматтардың 59,2 пайызы қамтылса, орыс тілін шала білетін адамдардың 72 пайызы мектептерге тартылған. Әсіресе аймақтар бойынша айтатын болсақ, Риддер - 25%, Семей - 66%, Ақтөбе - 19% азаматтары мектептерге тартылған. Ал осы аймақтар білім беру үдерісін 1936 жылы аяқтап қалуы тиіс болған (ҚР ОМА, 1692:12-14).

Қорытынды. XX ғасырдың 20-30 жылдары білім беру саласын дамыту ісі үлкен қарқынмен жүргізілді. Оған негіз болған большевиктер билігінің орнап, азаматтардың жаңа сапалық деңгейін қалыптастыру үшін қабылдаған қаулылары еді. Тек қазақ даласында ғана емес, бүтіндей Орта Азия жеріндегі қызмет етіп келген медреселер діни ілімді ғана оқытатын білім мекемелері ретінде бағаланып, патша үкіметі тұсында ашылған мектептер жаппай жаңа зайырлы білім беру ісін ұйымдастыратын мектептерге ауыстырыла бастады. Рас алғашқы жылдардан-ақ көзделген мақсатқа жетуге кедергісін келтіретін факторлар айқын байқалды. Оның басты себебі маман тапшылығымен тығыз байланысты еді. Сол себепті тез арада мұғалімдер даярлау курстарын ашып, мектеп жанынан мұғалімдердің кәсіби біліктерін көтеру ісі қолға алынды. Осы бағыттағы жұмыстарды барынша сапалы ету үшін мәселе Халық ағарту комиссары деңгейінде шешіле бастады. Алайда кейінгі оқиғалар көрсеткендей, қойылған мақсат пен анықталған жоспар іс-жүзінде орындала бермеді. Атап айтқанда жоспарланған әрі салынуы тиіс мектептер саны іс-жүзінде жоспардан әлдеқайда алыс болды. Тіпті мұғалімдерге арналған курстар да өзінің толыққандылығымен ерекшеленбеді. Тағы бір кедергісін келтіруші факторлар қатарында мектептердің материалдық-техникалық базаларының нашарлығымен байланыстыруға болады. Көптеген мектеп қарапайым үй жайларда білім беру үдерісін жалғастырса, олардың басым көпшілігі жөндеу көрмеді. Дегенмен ортақ жүйелеу жұмыстарында үлкен алға жылжушылық байқалды. Бірыңғай оқу күнтізбесі бекітіліп, оқушылардың білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру ісі сәтті қолға алынды. Жалпы Кеңестер билігі жылдарында орныққан жоғары деңгейдегі білім беру ісінің жетістіктерінің тарихи алғышарттары дәл осы XX ғасырдың 20-30 жылдары жүзеге асты деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- Елагин А.С. Социалистическое строительство в Казахстане в годы Гражданской войны (1918-1920 гг.). Алма-Ата. 1966. 187 с.
- Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932). Т.1. Алма-Ата. 1965. 239 с.
- Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА). 1692-қ., 1-т., 7-іс.
- ҚР ОМА. 1692-қ., 1-т., 26-іс.
- ҚР ОМА. 1692-қ., 1-т., 37-іс.
- ҚР ОМА. 1692-қ., 1-т., 101-іс.
- ҚР ОМА. 1692-қ., 1-т., 54-іс.
- Мажитаева Ш., Қалыбаева С.Б. XX ғасыр басындағы қазақша оқулықтардың тілі туралы // Қарағанды университетінің хабаршысы. №2(58). Қарағанды, 2010. 33-38 б.
- Народное просвещение КазССР. Сборник документов и материалов (1917–1939). Алма-Ата, 1957. 237 с.
- Рысбекова С.Т. Образование как фактор социальной модернизации традиционного общества (на примере Казахстана 1920-1930-е гг) // Вестник РУДН. №5. 2009. 319 с.
- Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. Алматы. 1967. 237 с.
- Таханова Р.С. К вопросу о развитии общеобразовательной школы в Казахстане 20-40-е гг. XX века // Известия Саратовского университета. Т10. Выпуск 3. 2010. 109 с.

References

- Elagin A.S. Sotsialisticheskoe stroitelstvo v Kazahstane v gody Grajdanskoi voyny (1918-1920 gg.) (Socialist construction in kazakhstan during the civil war (1918-1920). Alma-Ata, 1966. – 187 s. [in Russian]
- Kulturnoe stroitelstvo v Kazahstane. Sbornik dokumentov i materialov (1918-1932) (Cultural construction in Kazakhstan. Collection of documents and materials (1918-1932). T1. Alma-Ata, 1965. 239 s. [in Russian]
- Central State Archive Republic of Kazakhstan (CSA RK). 81-q., 3-t., 165-is.
- CSA RK. 1692-q., 1-t., 7-is.
- CSA RK. 1692-q., 1-t., 26-is.
- CSA RK. 1692-q., 1-t., 37-is.
- CSA RK. 1692-q., 1-t., 101-is.
- CSA RK. 1692-q., 1-t., 54-is.

Majitayeva Sh., Qalybaeva S.B. XX gasyr basyndagy qazaqsha oqulıqtardin tili turaly (About the language of Kazakh textbooks of the beginning of the XX century) // Karagandy universitetinin habarshysy. №2 (58). Karagandy, 2010. 142 b (33-38 b.). [in Kazakh]

Narodnoe prosveenie KazSSR. Sbornik dokumentov i materialov (1917–1939) (People's Education of the Kazakh SSR. collection of documents and materials (1917-1939). Alma-Ata, 1957. 237 s. [in Russian]

Rysbekova S.T. Obrazovanie kak faktor sotsialnoi modernizatsii traditsionnogo obshestva (na primere Kazahstana 1920-1930-e gg) [Education as a factor of social modernization of traditional society (on the example of kazakhstan in the 1920s-1930s)] // Vestnik RUDN. №5. 2009. 319 s. [in Russian]

Suleimenov R.B., Bisenov H.I. Sotsialisticheskii put kulirnogo progressa otstalih narodov (The socialist way of cultural progress of backward peoples). Almaty, 1967. 237 s. [in Russian]

Tahanova R.S. K voprosu o razvıtii obsheobrazovatelnoi shkoli v Kazahstane 20-40-e gg. XX veka (On the development of secondary schools in kazakhstan in the 20-40s of the xx century) // Izvestiia Saratovskogo universiteta. T10. Vpusk 3. 2010. 109 s. [in Russian]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_126

МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНДЕГІ АШТЫҚ ПЕН БОСҚЫНШЫЛЫҚ (1920 Ж. СОҢЫ - 1930 Ж. БАСЫ)

Құдайбергенова А.И.¹*, Байдалы Р.Ж.^{2*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

²А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. Қазақстан, Қостанай

*Автор-корреспондент

E-mail: akudaybergen@mail.ru (Құдайбергенова), rbaidali@mail.ru (Байдалы)

Түйіндемe. Мақалада архивтік дәйектемелер негізінде Маңғыстау өңірінің аумағын қамтыған 1929-1933 жылдардағы ашаршылық пен босқыншылықтың Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда ерте басталғаны айтылады.

Халық пен мал басының шығыны жайлы сол жылдардағы мәліметтерді салыстыра отырып, халық санының күрт төмендеуінің бір себебі - босқыншылыққа ұшыраған өңір халқының динамикасы да сөз болады. Өңірдің ашыққан халқын республика ішіндегі басқа аудандарға қоныстандыру шаралары да қолға алынды. 1929 жылдың көктемінде аймақтағы халықтың үштен бір бөлігі, шамамен 60 491 адам аштыққа ұшырады. Жан сауғалаған мыңдаған Маңғыстау халқы Түрікменстанға, одан ары Иранға жұмыс іздеп, шет жерлерге ауа көшті.

Қазақ Орталық атқару комитеті мен Қазақ үкіметі атынан округ басшылары Красноводскіге, Ашхабадқа Түрікмен Халық комиссарлар кеңесіне хат жолдап, жұтқа байланысты Түркменстан Республикасының солтүстігіне адалардың қыстап шығуына рұқсат беруін сұрайды. Малдан ада болған аштарға Түрікменстанның Мерв, Байрамалы, Таджен қалаларында уақытша тұруға және оларға кеңес, кооперация ұйымдарының көмек көрсетілуіне өтініш білдіріліп куәліктер беріледі. Алайда өңірдегі жағдайды анықтауға қатысты архив құжаттары республикалық билік органдарын жұтпен күрестен гөрі алдағы көктемгі егіс науқаны көп мазалағандығына толық дәлел бола алады.

Мақалада авторлар жаңа архивтік деректер негізінде Маңғыстау өңіріндегі ашаршылық пен босқыншылық тарихына терең бойлайды.

Кілт сөздер: күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, босқыншылық, босқындар, Маңғыстау өңірі.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: орналасуы мен бейімделуі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды

МРНТИ: 03.20.

ГОЛОД И ОТКОЧЕВКИ В МАНГИСТАУСКОМ РЕГИОНЕ (КОНЕЦ 1920-х - НАЧАЛО 1930-х гг.)

Құдайбергенова А.И.¹*, Байдалы Р.Ж.^{2*}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

²Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынова. Казахстан, г. Костанай.

*Автор-корреспондент

E-mail: akudaybergen@mail.ru (Құдайбергенова), rbaidali@mail.ru (Байдалы)

Аннотация. В статье на основе архивных материалов отмечается, что голод и откочевка 1929-1933 годов, охватившие территорию Мангистауского региона, начались раньше, чем в других регионах Казахстана.

Сравнительные данные об убыли населения и поголовья скота за те годы, доказывают, что одной из причин резкого снижения численности населения является откочевка, которая повлияла на динамику численности населения региона. Весной 1929 года треть населения региона, около 60 491 человек, голодало. Отмечается что были предприняты меры по внутреннему переселению голодающего населения региона в другие районы республики. Тысячи мангистаусцев в поисках работы переехали в Туркменистан, а затем в Иран.

КазЦИК в лице глав округа отправили в Красноводск, Ашхабад письмо в Совет Народных Комиссаров туркмен, с просьбой разрешения перезимовать адаевцам на севере республики. Голодающим, лишившихся скота казахам, будет предложено временно проживать в городах Мерв, Байрамалы, Таджен Туркменистана и оказывать им помощь. Однако документы, выявленные в архивах являются доказательствами того, что республиканские органы управления больше беспокоили весенне-полевые работы посева, нежели борьба с голодом и откочевкой.

В статье авторы на основе новых архивных документов углубляются в историю голода и откочевки казахов в Мангистауском регионе.

Ключевые слова: насильственная коллективизация, голод, откочевка, беженцы, Мангистауская область

IRSTI: 03.20.

FAMINE AND REFUGEES IN THE MANGYSTAU REGION (IN THE LATE OF 1920s-EARLY 1930s)

Kudaibergenova A.I.¹*, Baidaly R.Zh.^{2*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan.

²A. Baitursynov Kostanay Regional University. Kazakhstan, Kostanay

*Corresponding author

E-mail: akudaybergen@mail.ru (Kudaibergenova), rbaidali@mail.ru (Baidaly)

Annotation. Based on archival materials, the article notes that the famine and migration of 1929-1933, which covered the territory of the Mangystau region, began earlier than in other regions of Kazakhstan.

Comparative data on the loss of population and livestock for those years prove that one of the reasons for the sharp decline in population is migration, which affected the dynamics of the population of the region. In the spring of 1929, a third of the region's population, about 60,491 people, were starving. It is noted that measures have been taken to internally relocate the starving population of the region to other regions of the republic. Thousands of Mangystau residents moved to Turkmenistan in search of work, and then to Iran.

The Kazakh Central Executive Committee and the Kazakh government, represented by the heads of the district, sent a letter to the Council of Turkmen People's Commissars in Krasnovodsk, Ashgabat, asking for permission for the Aday tribe to winter in the north of the republic. Starving Kazakhs who have lost their livestock will be offered to temporarily reside in the cities of Merv, Bayramaly, Tajen of Turkmenistan and provide them with assistance. However, archival documents revealed in the archives are evidence that the spring field campaign was more concerned about the republican governing bodies than the fight against hunger and migration.

In the article, the authors, based on new archival documents, delve into the history of famine and migration of Kazakhs in the Mangystau region.

Key words: forced collectivization, famine, migration, refugees, Mangystau region

Кіріспе. Демографиялық апатқа ұшыратқан ашаршылық тарихи әдебиетте 1929-1933 жж. белгіленеді. Бірақ, архив құжаттары Қазақстанның кейбір аймақтарында бұл апаттың ерте басталғанын дәлелдейді. Мысалы, Маңғыстау жерінде 1927/1928 жж. қасындағы болған «Аққоян» жұтынан кейін-ақ халық аштыққа ұшырап, жан-жаққа босып, мал қырылып, адамдардың жаппай өлуіне жол берілді. Н

1929-1933 жж. жеделдетілген ұжымдастыру мен отырықшыландыру нәтижесінде ауыл шаруашылығында орын алған ашаршылық Қазақстанның барлық өңірлерін шарпыды. Халық пен мал басының ұжымдастыру нәтижесіндегі шығыны жергілікті жерлерде есепке алынып та отырды. Мысалы, көшпенді мал шаруашылығымен айналысқан Оңтүстік Қазақстан облысы Тереңөзек ауданындағы 14 ауылда 1930 ж. 9961 шаруашылықта 46,4 мың адам есептелсе, 1931 ж. шаруашылық саны 5858-ге, адам саны 27,4 мыңға түскен. 1932 ж. жағдай тіпті қиындаған – 4031 шаруашылықта 16,6 мың адам қалса, 1933 ж. 1 наурызында 1865 қана шаруашылықта 6,8 мың ғана адам қалған. Күн көріс көзі мал басы да күрт төмендеді: 1930 ж. 91,6 мың ірі қара мал басы болса, 1933 ж. 15 қаңтарында 70 түйе мен 234 жылқы ғана қалған. Мал басын төлік түрлеріне байланысты салыстырсақ та, егістік жердің көлемін алып қарасақ та апатты жағдайдық сандық көрінісі адам шошытарлықтай: 1930 ж. 16,9 мың

гектар жерге егіс егілген болса, 1933 ж. 6,9 мың гектар жер қалған. Үш жыл ішінде 7,8 мыңдай шаруашылық жойылған болса, 2,2 мыңдай шаруашылық ауданнан сыртқа көшіп кеткен (Қойгелдиев, 2009). 1930-1933 ж. аудандағы адамдар 85%-ға кеміді. Сондай-ақ, Жаңақорған ауданынан 1930-1933 жж. маусым аралығында 14,3 мың шаруашылық немесе барлық шаруашылықтың 82%-ы көшіп кеткен. Толық емес есеп бойынша 600 адам өлген (Қойгелдиев, 2009: 245).

Ақтөбе облысындағы жағдай да мәз болмады: 1930-1933 жж. арасында 62,9 мың шаруашылықтың 24 мыңы көшіп кетсе, олардың 9,1 мыңдайы қайта көшіп келген. Сол кезде құрамында болған Арал, Қостанай және Торғай аудандарының шаруашылықтары Ақтөбе облысы бойынша ең көп кеміген аудандар болды (Құдайбергенова, 2011: 185). 1930-1932 жж. жалпы Батыс Қазақстан облысы бойынша Төменгі Еділ және Орта Еділ өлкесіне, Түркменстанға 35000 шаруашылық, көшіп кеткен. Осы шаруашылықтардың 287-і Жаңақала ауданынан, тек 1930 ж. тамыз айы ішінде ғана көшіп үлгірген. 287 шаруашылықтың 176-ы немесе 61,3%-ы кедей-батрақтар, 100 шаруашылық немесе 35%-ы орташалар, тек қана 11 шаруашылық немесе 3,9%-ы ғана байлар. Ауданда 1928 ж. 48654 халқы бар 11453 шаруашылық болса, 1930 ж. 1 мамырда 47453 халқы бар 11160 шаруашылық қалған. 1930 ж. 15 тамыздағы мәлімет бойынша Талов ауданынан 4000 шаруашылық, Жәнібек ауданынан 27 тамызға дейін 1545 шаруашылық (26%), Сламихино ауданынан 26 тамызға дейін 400 шаруашылық, Жымпитыдан 1833 шаруашылық, Тайпақтан 639, Қаратөбедегі шаруашылықтардың 50% көшіп кеткен (Нәубет, 1990). Сондай-ақ, Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру мен аштық салдарынан үріккен Жем бойындағы халық Үстірт үстінен Қарақалпақ, Түрікмен жеріне қарай лықсып, ол кезде Қазақстанға қарайтын Қарақалпақ жерінде, Әмударияның төменгі сағасында «келімсек» ел атанып жүріп, 1932 ж. сұрапыл аштық кезін киеді (Жолдасов, 1991: 84-89).

Бірқатар бөлігі Қарақалпақ жеріне барып паналамақшы болды. 1925 ж. Қарақалпақ автономиялық облысындағы халық саны 298 мың адам еді: оның 128 мыңы – Әмударияның өз жағалауында және 170 мыңы – сол жағалауында тұрды. Жер-су реформаларынан кейінгі жасанды жұттан, 1932 ж. ауып келген босқындар есебінен Қарақалпақ жерінде халық саны өсіп, 372 мың адамға жетеді (Рысбеков, 2009: 84-88). 1933 ж. мамырда автономиялық облыстағы аудандар басшылығы мен Мемлекеттік саяси басқарма өкілдерінің есебі бойынша Қарақалпақ жеріне 47578 қазақ босқындары енген екен. Олардың ішінде 2357 панасыз балалар. Босқындар мұнда да қиыншылыққа тап болып, 1933 ж. Арал теңізі арқылы елге қайтпаққа әрекеттенді. Алайда, бұған олардың шамасы келмейді. Қарақалпақ ғалымдарының зерттеуі бойынша, 1934 ж. 1 наурызында мұндағы 48 мың қазақ босқындарынан 22 мың ғана адам қалады. Олардың 25 мыңы жұқпалы ауру, дерттен қаза болады. Тек Ходжелі ауданы бойынша ғана аштықтан көшеде 200 адамның бір айда өлгендігі жайлы дерек бар (Жолдасов, 1991: 84-89).

Ашаршылықтан туындаған босқыншылыққа қатысты үкімет кеш те болса босқындарға көмек ұйымдастырудың шараларын қарастырады. Сондай шараның бірі ашыққан халықты республика ішіндегі басқа аудандарға қоныстандыру еді. Мысалы, 1928 ж. желтоқсандағы мәлімет бойынша, бұрынғы Адай округында жұттан зардап шеккен шаруашылық саны шамамен 12 мыңдай болды. Оның ішінде 10 мың шаруашылық – орта-кедей шаруаныкі еді. Оларға тек шаруашылық көмек қана емес, сонымен бірге отырықшылыққа қолайлы басқа аудандарға көшіріп, 1-2 жыл ішінде отырықшылыққа үйрету қажет болды. Бұрынғы Адай округы халқына шаруашылық көмек көрсету комиссиясының ұсынысы бойынша 3 мың шаруашылықты Каспий жағалауына отырықшыландыру Гурьев округтық атқару комитетіне тапсырылды (Сырдария округына – 80, Красноводскіге – 500 шаруашылық). Жер мәселесімен айналысатын халық комиссариатының мәлімдеуі бойынша қоныс аударушыларға көмек ретінде 50 мың сом бөлінді. 1929-30 жж. бұрынғы Адай округындағы 2 мың шаруашылықты республика ішінде қоныстандыру, қалған қожалықтарды 1930-31 жж. қоныс аудару науқанына жоспарлады. 3 мыңдай қожалық Ақтөбе мен Орал округы аумағына көшуге тиіс болды (Құдайбергенова, 2011: 186). Бұл мәліметтер Маңғыстау өңіріндегі ашаршылық нәтижесінің негізгі нәтижелерін көрсетсе, ендігі жерде осы өңірдегі босқыншылық тарихына тереңірек тоқталайық.

Талдау. Маңғыстау өңіріндегі халықтың құрамындағы өзгерістердің тарихи факторларға байланысты өзгерістерге ұшырағандығын жекелеген зерттеушілер өз еңбектерінде көрсете бастады. Б.С. Жұмағұлов, К. Жаулин зерттеулерінде Адай округіндегі ұжымдастыру кезіндегі «Аққоян» жұты деген атпен берген 1927-34 жж. ашаршылық кезіндегі тарихи ахуалмен бірге, халықтың Өзбекстанға, Ресейге, Түркменстанға босуы мен өлім-жітім арқасында саны кемігендігіне байланысты мәліметтер бар.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан Маңғыстау тұрғын-дарының экономикасын тұрақты жейтін мал азығы қорының жоқтығынан оқтын-оқтын соғатын жұт жиі титықтатып кетіп отырды. Мысалы, 1795-96 жж. қысындағы жұттағы мал шаруашылығының күйзелісі, аштық пен балалар өлімі туралы мәлімет бар.

1851-52 жж. жұт, 1870-71 жж. «Ақжылқы» атағын алған жұт немесе 1891-92 жылғы Каспий сырты облысы бойынша 189 мың бас қой, 21 мың бас жылқы, 17400 бас түйені шығын қылған қоянның қысы немесе 1910-11 жж. ит жылының жұты, 1920-21 жж. сонымен бірге 1927-1928 жж. «Аққоян жұты» экономиканы күйзелтіп, халықты ашаршылыққа ұшыратып отырды. «Аққоян» жұтына тоқталайық.

1927 ж. жазындағы құрғақшылық және егіндік пен шабындық жерлердің көбін қарақұрым боп ұшып келген шегірткелердің отап кетуі қыстың қарлы боранына ұласты. Маңғыстау округынан отарлыққа жұттың келе жатқаны туралы жеделхаттар жібере бастады. Маңғыстау округтық атқару комитетінің төрағасы Ахмедов 1927 ж. жаз айларында-ақ Республика Халық Комиссарлар Кеңесіне,

Егіншілік Халық Комиссариатына; «үлкен жұт қаупі бар. Тез арада азық-түлік, жем-шөп жеткізіп алуымыз керек. Жергілікті бюджетті, кооперацияда қаржы жоқ. Үкімет көмегі керек...Үстірттен жем-жөп жеткізіп алмаса, мал аштан қырылады» – деп хабарлады.

1927 ж. 30 қарашасынан 1928 ж. көктеміне дейін жеделхаттар Қызылордадағы өкімет органдарына, Әзірбайжанға, Дағыстанға көмек сұрап жіберіліп жатты. Жұт зардабы ерекше Бозашы түбегі мен Қаракүм тұрғындарына ауыр тиді. 1928 ж. сәуір айында Бозашыда 3 мың отбасы малсыз қалды. Апат ауқымына назар аударсақ: Бозашыдағы 3 болыс малының 95% қырылды, бар болғаны 430 бас жылқы (5%), 360 (5,5%) түйе, 3700 (5,6%) ұсақ мал қалды.

1928 ж. күзіне дейін жұтқа ұшырағандар Форт-Александровск маңына, Қаракүмдағы Ойылға шұбыруда болды. 8965 отбасы баспанасыз, күнкөріс көзі жоқ, ашаршылыққа ұшырап, жан сауғалап босып кетті.

1928 ж. майында ғана Адай округындағы жұт зардаптарын жою және ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету үшін республика Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ өлкелік партия комитеті өзінің Төтенше екі өкілін (А. Ниязов пен И. Құлжановты) жіберді. Олар жағдайды тексерді, медициналық несиелік көмек көрсетуді ұйымдастырды. Бірақ, бұл да мардымсыз болды. Оған қоса, күн жылына іш аурулары көбейді. А. Ниязов аштарға көмек көрсету жөнінде жаңадан комиссия құрды, оның құрамына атқару комитетінің, тұтыну қоғамының, «Қосшы» одағының өкілдері енді. Жарты айға әрбір жан басына 1,4 фунт ет, 1,4 фунт жарма, аздаған шай мен қант (2 тиын) үлестіріп тұру тұтыну қоғамына тапсырылды.

Нақтылы көмек көрсетудің орнына, құрғақшылық (жұт) салдарларын жою жөніндегі өлкелік комиссия Н. Нурмақовтың төрағалығымен 1928 ж. наурызда өткен отырысында «Адай округы атқару комитетінен Халық комиссарлары Кеңесінде талқылау үшін жұтқа ұшыраған аудан тұрғындарының азық-түлікке сұранысы қандай мөлшерде екендігі туралы мәліметті телеграфпен хабарлау жүктелсін» - деген қаулы қабылдады. Мардымды жәрдем беріле қоймаса да, комиссия жұтқа ұшыраған аудандарда ет дайындауды күшейту жөнінде қатарластыра кезекті қаулы қабылдады. Мұның өзі қырылып жатқан адам өмірінен мемлекет мүддесін жоғары коюдан туындаған шара еді. Жалпы, республика үкімет орындарын жұтпен күрестен гөрі алдағы көктемгі егіс науқаны көп мазалағандығына Табылдиева О.Д. зерттеуіндегі архив құжаттары толық дәлел бола алады (Табылдиева, 2020: 18).

Маңғыстау халқы Түрікменстанға, одан ары Иранға жұмыс іздеп, шет жерлерге ауа көшті. Ашаршылық одан кейін бүкіл Қазақстанды қамтығаны белгілі.

Маңғыстаудағы ірі байларды тәркілеу 1929 жылы басталды. Бұл бағыттағы жұмыстарды Қазақстан өлкелік атқару комитеті мен өлкелік партия комитетінің 1930 жылғы 9 желтоқсандағы ауылдық кеңестерді қайта сайлау, байларға тойтарыс беру, кедей, жалшы топтарын құрып, малшыларды түгелдей колхоздарға ұйымдастыру және отырықшыландыру туралы міндеттерді атап көрсеткен 19 нұсқау хаты жеделдете түсті.

1929-30 жылдардағы ТОЗ, (жерді бірігіп өңдеу, шаруаны, өнімді бірлесіп өңдеу, жүргізу) қауымдастықтары құрылды, оларды бригадирлер басқарды. Қауымдастықтар таратылып, серіктестіктер құрылды.

Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1932 жылғы 12-наурыздағы «Қазақ еңбекшілері шаруашылығының отырықшыландыру жоспары» туралы қаулысы бойынша Маңғыстауда сол жылы 400 шаруашылық қоныстануға тиіс болды. Бұрын көшпелі өмір кешіп, еркін жүрген елді бір жерге топтастыру қателіктермен жүрді. Байларды тәркілеу кезіндегі асыра сілтеу кесірінен орта шаруаларда бұл тізімге ілігіп кетті. Ел ішінде наразылық, аштық, қашу, малын айдап түс-тұсына көшу сияқты халықтық бой көрсету толқыны көбейді.

1932 ж. Маңғыстау ауданында 14 ауыл шаруашылық артелі, 6 балықшы колхозы болды. Ауыл шаруашылық артелдірінің 10191 мүшесі, 16466 бас малы, 25 шөп шабатын машинасы, 94 соқа, 2 дән себетін техникасы болды.

Арғы жағы 1927-28 жылғы қоян жұты одан бергіде әр түрлі саяси қайшылықтар ықпалымен малдан айрылып, рухани қалжыраған халықты 1933 жылы бітік шыққан егін бір көтеріп тастады. 1937-38 жж. колхоздастыру жұмысы қатты қарқынмен қолға алынды. Бұрынғы артельдердің Жарғысы жетілдіріліп, колхоз болып аталды.

Маңғыстау өңірінің осы жылдардағы негізгі ахуалын осылайша суреттеуге болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік базасына Маңғыстау облысы архив қорларындағы, жарияланған архив деректері, естеліктер жинағы мен куәгердің естелігі негіз болды. Жұмыста Қазақстан Республикасы Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінен «Протоколы заседаний комиссий по оказанию помощи голодающим Адаевского уезда и документы к ним 10.06.-17.12.1928 г.» (ҚР МОМА, 15: 137), «Удостоверения и справки выданные Мангистауский райорбюро. Списки голодающих, уезжающих в сторону Туркмении. 03.01.1928-03.12.29 г.» (ҚР МОМА, 29: 142), «Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары)» (Қазақ, 1991), екі кітаптан тұратын «Адай көтерілісі, естеліктер жинағы мен Адай көтерілісі. Востание Адаевцев в 1931 году құжаттар жинағы» қолданылды (Адай көтерілісі, 2010.).

Қазіргі Қазақстан тарихы ғылымында жұт, ашаршылық, қазақтың ауа көшіп кетуі, қазақ босқыншылығы жөнінде шыққан еңбектер теориялық және методологиялық жаңа қырларымен толығуда. Әліде болса іргелі еңбектер керек. Тақырыпқа қатысты ұғымдар, анықтамалар, олардың

қазақ - орыс тіліндегі анықтамалары жүйеленген жоқ. Осы уақытқа дейін ғалымдар көрші республикаларға қоныс аударушылардың нақты санын, есептеп шығарған жоқ. Бұл маңызды ғылыми мәселені шешуде ашаршылыққа ұшырағандардың ұрпақтарынан алынған ауызша деректер мен жаратылыстану ғылымдарында қолданатын әдістер мен пәнаралық әдістерді қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері. Негізінен 1930 жылдардағы ашаршылық кезінде Орта Азия республикаларында қазақ босқындары пайда болса, көшіп кетудің басы Маңғыстау өңірінде табиғат апаты – жұт әсерінен ерте басталды. Маңғыстаулық зерттеуші Жанат Нұрмаханова: маңғыстаулықтар 1879-1880 жылғы «Үлкен қоянда», 1890-1891 жылғы «Ор қоянда», 1904-1905 жылғы «Ақ жылқыда», 1910 жылғы «Итте», 1918 жылғы «Жыланда», 1921 жылғы «Мешінде», 1924 жылғы «Доңызда» малының 50-60 пайызынан айрылса, 1927-1928 жылдың қысында 80-90 пайызға дейінгі малын жоғалтты. Өңірде аштықтан өлу фактілері орын алды. Патша билігі кезінде ашыққан елге тамақ үлесі беріліп, азды-көпті көмек ұйымдастырылған болса, голошекиндік билік елге қайырсыз болды (Адай көтерілісі, 2010^а:103). Олай дейтініміз Голошекин бастаған үкімет мүмкіндік бола тұра халықты аштықтан аман алып қалудың жолын қарастырған жоқ. Қазіргі таңда Маңғыстау өңірінде екі жылдың көлемінде жаңбыр аз түсіп, қыста қардың аздығы мал ұстаған шаруаға қиындық туғызуда. Сол бір зұлмат жылдардағыдай жұт қаупі төніп тұр. Сол себептен де ел болып мал баққан Маңғыстаулық шаруаларға көмек беру мәселесі алға қойылуда.

Шетелдік ғалым Сара Камеронның Маңғышылақ түбегіндегі аштықтың бірден бір себебі ұжымдастыру емес, құрғақшылық, жұт және партияның түрлі әрекеттерінің салдарынан алғашқы ұжымдастыруға дейін-ақ 1929 жылы аштыққа ұшырай бастаған еді деген тұжырымымен де келісуге болады.

Бұл кезде Адай уезінде 4 аудан болатын, жер көлемі шамамен 345000 шаршы шақырым, халық саны 190000 адамды құрады (Камерон, 2020:128). Оның құрамына Каспи теңізіне бойлай енетін Маңғышылақ түбегі мен ірі жартасты шоқылардан тұратын Үстірт қыраты кіретін. Аймақтың климаты қатаң болатын, қысы аязды, топырағы құнарсыз және ағын суы болмағандықтан тек шыңырау құдықты пайдаланатын. Міне сондай географиялық және экологиялық себептеріне байланысты бұл жерлерде Ресейдің еуропалық бөлігінің қарашекпенділері қоныстанған жоқ, тек кілем қазақ рулары тұрды. Жергілікті адай руларының өздеріне тән көшпенді өмір сүру салты болды. Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда бұл жақта жұт жиі болатындықтан отар мен табындағы малдан жұт кезінде 35-40 пайызға дейін тіпті ерекше жұт жылдары 80 пайызға дейін мал басының шығыны орын алатын. Кеңестік билік бұл мәселені біле тұра ешқандай шара қолданған жоқ.

1927 жылы бұл аймақта құрғақшылық болып, содан кейін іле-шала 1928 жылы жұт басталды. 1928 жылғы байлардың мүлкін тәркілеу науқаны мен республиканың солтүстік өңірлеріндегі астық өткізу шараларының күшеюіне байланысты адайлар малдарын астыққа айырбастай алмай, ас мәзірінің аса маңызды құрамына жататын тағамның түрінен қағылды. 1929 жылдың көктемінде аймақтағы халықтың үштен бір бөлігі, шамамен 60 491 адам аштыққа ұшырады. Жан сауғалаған мыңдаған халық маусымдық көші-қон кезінде ары – бері өтіп жүретін Түрікменнің жеріне өтіп, қашып кетті (Камерон, 2020:132-133 б).

Осы көшке себеп болатын жұтты мал баққан қазақ шаруасы білді. Мәселен Бозашы болысы ауылдарының бір топ өкілдері былай деп арыз жазды: «Осы болайын деп тұрған қыс-қоян. Атағы бүкіл дүниеге мәлім. Бұл талай елді тұқымсыз тастап, адамын жаяу шұбыртқан қызыл қоян. Жұт боларында алдыңғы жазы жауынсыз болып, шөп шықпай қалатын. Биыл да жағдай жақсы болмады, ақтабан болды. Көрі-құртаң мал өле бастады, басқа малдар да арық, күйсіз. Егер жерге екі елі қар түссе-көрінетін шөп жоқ. Енді не істеу керек? Тек жұтаудан басқа шара қалған жоқ. Сондықтан сізден елдің сұрауы мынау: осы жағдайды округтік атқару комитетіне хабарлап, бар малды түгел алып қалмағанмен, ең болмаса тұқым алып қалуға шара-қам етуді күтеміз. Осы арызды сізге тапсырып, содан кейін сіздің нендей қам жасағаныңызды бізге хабарлауды сұраймыз» - деп 1927 жылдың қазан айында жазған еді (Байдалы, 2020:3). Ел азаматтары елге көмек ұйымдастырудың жолын іздеді. Ресми билік өкілдеріне Қызылордадан бастап Мәскеуге дейін жедел хаттар жазылып көмек сұралды. Сыдық Жұбаев Форттағы биліктің атынан Республика орталығына жеделхат жолдап, 10 мың үйдің 3 айға Түркменстанға көшуіне рұқсат сұрайды. Мәселені Красноводск шеше алмайды, - дейді ол-Ашхабад пен Қазақ республикасының келісімі керек. Сондағы Красноводск пен Қарабұғаздағы қазақтарға нан бөлінсін (Адай көтерілісі, 2010^а:55) дегенді алға тартады.

1928 жылғы 19 наурыздағы Қызылордаға жөнелтілген жеделхатта енді мал емес адамдарды аштық тырнағынан арашалаудың амалдарын іздестіріп жатырмыз. Тамақтандыру пунктерін шұғыл ашу керек. Қалада аш балалар қаптап кетті дейді (Адай көтерілісі, 2010^а:56). Біз мұнан сол жылдардағы аштық зобалаңының қатты ушығып кеткенін көреміз.

1928 жылдың 25 шілдесіндегі Измамбетовтың милиция бастығына шұғыл жіберген жеделхатында 4 тамыздың сенбісінен бастап күнде таңғы сағат оннан аштыққа ұшыраған шаруашылықтардың санын көрсетіп мәлімет беруін сұрайды (ҚР МОМА, 15:10).

Форт-Александровскіде аштарды есепке алып, азық-түлік үлесін белгілеу үшін ерекше комиссия құрылды. Оның құрамына аудандық атқару комитетінің төрағасы бастаған бес адам-атқару комитеті өкілі, кооперациядан, «Қосшыдан» және «Жұтпен күрес» бюросының жетекшісі, республика орталығынан келген дәрігер М.Ниязов кірді. Тамақпен қамту кооперацияға тапсырылды. Комиссия

күн сайын мәжіліс өткізіп, қолда бар көмекті аштарға тең үлестіріп отырды (Адай көтерілісі, 2010^а:60).

Форттағы ашыққандардың жағдайы күн сайын нашарлай бастады. Дәрігерлердің айтуынша өлім көбейіп, эпидемия басталатынын айтып, тез арада шара қолданып, тамақтандыруды жақсартып, қайтарымсыз 15 мың сомды ашыққандарға жұмсап, аштықты тоқтату үшін жұтқа ұшыраған далалық шаруашылықтарға ай сайын несиеге 4 мың пұт үн мен азық-түлікті кредитке алудамыз дейді архив құжатында (ҚР МОМА, 15:12).

Шынында жұтқа ұшыраған қазақ шаруа қожалықтары, жан сақтау үшін фортқа ағылған. Күннен күнге жағдайдың қиындағанын округ басшысы Измағамбетовтың 1928 жылдың 29 шілдесінде Қызылордаға жіберген мәліметіндегі форттағы жағдайды баяндаған құжатынан көруге болады. Орыс тілінде жазылған бұл деректі түпнұсқадан сөзбе-сөз келтіре кетейік: «Сейчас находится форте 647 бедняцких хозяйств 2700 душ пострадавших джута. Единственной мерой помощи является достаточный отпуск хлебных продуктов для чего требуется минимум 18 копеек день человека за месяц 14550 рублей. Мнению врачей увеличилось смертность почве истощения возможна вспышка эпидемия. Необходимо теперь же принять энергичные меры улучшения питания. Все ранее от упущенные средства израсходованы о чем телеграфно сообщено Окрисполкому Уил отчета нет сейчас берем продукты кредит просим отпуске безвратного первое время тридцать тысяч на питание. Другого выхода нет. Отношении степняков пострадавших джута ходатайствуем ежемесячном отпуске сверх плана четыре вагона муки в виду недостаточности планового завоза. Решение телеграфьте» (ҚР МОМА, 15:14).

Қазақ Орталық атқару комитеті мен Қазақ үкіметі атынан округ басшылары Красноводскіге, Ашхабадқа Түрікмен Халық комиссарлар кеңесіне хат жолдап, жұтқа байланысты республиканың солтүстігін адайлардың қыстап шығуына рұқсат беруін сұрайды. Малдан ада болған аштарға Түрікменстанның Мерв, Байрамалы, Таджен қалаларында уақытша тұруға және оларға кеңес, кооперация ұйымдарының көмек көрсетуі сұралып, куәліктер беріледі. Бір құжаттың өзінде 139 адайға осындай рұқсат куәлік берілген (Адай көтерілісі, 2010:61).

Архивтегі сондай куәліктің біреуін түпнұсқада келтірсек: «Представитель сего граждан Мандистауского района (быв. Адайского)» Умирбай Кулмағамбетов действительно является голодающим беженцем, пострадавшим от джута в 1927-1928 году и находился на изживении государства с 1928 до второй половины 1929 года, следует с семейством 5 едок в стороны Туркменской СССР от станции Таджан Мерв и Байрам Али для временного проживания, что подписями и приложением печати удостоверяется». Бұл куәлікті 1929 жылдың 2-ші тамызында Гурев округі Маңғыстау ауданы Оргбюро төрағасы Сагандықов Жұмағали берген (ҚР МОМА, 29:57). Қарап отырғанымыздай малсыз Түркменстанға уақытша деп кеткендердің көпшілігі сонда қалып қойып, қазір еліміздің Маңғыстау облысына қайта оралуда.

Әр жұттан кейін халықтың кедей бөлігі көршілес обылыстар мен Орта Азия республикаларына көшіп кетті. 1908 жылғы жұттан кейін адайлардың біраз саны қазіргі Ирджар ауданында, Тәжікстанда (жиылы-көл жерінде), Байрам-Әли мен Дарга атада қоныстанды. 1917 жылдан бастап қазақтар Красноводск, Жебел, Байрам-Әли, Теджен, Чаркүй округына және Өзбекстанға қоныс аударды. Қазіргі уақытта олардың санын есептеу қиын. Красноводскіде 1000-ға жуық, Байрам Алиде – 500, Тедженде – 150 шаруа қожалығы болды. Ашыққандардың жаңа легі де (1927 жылғы жұттан кейін) талған аудандарға қоныстанады.

Сол сәттегі есеп көрсеткіші мынадай:

- 1) Красноводскіге (7 желтоқсанға) - 500 шаруашылық (оның ішінде 12 қоныс аударылды),
- 2) Теджене – 94 шаруашылық (оның ішінде 35 шаруашылық көшірілді),
- 3) Байрам-Әли–30 шаруашылық (оның ішінде 56 шаруашылық көшірілді),
- 4) Чикиттер (Сексеуіл дайындау) –50 шаруашылық,
- 5) Жебел станциясы (түз өндіру) – шамамен 50 шаруашылық,

6) Каспий теңізінің жағалауындағы Красноводскіден 45 шақырым жердегі Жуул (түз кені) жеріне де қоныстанды. Аштықтан зардап шеккендердің саны белгісіз, бірақ көсіпшілік басшысының айтуынша, кем дегенде 100 шаруа қожалығы келді.

7) бұдан басқа, Каркин округіндегі Түрікмен Жері Халық Комиссариаты (НКЗ) Бассағақарқын каналындағы жерге 26 шаруашылықты орналастырды.

Осылайша, Түркменстанға аштықтан бас сауғалап келген қазақтардың жалпы саны биыл 900 шаруашылыққа жетті. Ауа көшушілердің айтуынша, Түрікменстанға қоныс аударғысы келетін шаруашылықтардың саны өте көп, бірақ Түрікмен билігі Байрам-Алиге орналасуды сұраған 71 шаруашылыққа қабылдау жүргізді.

Қоныс аудару екі жолмен жүрді: теңіз және құрлық – кара бұғаз арқылы. Соңғыларында көп жағдайда 1-ден 10-ға дейін түйе болды. Олар тек нанның жоқтығынан көшіп келді. Ал, малдан айырылған адамдардың жағдайы әлдеқайда нашар болды. 1928 жылдың көктемінен бастап олар мемлекеттің асырауында болды және әрбір отбасыға екі фунт нан берілді. Жергілікті билік органдары жұмыс бере алмады. Астрахань процесінен кейін жеке балықшылар балық аулаудан бас тартып, ішінара Түрікменстанның Красноводск ауданына көшті. Балық аулау құралдары жоқ кедей-малшылар табыстан мүлдем айырылған-ды. Жергілікті билік органдары мен қоғамдық ұйымдар балық аулау артельдерін ұйымдастыруды жеделдетіп, олардың жұмысын жолға қоюы қажет еді.

Ауа көшкендерге қатысты көмек көрсету:

Ташкентте КСРО Ішкі сауда Наркомы уәкілдігі (Уполнаркомторг) арқылы: 5 пұт қара шай, 300 жүп ішік және 300 жүп азиялық резеңке галош алынды. Түрікмен ішкі сауда наркомы 2 тонна шаппақ қант жіберді. Азиянан арқылы нан және Түрікменсауда арқылы өнеркәсіптік тауарлар Красноводскіге ашыққандарға сату үшін жіберілді. Ай сайын 1 адамға қолма-қол есеп айырысу үшін 20 фунт үн беріледі, ал мұқтаж адамдарға Халық комиссарлар кеңесі (СНК) есебінен ішік пен голош беріледі. Өнеркәсіптік тауарлар кеш алынғандықтан әлі сатылған жоқ. Отбасына 1 фунт шай, 1 кило қант беру ұсынылады. Егер жаңадан аштыққа ұшырағандар келмеген жағдайда нан шамамен үш айға жетеді. Джебель (Красноводскіден 100 шақырым) станциясында орналасқан аштыққа ұшыраған босқындарға Красноводскіде жәрдем көрсетіледі. Теджен, Байрам-Әли және Шымшықтыдағы барлық ашыққандар Ирджар ауданына көшіріледі. Жұмысқа орналасқан, еңбекпен қамтамасыз етілген және мемлекеттік көмекке мұқтаж емес шаруа қожалықтар қалады (Адай көтерілісі, 2010⁶:129-131).

Сол уақыттағы жағдайдың қаншалықты ауыр болғанын архив құжаттарынан алынған деректер онан әрі айқындай түседі.

Алматыдан кетер алдында мен Қызыл крест басқармасының төрағасы жолдас Чумболовпен келіссөз жүргіздім. Менің сұрауларыма Чумболовтан ешқандай хабар жоқ. Егер Қызыл Крест қаражатты босатып, 1 дәрігерді жіберсе, қалған жұмысшыларды Красноводскіден табуға болады. Өйткені Форттан келгендер арасында жұмыссыз сауатты қазақтар жеткілікті.

Алдағы уақытта не істеу керек:

1. Джебель станциясындағы мұқтаж шаруа қожалықтар санын шұғыл анықтау.
2. Красноводскіден 45 версте орналасқан Куул түз өндіру кенінен мұқтаж шаруашылықтың санын анықтап, жұмыссыз аштықтан зардап шеккендерді Халық Комиссарлар Кеңесі есебінен Красноводскіге ауыстыруға тура келеді.

3. Форт-Александровскіге шұғыл барып, сол жерде жағдаймен танысып, жол бойында Петровскіге соғып не істерін білмей тұрып қалған шаруашылықтардың санын анықтап, Дағыстан АССР-іне орналастыру керек.

4. Аштыққа ұшыраған босқындарды анықтап, Красноводскіге көмек ұйымдастырғаннан кейін, 1930 жылдың 1 сәуіріне дейін олармен тұрақты жұмыс істеу үшін Алматыға 1 адамды іссапарға жіберу қажет.

5. Қызыл крест ұйымына Красноводск мен Янчи базарындағы ашыққандарға көмектесу үшін шұғыл қаражат жіберуді ұсынамыз.

6. Маңғыстаудағы барлық ұйымдарға Маңғыстау ауданында түз өндіруді ұйымдастыру, балық кәсіпшілігін шектеу және т. б. бойынша жұмыстарды күшейтуді ұсыну.

7. Ішкі және Сыртқы сауда Халық Комиссариаты (НКТОрг) арқылы дайындаушы ұйымдарға Форттың өзінде және алыс аудандарда мал дайындауды күшейтуді ұсыну.

8. Қоныс аудару басқармасына Адайдың кедей шаруа қожалықлықтарын Қазақстанның Орал және Ақтөбе округтеріне көшіру туралы мәселені әзірлеу ұсынылсын.

9. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жер өңдеу Халық Комиссариаты (НКЗема) мелиоративтік басқармасына Су ресурстарын және қар суларын пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында Маңғыстау ауданын зерттеу қолға алынсын (Адай көтерілісі, 2010⁶:129-132). Халық Кеңесі Комитеті және Қазақ өлкелік комитеті большевиктер партиясының төтенше уәкілі Құлжановтың Адай округіндегі көшіп кетушілер мен қайта көшіп келгендерге көмектесу жөніндегі қызметік хатынан Маңғыстау өңіріндегі аштық салдарынан босқынға ұшыраған халықтың жағдайын анықтауға болады.

Міне осы жұттың кезінде уақытша кеткен қандастарымыздың бір бөлігі қалып қойып Иран асып қазіргі таңда елімізге қайта оралуда. 1927-1928 жылдың қысында Маңғыстау өңірі малдан 80-90 пайызға дейін айырылды. Өңірде аштықтан өлу фактілері орын алды. Жұтаған елден бірнеше жылдың салығын малдай, ақшалай, астықтай, жүндей өтеуді талап етті. Халық ашықтан-ашық наразылық көрсетті, соңы қарулы қимылға ұласты.

Қазақстанда 1929-1931 жылдары 372 көтеріліс болды, оларға 80 мыңға жуық адам қатысты, бұл көтерілістің бәрі қайғылы аяқталды. Ал, оның соңы халықтың республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шетелдерге үдере көшуіне жалғасты. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281 230 шаруа қожалығы көшіп кетті, олардың елеулі бөлігі Қытай, Иран мен Ауғанстан жеріне ауып барды. Ашаршылық жылдары республика аумағынан тыс жерлерге барлығы 1 миллион 130 мың адам көшті, олардың 676 мыңы біржолата кетті де 454 мыңы кейіннен Қазақстанға оралды (Қозыбаев, 1998:243).

Ал, Маңғыстауда 1931 жылы халық түгелімен көтеріліске шықты. Батыс Қазақстандағы Маңғышлақ түбегінде небір кескілескен шайқастар өтті. 1929-1931 жылдар аралығында түбектің бір өзінде ғана он бес мың көтерілісші қатысқан он бес жеке қарулы қақтығыс орын алды. Қарулы қақтығыстар жалғасқан сайын, мыңдаған қазақтар Түркменстанға қашып, тіршілік бәсеңдеп, түбек қаңырап бос қалды (Камерон, 2020:142).

Адай руы басым Маңғышлақ өңірінде Алматы билігі өзге тактиканы қолданып көрді. Басшылар бүлікті басу үшін түбекке Адай руынан шыққан партия мүшелерін жіберді. Республиканың Халық ағарту ісінің комиссары Сейтқали Меңдешев көтерілісшілермен келіссөздер жүргізіп, Түркменстанға ағылған босқындар легін тоқтатуға тырысып жатқанда, Төлесін Әлиев көтерісшілерге қарсы Қазақ атты әскер дивизиясына басшылық етті. 1931 жылдың соңын ала Маңғышлақ көтерілісі түншықтырылды. Ол республикада басылып-жаншылған ең соңғы ірі көтерілістердің бірі болатын

(Камерон, 2020:144).

Қарулы қақтығыс алғашқыда аштықтан туындаған, ол халықтың жаппай шұбыра қоныс аудару процесін асқындырып жіберді. Аштықтан қиналғандар салық төлеуден қашты. Көтерісшілер бас сауғалап көршілес республикаларға өтіп кетті. Осы дариядай толқыған халық қозғалысы бір-біріне ұқсамайтын түрлі топтардың қосындысынан құралған еді. Бас көтергендердің арасында өздерінің үйреншікті маусымдық көші-қонның қамымен жүрген көшпелілер, аштықтан жан сауғалап шұбырған босқындар және Қызыл Армияның қуғынынан пана іздеген ереуілшілер болатын (Камерон: 2020:144).

1930 жылы көшіп кету қозғалысына 34 977 қожалық қатысты. 1931 жылы толық емес мәліметтер бойынша 45 000 шаруа қожалығы көше бастады. Айта кететін бір мәселе – бұл мәліметтер республикадан тыс көшіп кеткендерді ғана емес, сондай-ақ өлкенің өз ішінде туған жерден қозғалып, босқындар қатарына қосылғандарды жалпы түрде көрсете алады. Яғни орта есеппен алсақ, жоғарыдағы 1931 жылғы босқындар жолына түскен қазақ шаруаларының жалпы саны 225 000 адамдай болып шығады (Омарбеков, 1997:257).

Ал, енді осыншама босқындардың қайда және қаншасы көшіп кеткенін дәлме-дәл анықтау тіптен мүмкін емес. Өйткені қоныстарынан ауа көшушілердің едәуір бөлігі белгілі бір аймақта тұрақтап қалмай, үздіксіз босып, сенделумен болған. Дегенмен бұл мәселенің көлемін және негізгі бағыттарын шамамен болса да айқындап беретін тарихи деректер баршылық. Жоғарыда айтылған Қаражат халық комиссариатының Өлкелік партия комитетіне берген 1931 жылғы 5 тамызға дейінгі мәліметінде босқындардың қайда көшіп жатқаны нақты көрсетілген. Мұнда 27 ауданның ғана мәліметі есептеліп, ал қалған 47 ауданнан әлі мұндай деректер түсе қоймаған кезең бейнеленген. Бұл дерек босқыншылыққа ұшыраған қожалықтар сандарын ғана емес, тіптен олар айдап әкеткен мал басы сандарын да шамамен есепке алғандықтан да тарих үшін құнды.

Кесте 1 Қазақстандық босқындар жат өлкелерге және аймақтарға босып кетуі:

	Босқындар барған жерлер	Босқын қожалықтары	Олардағы мал басы
1	Өзбекстанға	1346	187909
2	Түрікменстанға	7371	319725
3	Тәжікстанға	1767	88350
4	Қырғыз республ.	1031	33595
5	Қ.А.О.	2355	112621

Кестеден аңғарылатын нәрсе, қазақ босқындары негізінен Түркменстан республикасына қоныс аудара бастаған (Омарбеков, 1997:257).

Мұның өзі 1930-1931 жылдары еліміздегі азық-түлік дағдарысының шектен шыққанын көрсетеді. Амалдың жоқтығынан аш қарынға талғажу іздеген республикадағы қазақ халқы босып кетіп, атамекенін тастап кетті. Босқындардың дені қазақ ұлтының өкілдері болды. Салыстырмалы түрде РСФСР-ға қарасты қазақтың Ресей мен Орта Азия республикаларына қоныс аударғандардың ауқымы мен саны жағынан Кеңес Одағының батысындағы Белорусия мен Украинадағы аштықтан қашқан халықтан асып түсті. Қазақстандағы бұл дағдарыс Мәскеу билігі бақылауынан шығып кетті. Кестедегі мал басына тоқталсақ алғашқы кезде босқындар көшіп бара жатқанда өздерімен бірге мал-мүліктерін ала кетсе, ал одан кейін босқындарда мал-мүлік болған жоқ. Кестеде солтүстіктегі Ресей жері, Батыс Сібір мен орталық Еділ аймағы көрсетілмегенімен ашаршылықтың алғашқы кезеңінде яғни енді басталған 1930 жылы қазақ босқындары қазіргі Қазақстанның солтүстік, солтүстік шығысы осы өңірлерге көшсе, ашаршылықтың ушыққан кезеңі 1931-1932 жылдары қазақ босқындары өзбек, қырғыз және түрікмен жеріне ағыла бастады.

1932 жылы алапат ашаршылық Қазақстанда кеңінен таралғанда жағдай тіптен ауырлап, жоғарыдағы кестеде көрсетілген өлкелерге қазақтардың жаппай босулары орын алды. Исаев пен Орымбаевтың 1932 жылғы 11 мамырда Мәскеудегі Халық Комиссарлары Советі Молотов, Сулимов, Гринко, Яковлевке «Егіннің шықпай қалуына, қожалықтардың қоныстан ауа көшуіне, қоныс аударуына байланысты қажетті қаржыландыру шаралары туралы» мағлұмдама хатында 1931 жылы Қазақстанның басым көпшілігі, әсіресе Солтүстік және Батыс Қазақстанның барлық аудандарында егіннің шықпай қалуы, ауыл тұрғындарының азық-түлік жағдайы ауыр болуы және кулактар мен байлардың үгітінің әсерінен 1931 жылдың аяғы мен 1932 жылдың басында 1 ақпанға дейінгі дерек бойынша, «қоныстан ауу мен қоныс аудару есебінен кеміген қожалықтардың саны 300 мыңнан асып» кеткен (Қазақ қалай, 1991:109-110) Зерттеуші Талас Омарбеков: бұл орта есеппен алғанда 1 млн 500 мың адам деп тұжырымдайды (Омарбеков, 1997:258).

Ал, академик Манаш Қозыбаев 1930 жылы мен 1931 жылдың бірінші жартысында 280 мыңнан астам түтін, 1 млн, 70 мың адам босқындыққа ұшырады деп қорытындылайды (Қозыбаев, 1998:230).

Жоғарыдағы Исаев пен Орымбаевтың хатында қайта оралушы қожалықтарға салық салатындай олардың ештеңесі жоқ екенін ескеріп, олардың мойнындағы берешекті, барлық міндетті төлемдерді

түсіруді сұраған (Қазақ қалай, 1991: 112)

1932 жылы Батыс Қазақстанда көшіп кеткендермен жұмыс басталып, өлкелік, облыстық органдар көшіп кеткендерді қабылдау мен орналастыру бойынша жоспар құрды. Жоспар бойынша 6-8 мың шаруа қожалықты қайтаруды жоспарлады. 1932 жылдың 20 тамызында облысқа 9 264 шаруа қожалық 32 110 мың адам қайта оралды. Бірақ іс жүзінде көрсетілген көмек өз нәтижесін бермеді. Туған жеріне қайта оралған халыққа деген биліктің саясаты өзгерген жоқ. Сол себептен 1933 жылдың көктемінен қайта көшу басталды (Сдыков, 2004:226)

Босқыншылық 1933 жылдың шілдесіне дейін толастамай қойды. Осы жылдың мәліметтеріне назар аударсақ, бұған көзіміз айқын жетеді. Қазақстан үкіметінің 1933 жылы Мәскеуге берген осы мәселеге байланысты ресми есебінде мынадай жолдар бар: «1931-1933 жылдарғы салық есептері мәліметіне қарағанда, Қазақстан бойынша шаруа қожалықтардың жалпы саны 490 мыңға, ал село халқының саны 2,6 млн адамға кеміді. Оның үстіне Қазақстанда қалған қазақтар қожалықтарының аса үлкен бөлігі өздерінің бұрынғы мекендерінен ауа көшті...» (Омарбеков, 1997:258).

Бұл жөнінде РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге 1933 жылы 9 наурызда жазған хатында былай деп жазылды: «Шығыстағы Қазақстан өлкесімен көршілес көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер бойынша қазіргі қазақтар: Орталық Еділде – 40 мың адам, Қырғызстанда – 100 мың адам, Батыс Сібірде – 50 мың адам, Қарақалпақстанда – 20 мың адам, Орта Азияда – 30 мың адам шамасы. Көшпенділер тіпті Қалмақ жері, Тәжікстан, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерге де барған. Халықтың бір бөлігін байлар бастап Батыс Қытайға да көшіп барған. Қазақтардың орталық аудандарға қарай көшуі бірінші рет байқалып отыр. Бұл жәй көшу емес, аш адамдардың елеулі бөлігінің талғажу іздеп босуы. Көшіп кетушілер жекелеген аудандар бойынша аудан халқы жалпы санының 40-50 %-ына жетеді» (Қазақстан тарихы, 2010:216).

Жоғарыдағы деректен көріп отырғанымыздай республикадан тыс жерлерге босып кетушілер аз емес. Осы босып кетуші, ауа көшіп кетушілер Қазақстанның Маңғыстау өңірінде 1928 жылы басталса, Қазақстанның қалған өңірінде 1930 жылы жаппай қозғалысқа ұласты. Ал, 1931-1932 жылдары өзінің шарықтау шегіне жетті. Алғашқы кезде Маңғыстау өңірінде көшіп кетушілер жақсы ұйымдасқан ру, ағайын-туыс болып малымен көшті, әлділері Иран, Ауған және Қытай асты. Кейін ашарлық күшейген кезде жаяу-жалпы шұбыра босып кетті. Көшіп кету мен босып кетудің салдарына тоқталсақ, елде республика халқының жергілікті қазақ халқы азайып кетті және мал басы саны кеміп кетті. Сара Камеронның тұжырымынша: «аштықтан тарыққан адамдар өздерінің соңғы тұяғын сойып жеп жатқан кезде, республикадағы мал басы азайып, Қазақстанның Мәскеу мен Ленинградтың негізгі ет қоры ретіндегі мәртебесіне қауіп төндіре бастады. Шаруашылықтағы жегін малдың жетіспеуіне байланысты, ұжымшарлар егінді қолмен себуге, ал шенеуніктер республикадағы мал санын өсірмекке Қытайдан көп мөлшерде мал сатып алуға мәжбүр болды. Ақыр аяғында, Голошекин қалыптасқан ет пен астық тапшылығына кінәлі деп табылып, апатты жағдайдың бел ортасында қызметінен босатылып, оның орнына ұлтты армян Левон Мирзоян тағайындалды» - дейді (Камерон, 2020:165).

1929-1933 жж. аралығында Маңғыстауды да, республиканы да қамтыған ашаршылық (ұжымдастыру, тәркілеу, қуаңшылық және «асыра сілтеу» нәтижесі) зардаптары, мал, адам шығыны, репрессия, екінші дүние жүзілік соғыс алдындағы елдің саяси-экономикалық дамуы өңірдегі этнодемографиялық дамуға тікелей әсер етті. 1927 ж. жаздағы қуаңшылық пен шегірткенің жасыл шөп біткенді жоюы, 1927-28 жыл қысындағы қатты аяз, 1928 ж. көктемінде-ақ Маңғыстаулықтарды аштыққа ұшыратты, мал қырылды, адамдар аштық пен аурудан өлді, сондай-ақ, шетке ауа көшті. Маңғыстау өңірінде қаңыраған адамы жоқ ауылдар пайда болды. Қазақстаннан тысқары жақтарға көшу, жаппай босқыншылық 1935 ж. тиылды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі

- Адай көтерілісі. Алматы: Нұрлы әлем, 2010^а. 320 б.
- Адай көтерілісі. Востание Адаевцев в 1931 году: Сборник документов. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2010^б. Т. 2. 448 с.
- Байдалы Р.Ж. 1930 жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орта Азия Республикаларындағы қазақ босқындары // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 4(24). Қазан-желтоқсан, 2020.
- Жолдасов А.А. Демографические последствия коллективизации в Каракалпакии // Вестник КарФАН УзССР. 1991. №3. С. 84-89.
- Нәубет (Публицистикалық ой толғаулар). Алматы: Жалын, 1990. 448 б.
- Камерон Сара. Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Алматы: 2020. 305 б.
- Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане. Алматы: Искандер, 2009. 448 с.
- Қазақ қалай аштыққа ұшырады? (Қасіретті жылдар хаттары). Құраст. С.Әбдрайымов, И.Н. Буханова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Жағыпаров, В.П. Осипов. Алматы: «Қазақ университеті», 1991. 208 б.
- Қазақстан Республикасы Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві (ҚР МОМА) 15-қ., 1-т., 15-іс.
- ҚР МОМА. 17 қор, 1 тізім, 15 іс.
- ҚР МОМА. 17 қор, 1 тізбе, 29 іс.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010. 772 б.

- Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.
- Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры (1917-1991 жж.). Алматы: 2011: 416 б.
- Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Рысбеков Т.З. Батыс Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру зардаптары. Жаңақала көтерілісі // Қазақстан тарих ғылымының өзекті мәселелері: конференция материалдары. Алматы, 2009.
- Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. Алматы, 2004. 408 с.
- Табылдиева О.Д. XX ғасырдағы Маңғыстаудың даму тарихы. Ақтау, 2020. 107 б.

References

- Adai koterilisi. [The Adai rebellion] Collection of documents. Almaty, «Nurly Blem» 2010^a. P. 320. [in Kazakh]
- Adai koterilisi. Vostanie Adaevsev v 1931 goda: [The Adai rebellion. East of Adayevtsev in 1931:] Collection of documents. V.2. Almaty, «Nurly Blem» 2010^b. P. 448. [in Russian]
- Baidaly R.Zh. 1930 zhyldardahy asharshylyk kezindegi Orta Azia respublikalaryndahy kazakh boskyndary [Kazakh refugees in the Central Asian republics during the Famine of the 1930s.] // Scientific E-journal «edu.e-history.kz». № 4(24). October-December, 2020. [in Kazakh]
- Kameron Sara. Ashtyk zhailagan dala: asharshylyk, ozbyrlyk zhane Kenestik Kazakhstany ornaty [The Hungry Steppe. Famine violence, and the making of Soviet Kazakhstan]. Almaty: 2020. P. 305. [in Kazakh]
- Kazakh kalai ashtykka ushyrady: (Kasiretti zhyldar hattary), Kurast. [How the Kazakh was starving: (letters of the terrible years),] S. Abdraymov, I.N. Buhanova, E.M. Gribanova, N.R. Zhagyparov, V.P. Osipov. Almaty «Qazaq universiteti», 1991. 208 p. [in Kazakh]
- Kazakhstan tarihy (kone zamannan buginge deini). [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. Five volumes Volume 1. Almaty: Atamura, 2010. 772 p. [in Kazakh]
- Koigeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazakhstane [Stalinism and repression in Kazakhstan]. Almaty: Iskander, 2009. P. 448. [in Russian]
- Kozybaev M.K. Tarih zerdesi (Zamana asuy). [The study of history (the epitome of time)] Book 1. Almaty: Gylym, 1998. P. 344. [in Kazakh]
- Kudaybergenova A.I. Kazakhstandahy koshi-kon uderisterinin tarihi-demografialyk kyry (1917-1991 zhzh.) [Historical and demographic aspect of migration processes in Kazakhstan (1917-1991)]. Almaty: 2011: P. 416. [in Kazakh]
- Naubet (Publicistikalyk oi-tolgaular) [Naubet (Journalistic reflections)]. Almaty: Zhalyln, 1990. P. 448. [in Kazakh]
- Omarbekov T. 20-30 zhyldardagy Kazakhstan kasireti: K0mekshi oku kuraly. [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s: an auxiliary textbook]. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. [in Kazakh]
- Rysbekov T.Z. Batys Kazakhstanda auyl sharyashylygyn uzhymdastyry zardaptary. Zhanakala koterilisi [Consequences of collectivization of agriculture in Western Kazakhstan. Zhang Ali 's Rebellion] // Actual problems of historical science of Kazakhstan: conference materials. Almaty, 2009. [in Kazakh]
- State Archive of Mangystau Region Republic of Kazakhstan (SAMR RK). F. 15. In. 1. C. 15.
- SAMR RK. F. 17. In.. 1. C. 15.
- SAMR RK. F. 17. In. 1. C. 29.
- Sydykov M.N. Istoria naselenia Zapadnogo Kazahstana. [History of the population of Western Kazakhstan]. Almaty, 2004. 408 p. [in Russian]
- Tabyldieva O.D. XX gasyrdagy Mangystaudyn damu tarihy [The history of the development of Mangystau in the XX century]. Aktau, 2020. P. 107. [in Kazakh]
- Zholdasov A.A. Demograficheskie posledstviya kollektivizatsii v Karakalpakii [Demographic consequences of collectivization in Karakalpakstan] // Vestnik KarFAN UzSSR. 1991. №3. P. 84-89. [in Russian]

МРНТИ 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_136

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-1980-Е ГГ.: ЭТАПЫ, ПОСЛЕДСТВИЯ И ПРОБЛЕМЫ РЕАБИЛИТАЦИИ

Сактаганова Зауреш Галимжановна* 

Карагандинский Университет им. Е.А.Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда

* Автор-корреспондент
E-mail: zauresh63@mail.ru

Аннотация. Репрессии в Казахстане в советский период осуществлялись поэтапно, соответствуя основным направлениям социально-экономической и национальной политики партии и государства. В данной статье автор, анализируя репрессивную политику в советский период, выделяет 9 основных этапов репрессий в Казахстане, носивших массовый характер и затрагивавших не отдельных индивидов, а целые категории населения по соответствующему интеллектуальному, социальному, имущественному цензу или этнической принадлежности. Дана общая характеристика каждого из этапов, выделены особенности репрессивной политики в XX веке в Казахстане. Рассмотрены последствия, подняты проблемы реабилитации, выделены этапы реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане.

Ключевые слова: советская история, история Казахстана XX века, политические репрессии, этапы политических репрессий, проблемы реабилитации.

ГТАМР 03.20.

1920-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: ОҒАЛТУ КЕЗЕҢДЕРІ, САЛДАРЫ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Сақтаганова Зәуреш Ғалымжанқызы* 

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*Автор-корреспондент
E-mail: zauresh63@mail.ru

Түйіндемесі. Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы қуғын-сүргін партия мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асырылды. Бұл мақалада автор кеңестік кезеңдегі репрессиялық саясатты талдай отырып, Қазақстандағы репрессияның 9 негізгі кезеңін анықтайды, олар жаппай сипатқа ие және жеке тұлғаларға емес, тиісті зияткерлік, әлеуметтік, мүлкілік цензура немесе этникалық белгілері бойынша халықтың барлық санаттарына әсер етті. Әр кезеңге жалпы сипаттама беріліп, Қазақстандағы XX ғасырдағы репрессиялық саясаттың ерекшеліктері айқындалды. Оның салдары қаралды, оғалту проблемалары көтерілді, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау кезеңдері айқындалды.

Кілт сөздер: кеңес тарихы, XX ғасырдағы Қазақстан тарихы, Саяси қуғын-сүргін кезеңдері, саяси қуғын-сүргін кезеңдері, оғалту мәселелері.

IRSTI 03.20

POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN IN THE 1920-1980: STAGES, CONSEQUENCES AND PROBLEMS OF REHABILITATION

Saktaganova Zauresh Galimzhanovna* 

Karaganda University named after E. A. Buketov, Republic of Kazakhstan, Karaganda

*Corresponding author
E-mail: zauresh63@mail.ru

Abstract. Repressions in Kazakhstan during the Soviet period were carried out in stages, corresponding to the main directions of the socio-economic and national policy of the party and the state. In this article, the author analyzing the repressive policy during the Soviet period and identifies 9 main stages of repression in Kazakhstan, which were of a mass nature and affected not only individuals, but entire categories of the population according to the corresponding intellectual, social, property qualification or ethnicity. The general

characteristics of each of the stages are given, the features of the repressive policy in the twentieth century in Kazakhstan are highlighted. The consequences are considered, the problems of rehabilitation are raised, the stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan are highlighted.

Key words: soviet history, the history of Kazakhstan of the twentieth century, political repression, stages of political repression, problems of rehabilitation.

Введение. Репрессии в Казахстане в советский период осуществлялись поэтапно, соответствуя основным направлениям социально-экономической и национальной политики партии и государства. Становление тоталитарной системы в советском государстве сопровождалось политическими репрессиями, носившими системный, плановый и массовый характер; они были беспрецедентными по масштабу, количеству репрессированных, охвату всех социальных категорий и групп населения. Тоталитаризм в стране советов посягнул не только на ограничение действий, поведения своих граждан, он ограничивал свободу мысли советского человека. Европейские исследователи, характеризуя тоталитаризм, отмечали: «Тоталитаризм посягнул на свободу мысли так, как никогда прежде не могли и вообразить... диктуется, что именно надлежит думать; создается идеология, которая должна быть принята личностью, норовят управлять ее эмоциями и навязывать ей образ поведения... Тоталитарное государство обязательно старается контролировать мысли и чувства своих подданных, по меньшей мере, столь же действенно, как контролирует их поступки...» (Оруэлл, 1989:245). Именно контроль над действиями, за свободой мысли, за чувствами «homosoveticus» стал основной задачей репрессивного механизма советского государства.

Образование, которое имели женщины в браке, выглядело следующим образом: «послевузовское профессиональное» – 11 человек (20,4%), «послевузовское незаконченное» – 2 человека (3,7%), «высшее» – 21 (38,9%), «незаконченное высшее» – 7 (12,9%), «среднее профессиональное» – 10 (18,5%), «среднее общее» – 3 (5,6%). В брак с корейцем вступают в основном женщины, имеющие среднетехническое образование и выше. Для стран с высокой экономикой (Россия и Казахстан) было характерно численное превосходство женщин с высшим и послевузовским образованием.

Таким образом, в брак с южным корейцем в основном вступают женщины стран СНГ с высоким уровнем образования. Они, как правило, из интеллигентной семьи, выросли в городской обстановке. Кроме того, напомним, что наличие высокого образования предусматривает старший возраст. Женщины повышают социально-экономический статус, они смогли построить карьеру, улучшить материальное

положение. Соответственно возраст их колеблется в пределах 30-36 лет. Хотя женщины, родившиеся в 1990-х, тоже могли получить высшее образование, но ещё не успели построить профессиональную карьеру. В академических работах был получен результат: иностранные женщины, выйдя замуж за корейских мужчин, имеют низкий уровень образования, низкий профессиональный статус и моложе в браке по сравнению с корейскими женщинами. Как мы считаем, выводы исследователей о тенденции иностранных жен в браке с корейскими мужчинами не иметь образования, не соответствуют ситуации с женщинами из стран СНГ.

В зрелом возрасте, когда женщина имеет высокий образовательный уровень, она может, как впервые заключать брак с южным корейцем, так и вступать в брак повторно. В обоих случаях такие женщины имеют определенный опыт социализации, самостоятельны, экономически самостоятельны и независимы. В период экономического кризиса такие женщины наиболее болезненно воспринимают трудные ситуации, однако ещё больше усилий прилагают для их изменения. Они не сидят на месте, могут забыть про свой социальный статус и бросить престижную работу врача или педагога и заняться бизнесом. Так, Екатерина из Узбекистана, которая имеет высшее образование по специальности «педиатрия», имеет стаж работы на участке – 5 лет, рассказывала: «Сначала у меня было все, а со смертью мужа все в жизни перевернулось. Я пахала (усердно работала), мне надо было кормить ребенка. По участкам этим детским врачом на мизерной зарплате... да ну, а ребенок растет... представляешь, я даже уже об этом (о браке – прим. автора) серьезно думала, надеялась, может с моим медицинским образованием у меня получится работать в госпитале или со знанием языков – работать переводчиком».

Ольга из России имеет законченную аспирантуру, но не защитила диссертацию, русская по национальности, свободно владеет английским и корейским языками, она тоже приехала в период кризиса. Гаухар из Кыргызстана: «Да, есть образование, экономическая специальность, полученная в нашем государственном университете в Бишкеке, но здесь диплом никому не показывала, потому что спроса нет». Вероника из Казахстана окончила школу с золотой медалью (знак, который давался тем, кто учился только на «отлично»). Это «позволило ей поступить в университет без экзаменов, она окончила педагогический институт в г.Талдыкорган».

Появление новых экономических возможностей, новых ценностей все чаще приводит к откладыванию брака для образованных женщин. Только достигнув уже статуса «старой девы» и обнаружив вокруг множество подруг, ровесниц, которые вышли замуж и имеют детей, они «готовы рассмотреть брак с южным корейцем».

Для некоторых женщин в период последних 10-15 лет стало более приемлемым родить ребёнка, как называют в народе, «для себя». Однако образованная женщина сначала рассмотрит все имеющиеся возможности для реализации своей женской миссии, своего предназначения. Возможно, она сначала подумает все же о браке. Тем более, в многонациональной стране, где межэтнические браки все чаще становятся обыденностью. А международный брак по статусу стоит выше брака с представителем другого этноса в пределах своей страны.

Для многих была характерна ситуация, когда «образованная женщина может более адекватно представлять возможности брачной жизни в Корее. Это не будет слепая «корейская мечта», основанная на «корейской драме». Кроме того, среди таких образованных женщин часто выявляются женщины, связанные с Кореей. Людмила из России закончила бакалавриат в Европе, а магистратуру в университете США по корееведению. Замира из Казахстана имеет незаконченное высшее образование, обучалась на корейском отделении казахстанского университета, на 3 курсе прошла языковую стажировку в Сеуле. Мадина из Казахстана имеет высшее образование, работала менеджером по проектам в южнокорейской переводческой компании сначала в Алматы, теперь в Сеуле.

Таким образом, они имеют более ясные представления о культуре страны своего брака. Часто это могли быть случаи, когда они либо изучали язык профессионально, либо уже его знали и работали с корейскими партнерами (это могла быть как крупная корейская компания, так и частные бизнесмены, например, по распространению корейской косметики или другого товара).

С начала 1990-х годов в странах СНГ начались политические и экономические преобразования, связанные с изменением форм собственности, переходом от советской, командно-административной системы общественного устройства к правовому, демократическому государству. Страны СНГ приступили к новому государственному строительству, во многом отказываясь от бывшего социалистического прошлого. Однако прежняя система взаимоотношений сохраняла свои устои в новых условиях либерализации социально-экономической системы. Государства стали переживать экономический кризис, многие оказались за бортом благополучной экономической стабильности в переходный период.

Таким образом, существует прямая зависимость удовлетворенности браком от изменения в материальном положении по сравнению с добрачным периодом. Те женщины, у кого улучшилось материальное положение, в большинстве были удовлетворены браком, (квалифицируя его как достаточно удачный или очень удачный) и составили 60% из тех, у кого улучшилось финансовая ситуация в Корее. Как было замечено, если финансовая ситуация «не изменилась» или «в какой-то степени ухудшилась», то женщины «как-то не совсем» или «так себе» удовлетворены, а также считают брак очень неудачным.

Виктория из Узбекистана считает, что вышла замуж по расчету, потому что желала в жизни еще лучшего, чем видела у себя дома. Муж работает водителем автобуса. Раньше он занимал более высокий статус, по ее словам, она ездила на служебной машине мужа в первый год после брака. Она оценивает свое материальное положение «так себе», не очень довольна браком, но уверена, что все изменится. Однако, в целом, ожидания от брака не оправдались. Считает проблемными вопросы социально-экономической жизни и разницу в культуре причинами не очень успешной жизни. Если бы выдался случай вернуть все, она бы выбрала в браке «совсем другого человека». Иногда она думает о разводе с мужем. Причинами развода назвала: корейскую гордость, материальные вопросы, безответственность по отношению к семье.

Мадина из России, оценивая пять лет, что живет в Сеуле, сказала, что материальное положение среднее (5 из 10), но при этом считает, что оно «улучшилось по сравнению с добрачным периодом». Замира из Казахстана считает, что жить будет только в Корее. Хотя она живет в маленьком городе, она может иногда выезжать в Сеул погулять с сыном. Оценивая свою жизнь, материальное положение, она все же засмушалась и сказала, что, в целом, жизнь по сравнению с Казахстаном особо не улучшилась, не изменилась». «Жить здесь не просто, это только кажется так, что все красиво. Мы все равно разные. Иногда хочется все бросить, но не могу. Сын очень любит папу, да и я уже не смогу жить в Казахстане. Но и с ним иногда очень сложно, что не выдерживаю». Татьяна из Казахстана: «Материальное положение сейчас на 3 балла из 10, я считаю, что положение ухудшилось. До брака я сама работала, а здесь – распоряжаюсь только тем, что мне выдают государство и муж».

Заключение. Выходцы из стран бывшего Советского Союза в большинстве случаев имели среднее профессиональное или высшее образование, низкий уровень владения корейским языком, высокую ориентацию на принятие корейского гражданства и менее болезненно воспринимали стереотипно негативное отношение к ним со стороны корейских граждан. Все это и формировало специфическое восприятие окружающей действительности, разрушение «корейской мечты», когда их социальный статус в Корее оказывается идентичен или даже еще ниже по отношению к их статусу в покинутой родине. Зачастую фактор экономических трудностей, социальных катаклизмов в странах постсоветского пространства заставляет мигрантов более снисходительно оценивать новый социальный статус в Южной Корее, так как уровень жизни в Корее в целом компенсировал уровень жизни конкретной семьи, куда попадала среднестатистическая невеста из стран постсоветского пространства.

Кроме того, в связи с актуализацией необходимости предотвращения рисков международных браков для выходцев из стран бывшего СССР, нами была выявлена связь демографических и социально-культурных характеристик с уровнем удовлетворенности браком женщин-мигрантов на примере женщин мигрантов из СНГ.

Таким образом, женщины стран СНГ в брачной миграции в Южной Корее «имеют специфические особенности» в браке с южнокорейскими мужчинами в силу разного менталитета, восприятия действительности, ожиданий, связанных с опытом становления личности в обществе постсоветского пространства.

Факторы притяжения и выталкивания сыграли свою роль в силу исторических событий на постсоветском пространстве, усугубленных экономическими катаклизмами и политической нестабильностью. Для стран СНГ брачная миграция является в некотором смысле потерей социального капитала. В брак в Южную Корею выехали в основном образованные женщины, высокую долю составили лица с послевузовским образованием. Судьбы этих женщин первые годы миграции испытывают большой риск развода. Мотивация брака у женщин часто заключается в «улучшении жизни и повышении материального благополучия». А стремление остаться в Корее, даже в случае развода, формирует когорту мигрантов СНГ, оказавшихся в условиях «выживания» на узком пространстве экономически процветающей Кореи.

Список литературы

Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М. Социально-культурное развитие и сближение наций в СССР на современном этапе. М.: Знание. 1972. 32 с.

Борзых Н.П. Межнациональные браки в СССР в середине 1930-х годов // Советская этнография. 1984. № 3. С. 101-112.

Бромлей Ю.В. Современные проблемы этнографии. М.: Наука, 1989. 420 с.

Брук С.И., Губогло М.Н. Двухязычие и сближение наций в СССР (по материалам переписи населения 1970г.) // Советская этнография. 1975. № 4. С. 18-32.

Бутенко И.А. Анкетный опрос как общение социолога с респондентами: Учеб.пособие для ун-тов. М.: Высш.шк. 1989. 176 с.

Гаджибалаев А.С. Национально-смешанные браки в Азербайджане и их роль в этнических процессах: Автореф. ... дис. канд. истор. наук. Баку, 1992. 19 с.

Гриценко В.В. Факторы устойчивости национально-смешанных и однонациональных браков: Автореф. дис. канд. истор. наук. М. 1989. 21 с.

Дробижева Л.М. О социальной однородности республик и развитие национальных отношений в СССР // История СССР. 1967. № 1. С. 67-82.

Евстигнеев Ю.А. Современные этнические процессы в Северном Казахстане (В аспекте динамики межнациональных браков). Автореф.дис. к.и.н. Ленинград. 1977. 25 с.

Ем Н.Б. Факторы выбора брачного партнера: теория и практика на примере зарубежных корейцев во 2-й половине XX века // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. 2012. №2 (59). С. 27-32.

Ем Н.Б. Мультикультурализм в Южной Корее: новый миф и реальность (случай брачных мигрантов) // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. 2013. №2(63). С. 15-19.

Ем Н.Б. Казахстан – территория эмоциональной легитимности // <https://assembly.kz/ru/news/kazakhstan-territoriya-emotsionalnoy-legitimnosti/>.

Ем Н.Б. Основные тенденции межэтнического брачного рынка в Южной Корее в 2000-е годы: факторы спроса и предложения для женщин Центральной Азии // Вестник КарГУ. Серия история, философия. 2013. №2(70). С. 9-17.

Emerson, R.M. Social Exchange Theory // Annual Review of Sociology. 1976. №2. P. 335-362.

Зборовский Г.Е. История социологии: современный этап: учеб. для вузов / Г.Е. Зборовский ; Гос. образоват. учреждение высш. проф. образования ХМАО – Югры «Сургут. гос. пед. ун-т»; Федер. гос. авт. образоват. учреждение высш. проф. образования «Урал. федер. ун-т им. первого Президента России Б. Н. Ельцина». 2-е изд., испр. и доп. Сургут [и др.]: РИО СурГПУ. 2015. 259 с.

Homans G.C. Social Behaviour: Its Elementary Forms. - Routledge & Kegan Paul. 1961. 404 p.

Калышев А.Б. Межнациональные браки в сельских районах Казахстана (по материалам Павлодарской области 1966-79 гг.) // Советская этнография. 1984. №2. С. 71-77.

Kim, A.E. Global Migration and South Korea: Foreign Workers, Foreign Brides and the Making of a Multicultural Society // Ethnic and Racial Studies. 2009. № 32 (1). pp. 70-92.

Lee, B.S.; Klein, J.L. Changing Trends in International Marriages between Korean Men and Southeast Asian Women, 1993–2013 // Asian Population Studies. 2017. №13(3). P. 226-249.

Lee, D.B. Marital Adjustment between Korean Women and American Servicemen // Kim, Hyung-chang; Lee, Eun Ho. Koreans in America: Dreams and Realities. Seoul. 1990. P. 112.

Murray, A.Y. Ilse Women and the Early Korean American Community: Redefining the Origins of Feminist Empowerment // Yong In Song, Ailee Moon. Korean American Women Living in two Cultures // Academia Koreana. 1997. P. 14-28.

Толстова Л.С. Национально-смешанные браки у сельского населения Каракалпакской АССР // Советская этнография. 1985. № 3. С.64-72.

Уалиева С.К. Тенденции межэтнических браков в Казахстане // Мир Большого Алтая. 2017. №3 (3). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tendentsii-mezhetnicheskikh-brakov-v-kazahstane>.

Уалиева С., Эдгар Э. Межэтнические браки, смешанное происхождение и «дружба народов» в советском и постсоветском Казахстане // <http://demoscope.ru/weekly/201207.php>.

URL http://www.esomar.org/uploads/public/knowledge-and-standards/codes-and-guidelines/ICCESOMAR_Code_Russian_.pdf.

URL https://egov.kz/cms/ru/articles/marital_status/marriage_with_foreigners.

URL Регистрация брака граждан Республики Казахстан с иностранными гражданами и лицами без гражданства// <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/30716>.

URL Statistics to Marriage Immigrants // <http://www.index.go.kr>.

Yem N., Epshtein St.J. Social Change and Marriage Patterns among Koryo Saram in Kazakhstan, 1937-1965 // Seoul Journal of Korean Studies. 2015. №28(2). P. 133-152.

References

Arutyunyan Yu. V., Drobizheva L. M. *Sotsial'no-kul'turnoe razvitiye i sbliizheniye natsij v SSSR na sovremennom etape* (Socio-cultural development and rapprochement of nations in the USSR at the present stage). M.: Znanie, 1972. 32 s. [in Russian].

Borzykh N. P. *Mezhnatsional'ny'e braki v SSSR v seredine 1930-kh godov* (International marriages in the USSR in the mid-1930s) // *Sovetskaya etnografiya*. 1984. № 3. S. 101-112. [in Russian].

Bromlej Yu. V. *Sovremennyye problemy etnografii* (Contemporary problems of ethnography). M.: Nauka, 1989. 420 s. [in Russian].

Bruk S. I., Guboglo M. N. *Dvuyazychie i sbliizheniye natsij v SSSR (po materialam perepisi naseleniya 1970 g.)* (Bilingualism and the rapprochement of nations in the USSR (based on the 1970 census) // *Sovetskaya etnografiya*. 1975. № 4. S. 18-32 [in Russian].

Butenko I. A. *Anketnyy opros kak obshcheniye sotsiologa s respondentami* (Questionnaire survey as a communication between a sociologist and respondents): *Ucheb. posobie dlya un-tov*. M.: Vyssh. shk. 1989. 176 s. [in Russian].

Gadzhibalaev A. S. *Natsional'no-smeshannyye braki v Azerbaidzhane i ikh rol' v etnicheskikh protsessakh* (Nationally mixed marriages in Azerbaijan and their role in the marriage process): *Avtoref. ... dis. kand. istor. nauk*. Baku. 1992. 19 s. [in Russian].

Griczenko V. V. *Faktory ustojchivosti natsional'no-smeshannykh i odnonatsional'nykh brakov* (Factors of the stability of nationally mixed and single national marriages): *Avtoref. dis. kand. istor. nauk*. M. 1989. 21 s. [in Russian].

Drobizheva L. M. *O sotsial'noj odnorodnosti respublik i razvitiye natsional'nykh otnoshenij v SSSR* (On the social homogeneity of the republics and the development of national relations in the USSR) // *Istoriya SSSR*. 1967. № 1. S. 67-82 [in Russian].

Evstigneev Yu.A. Sovremennyye etnicheskie processy v Severnom Kazakhstane (V aspekte dinamiki mezhnatsional'ny'kh brakov) (Contemporary Ethnic Processes in Northern Kazakhstan (In the Aspect of the Dynamics of Interethnic Marriages). Avtoref. dis. k.i.n. Leningrad, 1977. 25 s. [in Russian].

Emerson, R.M. Social Exchange Theory // Annual Review of Sociology. 1976. №2. P. 335-362.

Homans G.C. Social Behaviour: Its Elementary Forms. Routledge & Kegan Paul. 1961. 404 p.

Kaly'shev A.B. Mezhnatsional'ny'e braki v sel'skikh rajonakh Kazakhstana (po materialam Pavlodarskoj oblasti 1966-79 gg.) (International marriages in rural areas of Kazakhstan (based on materials from Pavlodar region 1966-79) // Sovetskayae'tnografiya. 1984. №2. S. 71-77 [in Russian].

Kim, A.E. Global Migration and South Korea: Foreign Workers, Foreign Brides and the Making of a Multicultural Society // Ethnic and Racial Studies. 2009. № 32 (1). pp. 70-92.

Lee, B.S.; Klein, J.L. Changing Trends in International Marriages between Korean Men and Southeast Asian Women, 1993–2013 // Asian Population Studies. 2017. №13(3). 226-249.

Lee, D.B. Marital Adjustment between Korean Women and American Servicemen // Kim, Hyung-chang; Lee, Eun Ho. Koreans in America: Dreams and Realities. Seoul. 1990. P. 112.

Murray, A.Y. Ilse Women and the Early Korean American Community: Redefining the Origins of Feminist Empowerment // Yong In Song, Ailee Moon. Korean American Women Living in two Cultures // Academia Koreana. 1997. P. 14-28.

Tolstova L.S. Natsional'no-smeshanny'e braki u sel'skogo naseleniya Karakalpakskoj ASSR (Nationally mixed marriages among the rural population of the Karakalpak ASSR) // Sovetskaya e'tnografiya. 1985. № 3. S. 64-72 [in Russian].

Ualieva S.K. Tendenczii mezhe'tnicheskikh brakov v Kazakhstane (Interethnic Marriage Trends in Kazakhstan) // Mir Bol'shogo Altaya. 2017. №3 (3). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tendentsii-mezhetnicheskikh-brakov-v-kazakhstane>.

Ualieva S., E'dgar E'. Mezhe'tnicheskie braki, smeshannoe proiskhozhdeniei "druzhbanarodov" v sovetskom i postsovetskom Kazakhstane (Interethnic marriages, mixed origins and "friendship of peoples" in Soviet and post-Soviet Kazakhstan) // <http://demoscope.ru/weekly/201207.php> [in Russian].

URL http://www.esomar.org/uploads/public/knowledge-and-standards/codes-and-guidelines/ICCESOMAR_Code_Russian_.pdf.

URL https://egov.kz/cms/ru/articles/marital_status/marriage_with_foreigners.

URL <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/30716> RegistracziyabragrazhdanRespubliki Kazakhstan s inostranny'migrazhdanamiiliczami bez grazhdanstva[Registration of marriage of citizens of the Republic of Kazakhstan with foreign citizens and stateless persons]

URL Statistics to Marriage Immigrants // <http://www.index.go.kr>.

Yem N., Epshtein St.J. Social Change and Marriage Patterns among Koryo Saram in Kazakhstan, 1937-1965 // Seoul Journal of Korean Studies. 2015. №28(2). P. 133-152.

Yem N.B. Faktoryi vyibora brachnogo partnera: teoriya i praktika na primere zarubezhnykh koreytsev vo 2-y polovine XX veka (Factors of choosing a marriage partner: theory and practice on the example of overseas Koreans in the second half of the twentieth century) // Vestnik KazNU. Seriyavostokovedeniya. №2 (59). 2012. S. 27-32 [in Russian].

Yem N.B. Multikulturalizm v Yuzhnoy Koree: novyy mif i realnost (sluchay brachnykh migrantov) (Multiculturalism in South Korea: a new myth and reality (the case of marriage migrants) // VestnikKazNU. Seriyavostokovedeniya. 2013. №2(63). S. 15-19 [in Russian].

Yem N.B. Kazahstan – territoriya emotsionalnoy legitimnosti [Kazakhstan is a territory of emotional legitimacy] // <https://assembly.kz/ru/news/kazakhstan-territoriya-emotsionalnoy-legitimnosti/>. [in Russian].

Yem N.B. Osnovnyie tendentsii mezhetnicheskogo brachnogo ryinka v Yuzhnoy Koree v 2000-e godyi: factoryi sprosa i predlozheniya dlya zhenshin Tsentralnoy Azii (Trends of inter-ethnic marriage market in South Korea in the 2000 's: supply and demand factors for women in Central Asia) // Vestnik KarGU. Seriya istoriya, filosofiya. 2013. №2(70). S. 9-17 [in Russian].

Zborovskiy G.E. Istoriya sotsiologii: sovremennyy etap: ucheb. Dlya vuzov (History of sociology: modern stage: textbook. For universities). / G.E. Zborovskiy; Gos. obrazovat. Uchrezhdenie vyssh. prof. obrazovaniya HMAO – Yugryi «Surgut. gos. ped. un-t»; Feder. gos. avt. obrazovat. Uchrezhdenie vyssh. prof. obrazovaniya «Ural. feder. un-tim. Pervogo Prezidenta Rossii B.N. Eltsina». – 2-eizd., ispr. I dop. – Surgut [idr.]: RIO SurGPU. 2015. 259 s.

«ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ» ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы^{1*} 

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент
E-mail: kokebayeva@gmail.com

Түйіндемесі. Мақалада «Түркістан Ұлттық Бірлестігінің» Еуропа елдеріндегі қызметі зерттелген. Бұл ұйымды бұрынғы Ресей империясындағы түркі халықтарының аса білімді және мәдениетті бөлігінің өкілдері құрған. Олардың Кеңес Одағындағы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының идеялық негіздерін жасауға қосқан үлесі зор еді. Кеңес Одағынан келген эмигранттардың Еуропадағы саяси қызметі «Прометей» Лигасы аясында жүргізілді. «Прометей» Ресей империясының бұрынғы отарлық аймақтарының дербес ұлттық ұйымдарының басын біріктірген саяси клуб тәрізді болды. Зерттеудің деректік базасы еуропалық архивтердің құжаттары мен материалдарынан құралған. «Түркістан Ұлттық Бірлестігінің» негізгі идеялары мен мақсаты Түркістанда кеңес республикаларының құрылуының альтернативасы ретінде қаралады.

Кілт сөздер: эмигранттар, Түркістан Ұлттық Бірлестігі, «Прометей» Лигасы, түркішілік, прометейлік қозғалыс.

МРНТИ 03.09.55

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ «ТУРКЕСТАНСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ» В СТРАНАХ ЕВРОПЫ*

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы^{1*} 

¹Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент
E-mail: kokebayeva@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается история деятельности «Туркестанского национального объединения» в странах Европы. Эта организация была создана представителями тюркской эмиграции, состоявшей из наиболее образованных и культурных слоев тюркских народов бывшей Российской империи. Они внесли большой вклад в разработку идейных основ национально-освободительной борьбы тюркских народов в СССР. Политическая деятельность эмигрантов из Советского Союза в Европе осуществлялась в основном в рамках Лиги «Прометей». «Прометей» представлял собой политический клуб, объединивший ряд самостоятельных национальных организаций бывших колониальных регионов Российской империи. Источниковую базу исследования составили документы и материалы европейских архивов. Основные идеи и цели «Туркестанского национального объединения» рассматриваются как альтернатива созданию советских республик в Туркестане.

Ключевые слова: эмигранты, Туркестанское национальное объединение, Лига «Прометей», тюркизм, прометеевское движение.

IRSTI 03.09.55

ACTIVITIES OF THE «TURKESTAN NATIONAL UNION» IN EUROPE*

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna^{1*} 

¹Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding Author
E-mail: kokebayeva@gmail.com

Abstract. The article discusses the history of the “Turkestan National Union” in Europe. This organization was created by the Turkic emigrants consisting of the most educated and cultural layers of the Turkic nations of the former Russian empire. They contributed greatly to developing the ideological basis for the national liberation struggle of the Turkic nations in the USSR. The political activity of emigrants from the Soviet

Union in Europe was carried out mainly within the framework of the “Prometheus” League. “Prometheus” was a political club that united a number of independent national organizations of the former colonial regions of the Russian Empire. The sources for the study - are documents and materials from the European archives. The main ideas and goals of the “Turkestan National Union” are viewed as an alternative to the creation of Soviet republics in Turkestan.

Key words: emigrants, Turkestan National Union, Prometheus League, Turkism, Prometheus Movement.

Кіріспе. Кеңестік кезеңдегі тарих ғылымында ресми саясатқа сәйкес келмегендіктен мүлде қарастырылмаған мәселелер жеткілікті еді, олардың бірқатары тәуелсіздік алған соң белсенді өзекті тақырыпқа айналды, ал кейбіреулері деректердің тапшылығына байланысты әлі күнге жан-жақты зерттелмей келеді. Осындай мәселелердің бірі – шетелде құрылған, Кеңес Одағындағы түркі халықтарының азаттық күресіне елеулі үлес қосқан «Түркістан ұлттық бірлестігінің» тарихы. Бұл мәселенің зерттелмеуі түркі эмигранттарын кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізгені үшін «отанын сатқандар» деп айыптаумен байланысты еді, сондықтан алғашқы зерттеулер тек тәуелсіздік кезеңінде ғана шыға бастады. 1996 жылы Мұстафа Шоқай мен шетелдердегі қазақ зиялыларының қызметін саралауға арналған халықаралық конференция өткізіліп, оған Қазақстан, Германия, Қытай және Моңғолия ғалымдары қатысты, мұның өзі эмигранттар арасындағы ірі тұлға Шоқай мұрасын зерттеуге мұрындық болды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу объектісі ретінде шетелде құрылып, әрекет жасаған «Түркістан ұлттық бірлестігі» ұйымының Еуропадағы қызметінің тарихы алынғандықтан деректер ретінде Польшаның Жаңа актілер архивінің және Б. Валигори атындағы Орталық әскери архивінің, Германияның Сыртқы істер министрлігінің Саяси архивінің және Одақтық архивінің материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің методологиялық негізі ретінде тарихи процестің дамуының синергетикалық бейнесі алынды. Ресей империясы тарихындағы бифуркация нүктесі болған революция кезінде дамудың альтернативтік мүмкіншіліктері пайда болып, саяси қайраткерлер алдында осы жолдардың біреуін таңдау қажеттілігі тұрды. Мақалада «Түркістан ұлттық бірлестігі» ұйымының қызметі Түркістанның осы кеңестік модельден бөлек альтернативтік даму мүмкіншілігі ретінде ұлттық дербес мемлекет құруды мақсат тұтқан, сол үшін шетелге эмиграцияға кеткен саяси қайраткерлердің іс-әрекеті ретінде қарастырылады.

Талдау. Қазақстандық зерттеушілер түркістандық эмиграцияның тарихын Мұстафа Шоқайдың Түркия мен Еуропадағы қызметімен байланыстыра зерттейді. Солардың ішінде Д. Қыдыралиев пен К. Есмағамбетовтың іргелі монографиялары осы мәселе тарихнамасындағы ірі құбылыс болды. Д. Қыдыралиевтің жұмысы түрік дереккөздерін және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын пайдалана отырып, биографистиканың жақсы дәстүрінде жазылған (Қыдыралиев, 2007). К. Есмағамбетовтың монографиясы Мұстафа Шоқайдың саяси және ғылыми қызметінің барлық аспектілерін қамтитын іргелі зерттеу болып табылады, онда Қазақстан Республикасы Орталық архивіндегі Шоқай қорының материалдары пайдаланылған (Есмағамбетов, 2008).

Шетелдік зерттеушілердің Түркістан ұлттық бірлестігінің тарихына зер салуы Г.ф. Менде мен П.ф.ц. Мюлен еңбектерінен басталды. Г.Менденің монографиясында Кеңес Одағындағы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы зерттелген (Mende, 1936). П. Мюлен Кеңес Одағындағы Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуде Еуропадағы түркі эмиграциясының қызметіне және шығыс легиондарының құрылу тарихына ерекше назар аударады (Mühlen, 1971). Біздің жергілікті зерттеушілердің еңбектері неміс зерттеушісі Патрик фон цур Мюленнің осы түрік тіліне аударылған, сондықтан көпшілікке қол жетімді кітабында берілген мәліметтерге негізделген. Бұл еңбек, әрине, құнды екені даусыз. Алайда, Мюлен архив материалдарымен қоса, Уәли Каюммен кездесіп, оның өз аузынан алған сұқбаттарға сүйенетінін, сондықтан Каюм мен Шоқайдың соғыс кезіндегі іс-әрекетін бағалауда тым субъективті ұстаным бар екенін ешкім ескермейді. Аталған тақырыптың шетел зертеушілерінің назарын аударған бір аспектісі – пантурандық және пантүркішілік идеялары. Я. Ландаудың бірнеше рет жаңа басылымдары болған еңбегінде пантүркішілік идеясы Түркиядағы түріктер мен Кеңес Одағындағы түркілер, сондай-ақ посткеңестік кезеңдегі тәуелсіз түркі мемлекеттері арасындағы қатынастар аясында зерттелген (Landau, 1995). Түркішілік идеясының негізгі қағидалары, түркішіліктің тураншылдықпен арақатынасы З. Гөкөліптің еңбегінде көрініс тапқан (Gükalp, 1968). Д.Х. Мейердің монографиясында Ресей және Осман империяларында пантүркішілік идеясының шығу тарихы, оның XX ғасырдағы эволюциясы жан-жақты зерттелген. Автор Ю. Акчураның, И. Гаспыралының еңбектерін, түркішіл бағыттағы қайраткерлердің жеке хаттарын, Ресей және Осман империясының архивтеріндегі материалдарды кеңінен пайдаланған (Meuer, 2014).

Түркістан тарихын көп зерттеген, соған орай оны айрықша жетік білетін түрік ғалымы Ахат Андиганның монографиясында түркішілдік идеясын басшылыққа алған шетелдегі түркістандықтардың тәуелсіздік жолындағы күресі зерттеледі. Автор түркістандық эмиграция тарихының трагедиялық сипатын, яғни, эмигранттардың өз халқының тәуелсіздігі жолындағы күресін шетел саясаткерлерінің өз мақсатына пайдаланғанын көрсетеді (Andican, 2007). Ең жаңа зерттеулердің қатарында Ш. Майнингтің монографиясы мен Х.А. Карасардың мақалаларын атауға болады. Ш. Майнинг Германиядағы мұсылмандардың тарихына және олардың елде болған саяси оқиғалардағы ролін зерттей отырып,

нацистердің ислам факторын пайдалануы аясында Түркістан ұлттық бірлестігі қызметінің кейбір аспектілерін де қарастырған (Meining, 2011). Х.А. Карасардың мақаласы 1925-1940 жж. Түркістан эмигранттарының қызметін талдауға және түркістандық ұлттық бірегейлік ұғымын қалыптастыруға арналған (Karasar, 2015). Бұл жұмыста сонымен қатар «Яш Туркестан» журналының Түркістан эмиграциясының идеологиясын сипаттайтын жарияланымдарына талдау жасалған. Алайда шетелдік тарих ғылымында Түркістан ұлттық бірлестігінің тарихы арнайы зерттеу нысаны болған жоқ.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанда және басқа ұлттық аймақтарда кеңес өкіметі жеңген соң ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрес шетелде жалғасты. Түркістан эмигранттарының «Түркістан ұлттық қоғамы» («Түркістан ұлттық бірлестігі») деп аталған ұйымы Түркістан автономиясының бұрынғы президенті Мұстафа Шоқай, Бұқар Халықтық Республикасының бұрынғы президенті Осман Қожа, Башқұрт автономиясының жетекшісі Зеки Уәлиди (Тоған) және басқа түркістандықтардың 1925 жылғы Стамбұлда өткізген жиында құрылды. Жиында халықаралық қауымды Түркістанда болып жатқан оқиғалардан хабардар етіп отыру, сондай-ақ Түркияға, Еуропаға, Иранға, Үндістанға және араб елдеріне эмиграцияға кеткен түркістандықтарды бір ұйымға біріктіру туралы шешім қабылданды (Karasar, 2015:181). Түркістанның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму мәселелері туралы хабарлар ұйымның 1927 жылдан бастап шығарылған «Yeni Turkistan», 1929 жылдан бастап жарық көрген «Yaş Turkistan» атты журналдарында жарияланып отырды.

«Түркістан ұлттық бірлестігін» басқаратын Орталық комитет құрамына Осман Қожа, Зеки Уәлиди (Тоған) және Мұстафа Шоқай кірді. Түркістан ұлттық бірлестігі қызметінің алғашқы кезеңінде-ақ башқұрттар мен бұқаралықтар арасында алауыздықтар бары байқалды. Мұның өзі Зеки Уәлидидің Осман Қожаны ұйымның басшылығынан ығыстырып, билікті өз қолына шоғырландыруына әкелді. Еуропада тұрған Шоқай ұйымның екі жетекшісінің өзара тартысына араласқан жоқ, алайда ұйымның бүкіл билігін қолына алған Уәлиди кейініректе Шоқайды да ығыстыруға тырысты. Уәлиди мен түрік ұлтшылы Хусейн Нихал Ациз бірталай уақыт Мұстафа Шоқайға қарсы күрес жүргізді. Олар Түркістан атауына қарсы болып, оны парсыланған түркі сөзінен шыққан деп, Түрік елі, Түрік жұрты деген атаулар ұсынумен қатар Шоқайдың төңірегіне біріккен түркістандықтарды «сарттар» деп атап, Түркістан қазақтарын өзбектерге қарсы айдап салды. Алайда Еуропадағы «Yaş Turkistan» журналының маңына топтасқан түркістандықтар «Түркістан» атауын және түркішілік идеясын негізге ала отырып, бүкіл түркістанның бірлігі, тұтас Түракістан идеясы жолында күресті. Жалпы алғанда түркістандық эмигранттық ұйымның жұмысына Зеки Уәлидидің Осман Қожаға және Мұстафа Шоқайға қарсы күресі мазасыздық әкеліп отырды. Шоқай эмиграциядағы саяси күштердің бірлігі қажет екендігін, ал өзара әртүрлі түсініспеушіліктер ортақ мақсатқа кесірін тигізбеуге тиістілігін үнемі ескертіп отырған. Мәселен 1930 жылы Заки Уәлидидің (Валидовтың) өз әріптестерімен қақтығысы кезінде ол Уәлидидің саяси көзқарастарын сынай отыра, оның ғылыми жұмыстарын жоғары бағалады. Польша үкіметі мен эмигранттар арасындағы байланыстарды іске асыратын қызметкер Шоқайдан Уәлиди мен басқа түркі эмигранттары арасындағы қақтығысты түсіндіруді өтінген. Шоқайдың 1930 жылы 27-мамырда жазған жауап хатында мынадай жолдар бар: «Валидовтың саяси мәселелер бойынша кейбір, шындықты айтсақ, көптеген пікірлерінің даулы екендігін біле отыра..., мен Валидовқа ғылыми сипаттағы мақалалар жазуға мүмкіншілік беруді жақтаймын. Ол ғажап эрудит, біздің тарихымымызды, этнографиямызды жақсы біледі, оның әрбір мақаласы аса құнды және басылымның мазмұндық әрін күшейте түседі, ...оның біздің халқымыз бен руларымыз туралы жазғандары аса құнды дүниелер. Валидовтың «татарды жеккөрушілік» және қазақтардың саяси мүмкіндіктерін асыра бағалаушылық сезімі ауруға айналған (сондай-ақ кейбір татарлар «валидовты жеккөрушілік» ауруына шалдыққан), ол өзбектерге, яғни, біздің еліміздің отырықшы бөлігіне қатысты скептицизм, ал кейде ашық түрде салқын қараушылық... көрсетеді. Оның бұл жеке «қасиеттері» саяси қызметінде де тым айрықша көрініс тапқан. Түркістандықтар мен татарлар арасындағы үнемі қайталанып отыратын түсініспеушіліктер осыған байланысты, сондай-ақ түркістандықтардың өздерінде қазақтар мен өзбектерге бөлінушіліктің болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл біздің болашақ саяси жұмыстарымыз үшін, біздің еліміздің болашағы үшін аса қауіпті жағдай. Валидов біздің еліміздің ескі тарихының жақсы білімпазы болғандықтан, әрине, ескі салттарды сақтап қалған тайпа ретінде қазақтарды көшпелі ата-бабалардың «ежелгі қазынасын» жоғалтып алған өзбектерден жоғары қояды. Жеке қасиеті бойынша жалпы прогресшіл Валидовтің (ол социалист-революционер... болған) бойында саясатқа келген кезде тарихшы-архивариус жоғары шығып кетеді. Ол өзінің мұрағаттық білімдерінің қуатты күшінің салдарынан саяси сауаттылықтың әліпбиін ұмытып кетеді. Сондықтан, менің ойымша, біздің Стамбұлдағы жолдастар оның ғылыми мақалаларын шын ниетпен қабылдайтын болар, олардың маңыздылығы және бізге қажеттілігі саяси мақалалардан әсте кем емес. Валидовты – ғылыми мақалалардың авторын – кезкелген адам құрметтейтін және жариялайтын болады, алайда Валидов – саяси мақалалар авторы – өте көп қарсылыққа кездеседі» (AANW, 10.6690:58-61). Осылайша ол түркі эмигранттары арасындағы кейбір кикілжіңді өршітпеуге, оларды бір ғана мақсат - Түркістанның азаттығы жолындағы күреске бағыттауға тырысты. Уәлидидің түркістандық эмигранттардың жетекшілеріне қарсы әрекетін «Прометейдің» демеушілері жеке «Башқұрт комитетін» құрумен бейтараптандырған тәрізді.

Еуропаға Кеңес Одағынан келген эмигранттардың саяси қызметі негізінен «Прометей» Лигасының аясында жүргізілді. Ресми атауы «Прометей (Ресей езгісіндегі халықтар Лигасы)»

болған бұл ұйым Түркістан, Украина, Белорусь, Әзірбайжан, Грузия, Карелия, Еділ-Жайық (Орал), Қырым, Коми, Солтүстік Кавказ, Дон, Кубань эмигранттарының ұлттық ұйымдарының басын қосқан саяси клуб тәрізді еді. (Кейбір қазақша еңбектерде бұл ұйымның атауы «Ligue Promethйе» және немісше атауы – «Prometheus-Liga» қазақшаға «Прометей» Лигасы болып аударылуға тиісті). «Прометей қозғалысының идеологиялық негіздері» деп аталған бағдарламалық құжатында бұл ұйым «өз халқын орыс құлдығынан азат етуге ұмтылған ұлт-азаттық ұйымдарының федерациясы» деген анықтама берген (AANW, 10.6693:70). «Прометей» Лигасы біртұтас ұйым емес, саяси клуб сияқты болғандықтан, өз құрамындағы партиялардың саяси көзқарастарын бір бағытқа түсіру міндетін қойған жоқ. «Прометейдің» басшы органына әрбір ұйымнан екі өкіл, соның ішінде түркістандықтар атынан Мұстафа Шоқай мен Осман Қожа кірді. 1926 жылдан бастап Парижде ұйымның «Прометей» атты орталық мерзімді басылымы шығарылды. Журналдың редакторы белгілі грузин саяси қайраткері Георгий Гвазава болды, редакция алкасы құрамына Әзірбайжаннан – Мир-Ягуб Мехтиев, Солтүстік Кавказдан – Ибрагим Чулик, Түркістаннан – Мұстафа Шоқай, Украинадан – Александр Шульгин кірді. Журнал бетінде Кавказ, Украина, Түркістан эмигранттарының мақалалары жарияланды. 1938 жылдан бастап, журналатауын өзгертіп «Прометей шолуы» («La Revue de Prométhйе») деген атпен шыға бастады, бұл кезде бас редактор А.Я. Шульгин болды. Сонымен қатар Берлинде шығатын «Ұағ Тьркistan» журналы және Румынияда, Польшада, Германияда шығатын жеке ұлттық басылымдары болды. «Түркістан ұлттық бірлестігі» ұйымының негізгі мерзімді басылымы «Ұағ Тьркistan» журналының 1-нөмірінде басылған Мұстафа Шоқайдың «Біздің жол» деген мақаласында осы басылымның мақсат-міндеттері көрсетілген: «Біз, Түркістанның тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз... Біз отанымыздағы Кеңес үстемдігінің ұлттық езгісіне қарсы күресіп жатқан миллиондаған түркістандықтардың бір шағын ғана бөлшегіміз...Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бүзбай, күшін әлсіретпей, “Жас Түркістан” беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» (Шоқай, 1929:1-2). «Ұағ Тьркistan» журналында кеңес өкіметінің ұлттық саясаты, ауылшарушылығын ұжымдастыру бағдарламасы, дін саласындағы шаралары қатал сынға алынды.

«Прометей» Лигасы Польша мемлекетінің басшылығына Юзеф Пильсудский келген соң құрылды, оны Польша үкіметі қаржыландырып отырған (ВА–МА, 6/65:17). Ұлт азаттығы жолында ғасырлар бойы талмай күресіп, бірінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылында ғана тәуелсіздігін алған Польшаның саяси қайраткерлерінің кеше ғана өздерін отарлық бұғауда ұстаған Ресей империясына қарсы Украина, Түркістан, Кавказ, Еділ бойы халықтарының азаттық күресіне мүмкіндігінше көмек беруге тырысуы, әрине, заңды құбылыс. Әзірбайжан ұлттық ұйымының мерзімді басылымы «Истиклал» поляк үкіметінің Ресей түркілеріне жылы қарауын былайша түсіндірген: «Жүз елу жылдан астам уақыт бойына Польшаның мүдделері түркі-мұсылман әлемінің мүдделерімен тоғысып жатты, өйткені екеуі де орыс империализмінен азап көрді және өздерінің тәуелсіз өмір сүруге деген заңды құқықтарын қорғау мақсатында оған қарсы күресіп келді» (AANW, 10.6692:15). Түркістан, Әзірбайжан, Кавказ және Украина эмигранттары Юзеф Пильсудскийді поляк халқының азаттық жолындағы күресінің көрінекті өкілі, ұлт мүддесін қорғаған мемлекет басшысы ретінде аса жоғары бағалап, құрмет тұтты. Ю. Пильсудский қайтыс болған кезде «Ұағ Тьркistan» журналының 1935 жылғы 67-нөмірінде басылған мақаласында Мұстафа Шоқай: «Пильсудский өз халқын азат ету жолында қажымай-талмай күрескен аса көрінекті қайраткер болумен бірге, ол орыс империализмі тепкісінде жатқан барлық халықтардың бостандық алу жолындағы күресіне оң көзқарасын ашық білдіріп келген бірегей мемлекет адамы еді. Кеңестік Ресеймен келісім жасағанда кеңестік Ресей шекарасының ішінде қалған жерлер туралы үкімет немесе ұйым атынан дау айтушы күштер өз жерінде тұрғызылмайтын болсын деген баптың келісімге енгізілуіне үзілді-кесілді қарсы болған мемлекет қайраткері де осы Пильсудский болатын», – деп жазды (Шоқай, 1935:29). «Прометей» клубының төрағасы профессор Смаль-Стоцкий Пильсудскийдің қазасына байланысты жиында сөйлеген сөзінде Пильсудскийдің «азат Польша» идеясын Ресей империясының қоластындағы барлық езілген халықтардың азаттығы идеясымен ұштастыра отырып, тәуелсіз Польшаның басшысы болған кезде езілген халықтарға көмек қолын созғанын атап көрсетті (AANW, 10.6692:89-91). «Прометей» Лигасына поляк үкіметі 1927 жылы 900 мың злотых, 1932 жылы 1145 мың злотых, 1939 жылы 900 мың злотых ақша бөлген (Snyder, 2005:74-75). Ұйымның жұмысын реттеп, оған кіретін барлық ұлттық ұйымдардың ынтымақтастығын қамтамасыз ету және поляк үкіметімен байланысын іске асыру мәселесімен Сыртқы істер министрлігі Шығыс департаментінің директоры Тадеуш Голувко айналысты.

1928 жылдың күзінде Түркия республикасында араб әліпбиін пайдалануға тиым салынды. Соған орай «Yeni Tьrkistan» журналы енді латын әліпбиімен шыға бастады. Зәки Уәлиди Т. Голувкоға жазған хатында «Yeni Tьrkistan» журналын латын әрпімен теру салдарынан бұл басылымның бағасы бірнеше есе қымбаттағанын, өйткені латын әрпімен терілген сегіз беттік мәтін араб әрпімен терілген жиырма беттік мәтінге тең болатынын, сондай-ақ аталған журналды Азияның араб әліпбиін қолданатын елдерінің халқы және ондағы түркі эмигранттары оқый алмайтындығын, тіпті Түркияның өзінде әлі латын әрпін жылдам оқитын адамдар аз екенін, сондықтан бұл журналды Стамбулда шығарудың қажеттілігі аз екенін хабарлады. Осы мәселе Түркістан ұлттық бірлестігінің 1929 жылы

Стамбулда болған жиынында талқыланып, «Ұағ Түркiстан» журналын Берлинге ауыстырып, оны шағатай тілінде араб әліпбиімен шығару туралы шешім қабылданды. Польшаның Түркиядағы елшілігіне хат жазылып, Польша Сыртқы істер министрлігі Шығыс департаментінің осы мәселеге қатысты дұрыс шешім қабылдауына септесу туралы өтініш жасалды (AANW, 10.6689:70).

«Прометей» Лигасы бірінші кезекте Кеңес Одағындағы бұрынғы «бұратана» халықтардың тәуелсіздікке ұмтылған арман-тілегін халықаралық ұйымдарға жеткізуге әрекет жасады. «Прометей» ұйымы Түркістандағы, Украинадағы, Кавказдағы жергілікті халықтардың азаттық алуына көмектесуді өтініп, Ұлттар Лигасына бірнеше рет хаттар жіберген (AANW, 126v.1588:118-120). Алайда Батыс елдері Түркістанға, жалпы ресейлік Шығысқа ұлт-азаттық күресінде көмек беруге асыға қойған жоқ. Өйткені жеңілген Төрттік Одақтың Шығыстағы отарлары мандаттық жүйе бойынша жеңімпаз елдерге бөлініп берілді, ал Антанта елдерінің Шығыстағы отарларының тәуелсіздігі туралы мәселе күн тәртібіне мүлде қойылған жоқ. Демек, Түркістан мен Кавказ евроцентристік әлемде Польша, Финляндия, Прибалтика және оңтүстік славян халықтарының қатарына қойылмай, отарлық Шығыс ретінде бағаланды. Австро-Венгрия мен Осман империясы құрамынан бөлініп кеткен жас мемлекеттер Париж бітім конференциясының шешімдерімен ұлттық егеменділігінің заңды түрдегі кепілдігін алды. Париж конференциясының ұйымдастырушы Антанта елдері Ресейдің отарлары Түркістан мен Кавказдағы халықтардың тәуелсіздігін алуына халықаралық кепілдіктер берген жоқ. Халықтардың өзін өзі билеу құқығы туралы мәселе Ұлттар Лигасының құжаттарында халықаралық-құқықтық сипатқа ие болған жоқ. Большевиктер қарудың күшімен бес жыл ішінде ұлттық күштерді талқандап, Ресей империясының ыдырауын тоқтатты. Бұл оқиғалар отандық және шетелдік зерттеулерде Ресейдегі азамат соғысы ретінде сипатталады. Ал шындығында Ресей империясын ыдыраудан сақтау үшін жүргізілген күрес – азамат соғысына жатпайтын, бөлекше құбылыс. Азамат соғысы – ақтар мен қызылдар арасында Ресейдегі өкімет билігін алу үшін жүргізілген қарулы күрес. Өзара күресіп отырған ақтар мен қызылдарға ортақ сипат – екі топ та Ресей империясын сақтап қалуды көздеп, Түркістанда, Кавказда, Еділ-Орал бойында, т.б. аймақтарда құрылған тәуелсіз ұлттық мемлекеттерге (немесе ұлттық автономияларға) қарсы күрес жүргізді. Азамат соғысында ақтарды жеңіп, өз билігін сақтап қалған большевиктер ұлттық мәселеде екіжүзді саясаты жүргізді. Бір жағынан, олар Ресей империясынан бөлініп кеткен және халықаралық аренада тәуелсіздігі мойындалған еуропалық жас мемлекеттерден басқа жерлердің барлығын қайта біріктірді де, Кеңес Одағын құрды. Екінші жағынан, барлық ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын жариялады. Бұл идеяны большевиктер әуелі Уақытша үкіметке, одан кейін «ақтарға» қарсы қарсы күресте жергілікті халықтарды өз жағына тарту үшін пайдаланды. Большевиктер өкімет билігін алған бойда жарияланған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясында» ұлттардың өзін-өзі билеу құқығының өрісі кең екендігі, олардың бөлініп шығып дербес мемлекет құруға да құқығы бар екендігі айтылды. Алайда іс жүзінде Кеңес Одағы бұрынғы Ресей империясының тікелей мұрагері болды, ұлттық автономиялар түгілі, одақтас республикалардың өзі айтарлықтай құқықтарға ие болған жоқ (кеңестік одақтас республикаларға қарағанда АҚШ штаттарының құқықтары әлдеқайда кеңірек болғанын еске түсірейік).

Ұйым сонымен қатар Кеңес Одағының ұлттық аймақтарында да жүргізіліп жатқан орыстандыру саясаты, тағы басқа әртүрлі шараларға наразылықтарын білдіріп, Ұлттар Лигасына хаттар жолдап отырған, осы әрекеті арқылы бұл ұйым Кеңес Одағының халықаралық беделіне нұқсан келтірген болуы да мүмкін. Кеңес өкіметінің ұлттық республикалардағы орыстандыру саясаты ұйымның бірқатар отырыстарында талқыланды. 1936 жылдың ақпанында ұйым орыстандыру саясатына қарсы күрестің жоспарын жасады. Онда эмиграциядағы ұлттық орталықтар Мәскеудің тіл мәселесіндегі саясатына қарсы наразылық меморандум жасап, оны Ұлттар Лигасынан осы мәселе бойынша арнаулы комиссия құруды сұраған өтінішпен бірге халықаралық ұйымның Хатшылығына жіберуге кеңес берді. Сондай-ақ «Прометей» жеке эмиграциялық ұйымдарды наразылық митингісін өткізіп, оның қарарларын да Ұлттар Лигасына жіберу қажеттігін насихаттады. «Түркістан ұлттық бірлестігі» және Әзірбайжан ұлттық ұйымы кеңес өкіметінің ұлттық тілдердің қолданылу аясын тарылта отырып, орыстандыру саясатын жүргізуіне қарсы наразылық білдірген мақалаларды Түркия баспасөзінде жариялап, түрік қоғамынан қолдау табуға тиісті болды (AANW, 10.6692:95-99). «Прометей» Лигасының төрағасы профессор Р. Смал-Стоцкий ұйымның атынан Польшаның Сыртқы істер министріне кеңес өкіметінің тіл мәселесіндегі зорлық саясаты туралы ресми хат жіберді (AANW, 10.6689:18-21).

«Прометей» Лигасы сондай-ақ эмигранттарға кеңес баспасөзінде жарияланған материалдармен, ғылыми әдебиетпен, кеңес өкіметі басшыларының әртүрлі мәжілістерде, сессияларда, партия конференцияларында сөйлеген сөздерімен танысуға мүмкіндік берді. Бұл жарияланымдарды, Кеңес Одағында басылып шыққан кітаптар мен мақалаларды сатып алуға ұйым қаржы бөліп отырды.

Түркі эмигранттары әртүрлі ұлттық ұйымдарға кірді, солардың ішіндегі ең ірісі Түркістан және Әзірбайжан ұлттық ұйымдары болды. 1929 жылдың мамырында Берлинде Түркістан, Еділ-Орал және Қырым ұлттық ұйымдары арасында ұлт азаттығы жолындағы күресті үйлестіру туралы келісім жасалды. Келісімде бұл ұйымдардың әрқайсысы өзінің ұйымдық дербестігін сақтайды, ортақ күресті үйлестіру үшін әр ұйымнан бір өкіл кіретін бюро құрады деп көрсетілді. Осы орталық бюроның мүшелері Парижде, Варшавада, Берлинде және Стамбулда құрылатын жеке бюролардың жұмысына жетекшілік жасайды. Осы аталған қалаларда бюроның француз, поляк, неміс, түрік тілдерінде мерзімдік басылымдары шығарылады (AANW, 10.6689:73-75).

Париждегі эмигранттық топтар 1934 жылы «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достық комитеті» деген саяси бірлестік құрды, оның президенті А.Я. Шульгин, вице-президенті М. Шоқай, хатшысы А. Атам-Алибеков болды (CAWiBW, I.303.4.5620:159-161). Комитет Парижде саяси мәселелерге арналған кездесулер өткізіп, оның мүшелері – саясаткерлер мен ғалымдар Кеңес Одағындағы Кавказ, Түркістан және Украинаның жергілікті халықтарының жағдайы, кеңес өкіметінің ұлттық саясаты туралы баяндамалар жасап отырды. Комитеттің өтінішімен мұндай шараларда баяндама жасап, дәрістер оқуға белгілі француз ғалымдары да келісімін беретін. 1935 жылы Комитет Парижде Француз Географиялық қоғамының ғимаратында Саяси ғылымдар институтының профессоры, «Ревю де дә Монд» журналының халықаралық мәселе бойынша тұрақты шолушысы Ренэ Пинон «Еуропалық шығыс пен Орта Азия халықтары міселесі» деген тақырыпта дәріс өткізді. Дәріс тыңдауға эмигранттар, француз парламентінің депутаты, жапон және поляк елшіліктерінің өкілдері келді. Президиумда А.Я. Шульгин, М. Шоқай және Әзірбайжан эмигранты А. Алибеков отырды. Р. Пинон Түркістан, Кавказ, Украинаның саяси жағдайын, жергілікті халықтардың азаттық қозғалысының тарихын сипаттай келіп, еуропалықтар Ресеймен жақсы таныс болса да, ондағы орыс емес халықтардың тарихын, арман-мүдделерін біле бермейтінін, мұсылмандармен, түркілермен Жюль Верннің әдеби шығармасы арқылы ғана танысқанын еске салды және большевиктер өкіметінің орталықтандыру саясатынан азап көріп отырған халықтар Франциядан қолдау күтетінін айтты. Дәріс соңында француз парламенті депутаттар палатасының сыртқы істер комиссиясының вице-төрағасы Эдуард Сулье профессор Р. Пинонға қызықты дәрісі үшін рақмет айтып, Ресейдің езілген халықтарының арманы орындалуына тілек білдірді (CAWiBW, I.303.4.5620:135-137). Түркістан ұлттық бірлестігінің Еуропадағы мүшелері еуропалық ғалымдармен және саясаткерлермен үнемі байланыс жасап тұрды.

Германияда түркістандықтар көп емес еді, олардың басым бөлігі 1922 жылы Бұқар Халық Республикасынан келген Германияға оқуға келген еді. Кейіннен Бұқар республикасының дербестігі жойылып, ол кеңестік Өзбекстанға қосылған соң, Берлиндегі Бұқар Халық Республикасының Мәдени қатынастар жөніндегі өкілдігі таратылған да, студент жастардың бірқатары Германияда қалып қойған (РА – АА, 901/61175:227). Олардың кейбірі «Ұағ Түркistan» журналының редакциясында жұмыс істеді.

